

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ж.З. Оралбаева, А.З. Арыстамбаева

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 338.1(075.8)

КБЖ 65.053я73

О 65

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
экономика және бизнес жоғары мектебінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының докторы, профессор м.а.

А.М. Байдильдина

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент ***Е.Д. Баишева***

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент ***С.Ш. Лапбаева***

Оралбаева Ж.З., Арыстамбаева А.З.

О 65 Экономикалық талдау негіздері: оқу құралы. – Алматы:
Қазақ университеті, 2014. – 134 бет.

ISBN 978-601-04-0521-9

«Экономикалық талдау негіздері» оқу құралы аталмыш пәннің типтік оқу бағдарламасына, кредиттік оқу жүйесіне негізделіп дайындалған. Оқу құралы экономикалық талдаудың теориялық сұрақтарын қамтиды, сол тақырыптар бойынша қысқаша дәрістер, өзін-өзі бақылау сұрақтары, тест тапсырмалары түрінде жинақталған.

Оқу құралы теориялық материалдарды толық түсініп меңгеруге, нақты тәжірибеде қолдануға, талдау және бағалауға, соның негізінде дұрыс таңдау жасауға, ұтымды шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Кітап жоғары оқу орындары мен коллеждердің студенттеріне, өз бетінше талдау негіздерін меңгеруге талпынған көпшілікке арналған.

ӘОЖ 338.1(075.8)

КБЖ 65.053я73

ISBN 978-601-04-0521-9

© Оралбаева Ж.З., Арыстамбаева А.З., 2014

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Талдау термині грек тілінен аударғанда зерттелетін объектіні осы объектіге тән құрастырушы бөліктерге, элементтерге жіктеу деген ұғымды білдіреді. Бұрын бөлшектенген элементтерді біртұтас етіп жинақтауды білдіретін синтез ұғымы талдаумен қатар қолданылады. Талдау және синтезді қолданбастан адамзаттың кез келген қызметін жүзеге асыру, ғылымның кез келген саласын дамыту мүмкін емес. Барлығымызға өз бетімізше түсінік қалыптастыруға, салыстыруға, үздік нұсқаны таңдауға, ұтымды шешім қабылдауға, сәйкесінше өз мақсатымызға табысты қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатын диалектикалық танымның басты әдісі талдау болып табылады. Талдаудың экономика саласындағы маңызы өте зор. Әрине, экономиканың дамуы оған әсер ететін барлық салалардың, оның ішінде саясаттың, қоршаған ортаның, әлеуметтік жағдайдың, мәдениеттің және басқаларының біртұтас жүйе ретінде табысты дамуын талап етеді.

Нарықтық экономикалық қатынастардың дамуы талдауды, алдымен, микродеңгейде, яғни жекелеген ұйымдар және олардың құрылымдық бөлімшелері бойынша жүргізуді талап етеді. Микродеңгейдегі талдау жеке ұйымның және осы ұйымды иеленушілердің, ұйым менеджерлерінің, жалпы еңбек ұжымының қаржылық-шаруашылық қызметінің мазмұнына қатысты жүзеге асырылады. Нақтылайтын болсақ, мұндай талдау арқылы бизнес-жоспарлардың негізділігі және орындалу барысы бағаланады, маркетингтік шараларға салыстырмалы баға беріледі, өндіру және өткізу мүмкіндіктері анықталады, қаржылық-шаруашылық қызметінің күтілген және нақты нәтижелері өзара салыстырылып бағаланады және сәйкес ауытқуды тудырушы факторлар ажыратылады, ұйымның жалпылама мүмкіндіктерін арттыратын, тәуекелін азайтатын резервтер айқындалады.

Экономикалық талдау негіздері пәнінің оқытылуы «Есеп және аудит» мамандығы бойынша біліктілігі жоғары мамандарды даярлаудың міндетті бөлігі болып саналады. Экономикалық талдауды теориялық және әдістемелік тұрғыда толық меңгеру

мақсатында «Экономикалық талдау негіздері», «Басқарушылық талдау» және «Қаржылық талдау» пәндері өзара ажыратылған. Талдау пәндері бухгалтерлік есепке қатысты пәндерден өз алдына бөлек тұрса да, олармен өте тығыз байланыста болады. Себебі кез келген талдау есептілікке негізделіп жүргізіледі. Осылайша, осы оқу құралы бухгалтерлік есеп және аудит саласында маманданушы студенттердің талдамалық қабілетін дамытуға, логикалық ойлау дағдысын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Оқу құралы жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттеріне арналған.

1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ПӘНІ, МІНДЕТТЕРІ, ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

- 1. Экономикалық талдау түсінігі, мазмұны, міндеттері, рөлі**
- 2. Экономикалық талдау пәні және объектілері**
- 3. Экономикалық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету**
- 4. Экономикалық талдаудың басқа ғылымдармен байланысы**
- 5. Экономикалық талдау түрлерін жіктеу және олардың ұйым қызметін басқарудағы рөлі**

1. Экономикалық талдау түсінігі, мазмұны, міндеттері, рөлі

Қоғамдық өмірде болып жатқан құбылыстарды талдаусыз оқып-үйрену мүмкін емес. Талдау грек тілінен аударғанда «бөлу, бөлшектеу» деген мағынаны білдіреді.

Талдау дегеніміз – құбылыстардың ішкі мәнін зерттеу мақсатымен оны құрамдас бөліктерге (элементтерге) бөлу. Мысалы, пайданың мәнін түсіну үшін, ең алдымен, оны алудың негізгі көздерін, оның көлеміне әсер ететін факторларды білу талап етіледі. Осы аталған мәселелер неғұрлым терең зерттелген сайын қаржылық нәтижелерді қалыптастыру процесін тиімді түрде басқаруға қол жеткізуге болады.

Бірақ талдаудың синтезсіз болуы мүмкін емес. Синтез грек тілінен аударғанда зерттелетін объектілердің бөлшектелген бөліктерін (элементтерін) біртұтас бөлікке біріктіру дегенді білдіреді. Мысалы, пайданы зерттеу кезінде оның көлемін қалыптастыратын факторлардың өзара байланысын ескеру керек, яғни талдау мен синтез біріккен кезде ғана белгілі бір құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеу қамтамасыз етіледі.

Экономикалық талдау – бұл экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін оларды құрамдас бөліктерге бөлу арқылы зерттейтін ғылыми тәсіл.

Экономикалық талдаудың пайда болуы бухгалтерлік есеп және баланс түсініктерінің пайда болу және дамуымен тікелей байланысты.

Экономикалық талдау өзінің ғылым ретіндегі теориялық және тәжірибелік дамуын нарықтық қатынастар дамыған кезеңде, яғни XIX ғасырдың екінші жартысында алды.

Экономикалық талдау пайда болуы мынадай қажеттіліктермен негізделеді:

1. Өндірістік күштердің дамуымен, өндірістік қатынастардың жетілуімен, өндіріс көлемінің кеңеюімен байланысты кешенді және жүйелі талдау жүргізудің қажеттілігі. Талдаусыз экономикалық процестерді басқару, сол арқылы басқару шешімдерін қабылдау мүмкін емес.

2. Жалпы, экономикалық ғылымдардың дамуымен байланысты. Бұрын экономикалық талдау қызметтерін бухгалтерлік есеп, қаржы, статистика атқарғаны белгілі. Осы ғылымдардың арқасында аналитикалық зерттеулердің қарапайым әдістері пайда болды. Бірақ бұл ғылымдардың дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам талаптарын қамтамасыз ете алмады, осыған байланысты экономикалық талдауды ғылымның бір саласы ретінде дамытудың қажеттілігі туды.

Экономикалық талдаудың мазмұны ұйымда басқару жүйесіндегі оның орны, рөлі мен атқаратын қызметтеріне байланысты ашылады.

Жоспарлаудың көмегімен ұйымның, оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі бағыттары мен мазмұны анықталады.

Есеп ұйымды басқару үшін қажетті ақпараттарды жинақтау, жүйелу және жалпылау жүйесі.

Талдау – бұл есеп пен басқару шешімдерін қабылдау арасындағы байланыстырушы звено болып табылады. Талдау арқылы есептік ақпараттар аналитикалық өңдеуден өтеді (нәтижелер салыстырылады, жіберілген қателер анықталады).

Талдау нәтижелері негізінде басқару шешімдері жасалады және негізделеді. Осыған байланысты экономикалық талдау ғылыми тұрғыдан негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін мәліметтерді дайындау қызметі ретінде қарастырылады.

Экономикалық талдаудың міндеттері:

1. Ұйымның нақты жағдайындағы экономикалық құбылыстар мен процестердің заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.

2. Ағымдық және перспективті жоспарларды ғылыми тұрғыдан негіздеу.

3. Жоспарлар мен басқару шешімдерінің орындалуын бақылау.

4. Ұйым қызметінің нәтижесіне объективті, субъективті, ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуін зерттеу.

5. Ұйымның тиімді қызмет етуін жоғарылату резервтерін іздестіру.

6. Ұйым қызметінің нәтижесін бағалау.

7. Кәсіпкерлік және қаржылық тәуекелділіктерді бағалау.

8. Анықталған резервтерді қолдану бойынша ұсыныстар жасау.

2. Экономикалық талдау пәні және объектілері

Әрбір ғылымның өзінің мақсаты мен әдістеріне сай зерттеу пәні болады. Экономикалық талдау пәні экономикалық құбылыстар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстары болып табылады. Ұйымның шаруашылық қызметінің себеп-салдарлық байланыстарын түсіну экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін түсінуге және сол арқылы қол жеткізілген нәтижелерді дұрыс бағалауға, өндіріс тиімділігін жоғарылату резервтерін анықтауға, жоспарлар мен басқару шешімдерін негіздеуге мүмкіндіктер береді.

Экономикалық талдау объектісі – шаруашылық қызметінің экономикалық нәтижесі. Мысалы, өндірістік ұйымдарда талдау объектісі өнімдерді өндіру мен сату, оның өзіндік құны, материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды пайдалану, өндірістің қаржылық нәтижесі, ұйымның қаржылық жағдайы болып табылады.

3. Экономикалық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету

Экономикалық талдау нәтижелілігі оның ақпараттық қамтамасыз етілуіне тәуелді болады. Экономикалық талдау үшін қажетті мәліметтер былай бөлінеді:

- нормативті-жоспарлы;
- есептік;
- есептік емес.

Нормативті-жоспарлы сипаттағы ақпараттарға ұйымда жасалатын жоспарлардың барлық түрлері, яғни перспективті, ағымдық, жедел жоспарлар, сметалар және т.б. жатады.

Есептік сипаттағы ақпараттар бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп пен есептілік құжаттарындағы барлық мәліметтерді қамтиды.

Экономикалық талдауды ақпараттық қамтамасыз етудегі маңызды рөлді бухгалтерлік есеп пен епсетілік алады. Онда бар-

лық шаруашылық құбылыстары, процестері және олардың нәтижелері көрініс табады. Алғашқы және жиынтық есептік регистрлер мен есептіліктердегі мәліметтерге дер кезінде жасалған талдау жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Сандық сипаттағы статистикалық есеп мәліметтері экономикалық заңдылықтардың өзара байланыстарын терең зерттеу үшін пайдаланылады.

Оперативтік есеп статистикалық және бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстырғанда экономикалық талдау неғұрлым жедел мәліметтермен қамтамасыз етеді, мысалы, өндірілген және сатылған өнімдердің саны және т.б.

Есептік емес ақпарат көздеріне ұйымның шаруашылық қызметін реттейтін келесідей құжаттар жатады:

1. Ұйым өз қызметіне де пайдалануға міндетті ресми құжаттар: заңдар, үкімдер, жарлықтар, жоғары басқару органдарының бұйрықтары, тексеру актілері.

2. Шаруашылық құқықтық құжаттар: келісімшарттар, келісімдер, сот органдарының шешімдері.

3. Ғылыми-техникалық ақпараттар (ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелелері бойынша есептер).

4. Ұйымның негізгі контрагенттері туралы ақпараттар (жеткізушілер мен сатып алушылары).

5. Ұйымның негізгі бәсекелестері туралы әртүрлі көздерден алынған мәліметтер (интернет, телевизор, газет, радио және т.б.).

Зерттеу объектісіне байланысты ақпараттар:

1. Ішкі ақпараттар.

2. Сыртқы ақпараттар болып бөлінеді.

Ішкі ақпараттар жүйесіне статистикалық, бухгалтерлік, оперативтік есеп және есептілік мәліметтер, ұйымда жасалған жоспарлық және нормативтік мәліметтер жатады.

Сыртқы ақпараттар жүйесіне статистикалық жинақтардың, баспасөз материалдарының, ресми құжаттардың мәліметтері жатады.

Экономикалық талдауды ақпараттық қамтамасыз етуге бірқатар талаптар қойылады:

1. Шынайылығы, яғни зерттеліп отырған құбылыстар мен процестер туралы объективті түрдегі көрсеткіштер керек. Себебі

жүргізілген экономикалық талдау нәтижесі бойынша белгілі бір басқару шешімдері қабылданады.

2. Ақпараттардың оперативтілігі, яғни бұл жүргізілген шаруашылық процестері туралы ақпараттар неғұрлым тез түскен сайын талдау жұмыстарын да соғұрлым тез жүргізуге болады. Сол арқылы кемшіліктерді анықтап оларды жою бойынша іс-әрекеттер жасалады.

3. Ақпараттар жүйесі тиімді болуы керек, яғни мәліметтерді жинақтауға, сақтауға және қолдануға неғұрлым аз шығындар жұмсалғаны жөн. Қажетті ақпараттарға ғана талдаулар жүргізілуі керек.

4. Экономикалық талдаудың басқа ғылымдармен байланысы

Экономикалық талдау бірқатар экономикалық пәндермен өте тығыз байланысты:

– экономикалық теориямен, яғни аналитикалық зерттеулерді жүргізу кезінде экономикалық заңдылықтардың іс-әрекеттерін ескеру қажет;

– салалық экономикамен байланысты, ұйымға талдау жүргізу үшін ең алдымен, сала экономикасын оның ерекшеліктерін білу керек;

– ұйымды жоспарлау және басқарумен байланысты, себебі талдауда жоспарлық материалдар өте көп пайдаланылады;

– бухгалтерлік есеппен байланысты, себебі бухгалтерлік есеп мәліметтері экономикалық талдау жүргізу кезіндегі ақпараттардың негізгі көзі болып табылады;

– аудитпен байланысты, себебі аудитті жүргізу кезінде бухгалтерлік есеп пен есептілік мәліметтерін дәлелдеу үшін аналитикалық процедуралар өте көп пайдаланылады;

– статистикамен байланысты, себебі шаруашылық қызметті кешенді түрде оқып-үйрену үшін статистикалық есеп мәліметтері де қолданылады. Ақпараттарды талдау үшін статистикалық әдістерді (аналитикалық есептеулер, кестелер құру, топтастыру және т.б.) білу керек;

– экономикалық математикамен, аналитикалық зерттеулерде математикалық әдістерді пайдалану қажеттіліктері туады;

– қаржымен, менеджментпен, маркетингпен тығыз байланысты.

5. Экономикалық талдау түрлерін жіктеу және олардың ұйым қызметін басқарудағы рөлі

I Салалық ерекшеліктері бойынша:

1. Салалық экономикалық талдау (өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, құрылыс) – бұл жағдайда сала қызметінің ерекшеліктері ескеріледі.

2. Салааралық экономикалық талдау экономикалық талдау (экономикалық талдау негіздері) – талдаудың салалық әдістерінің теориялық және әдістемелік негіздері болып табылады.

II Уақыт белгілеріне байланысты:

1. Алдын ала жүргізілетін талдау, яғни перспективті талдау (шаруашылық операциялары іске асырылғанға дейін жүргізілетін талдау). Талдаудың бұл түрі жоспарлар мен басқару шешімдерін негіздеу үшін қажет.

2. Кейіннен жүргізілетін талдау (ретроспективті немесе тарихи талдау) – ұйымның даму тенденциясын зерттеу үшін қабылданған жоспарлардың орындалуын бақылау үшін қолданылады.

Перспективалық және ретроспективті талдау бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ретроспективті талдаусыз перспективті талдауды жүргізу мүмкін емес. Өткен жылдардағы қызмет нәтижелеріне жүргізілген талдау тенденциялар мен заңдылықтарды зерттеуге, пайдаланылмаған мүмкіндіктерді анықтауға мүмкіндіктер береді.

Перспективалық талдау екіге бөлінеді:

1. Қысқа мерзімді талдау – бұл болжамдық талдау бизнес саласындағы ұйым тактикасын жасау үшін пайдаланылады;

2. Ұзақ мерзімді талдау стратегиялық саясатты анықтау үшін жүргізіледі. Егер ұйымның даму стратегиясы дұрыс анықталса, онда тактикалық шешімдер тез қабылданады.

Ретроспективті талдау екіге бөлінеді:

1. Оперативті талдау – шаруашылық операциясы жүргізілгеннен кейін немесе қысқа мерзім аралығында жағдайды өзгерту үшін жүргізілетін талдаудың түрі (мысалы, сменаға, күнге, декадаға). Оның мақсаты – мақсаттық параметрлерден жағым-

сыз ауытқушылықтарды дер кезінде анықтау және оларды жою бойынша өз уақытында шаралар қолдану.

2. Нәтижелік (қорытынды) талдау – белгілі бір нақты есептік кезеңге жүргізіледі (ай, тоқсан, жыл). Оның маңыздылығы ұйым қызметі кешенді түрде сәйкес кезеңдегі есептік мәліметтер бойынша жан-жақты жүргізіледі. Сол арқылы ұйым қызметіне неғұрлым толық баға беріледі.

III Кеңістік белгілері бойынша:

1. Ұйымішілік;
2. Ұйымаралық.

Ұйымішілік талдау – бұл тек белгілі бір ұйымды және оның жеке сегменттерін ғана зерттеу үшін жүргізілетін талдау.

Ұйымаралық талдау – бір саладағы екі және одан да көп ұйымдардың қызмет нәтижелерін салыстыру үшін жүргізілетін талдау.

Ұйымаралық талдауды жүргізудегі негізгі мақсат:

1. Ұйымның күшті және әлсіз жақтарын анықтау;
2. Ұйым қызметінің тиімділігін бағалау үшін және ұйымның стратегиялық, тактикалық саясаттарына өзгерістер енгізу үшін объективті база дайындау.

IV Зерттеу аспектілері бойынша:

1. Қаржылық талдау.
2. Басқарушылық талдау.
3. Әлеуметтік-экономикалық талдау.
4. Экономика-статистикалық талдау.
5. Маркетингтік талдау.
6. Логистикалық талдау.
7. Экономика-экологиялық талдау.

1. Экономикалық талдаудың барлық түрлерінің ішінде қаржылық талдау маңызды рөл атқарады. Қаржылық талдау – ұйымның қызмет етуінің қаржылық механизмдерінің мәнін түсіну процесі ретінде сипатталады. Оның негізгі мақсаты – ұйымның қаржылық жағдайын зерттеу, сол арқылы оның тұрақтылығын жоғарылату резервтерін іздестіру болып табылады. Ұйым деңгейінде қаржылық талдауды арнайы құрылған талдау бөлімдері жүргізсе, ал сыртқы қаржылық талдауды банктер, аудиторлық компаниялар, инвесторлар және т.б. жүргізеді.

2. Басқарушылық талдау ұйым қызметін жоспарлау, бақылау, басқару шешімдерін қабылдау, қаржылық саясаты, маркетингтік қызметі бойынша стратегия мен тактика жасау үшін қажетті ақпараттар алу мақсатымен жүргізіледі. Оның нәтижелері коммерциялық құпия болып табылады.

3. Әлеуметтік-экономикалық талдау – әлеуметтік және экономикалық процестердің өзара байланыстарын реттеу, олардың бір-біріне және ұйым қызметінің экономикалық нәтижелеріне әсерін анықтау үшін жүргізілетін талдау. Оны статистикалық органдар, әлеуметтік зертханалар, басқару органдары жүргізеді.

4. Әлеуметтік-статистикалық талдау – басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі (ұйым, сала, аймақ) жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттеу үшін статистика органдары тарапынан жүргізілетін талдау.

5. Маркетингтік талдау – ұйым қызметінің сыртқы ортасын, яғни шикізаттар нарығын, өнімдерді өткізу нарығын, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін, сұраныс пен ұсынысты, коммерциялық тәуекелділікті, баға саясатын қалыптастыруды, маркетингтік қызметтің стратегиясы мен тактикасын жасауды зерттеу үшін ұйымда құрылған маркетинг бөлімдері жүргізетін талдау.

6. Инвестициялық талдау – ұйымның инвестициялық қызметінің тиімділігін бағалау және инвестициялық бағдарламалар жасау үшін қолданылады.

7. Логистикалық талдау соңғы жылдары өте көп пайдаланылуда. Оның көмегімен шикізаттарды жеткізушілерден бастап, өнімдерді өндіру және сатумен аяқталатын тауар ағымдары зерттеледі. Логистика ұйымның жабдықтау, өндіру және сату сияқты сегменттерін зерттей отырып, материалдық және ақшалай ағымдарды жылдамдатуға әсер етеді. Оның көмегімен ұйым «дәл уақытында» деген қағиданы пайдалана отырып жабдықтау, өндіру және сатуды ұйымдастыру есебінен шығындарды азайтуға мүмкіндіктер алады.

8. Экономика-экологиялық талдау – қоршаған ортаны қорғау органдары, ұйымның экономика бөлімдері тарапынан экологиялық және экономикалық процестердің қоршаған ортаны сақтау және жақсартумен, сонымен бірге экологияға бөлінген шығындармен байланысты өзара іс-әрекеттерді зерттеу мақсатымен жүргізілетін талдау.

V Объектілерді зерттеу әдістері бойынша:

1. Сапалық талдау.
2. Сандық талдау.
3. Экспресс-талдау.
4. Фундаменталды талдау.
5. Маржиналдық талдау.
6. Экономика-математикалық талдау.

1. Сапалық талдау – зерттеліп отырған құбылыстар мен процестерді эксперттік бағалауға және сапалық салыстырмалық сипаттамаларға негізделген талдау.

2. Сандық (факторлық) талдау – экономикалық құбылыстардың әртүрлі факторлардың әсер етуінен өзгеру сезімталдығының деңгейін зерттеуге және сандық салыстыруларға негізделген талдау.

3. Экспресс-талдау – белгілі бір нақты экономикалық құбылыстарға тән типтік белгілер негізінде ұйым экономикасының жағдайын диагностикалау үшін жүргізілетін талдау.

4. Фундаменталды талдау – математикалық әдістерді пайдалана отырып зерттеліп отырған құбылыстардың мәнін терең және кешенді зерттеу үшін жүргізілетін талдау;

5. Маржиналдық талдау – шығындарды тұрақты және ауыспалы деп бөле отырып, өзіндік құн, сату және пайда көлемдерінің себеп-салдарлық өзара байланыстарын зерттеу негізінде ұйымдағы басқару шешімдерінің тиімділігін бағалау және негіздеу үшін жүргізілетін талдау.

6. Экономика-математикалық талдау – экономикалық міндеттерді шешудің неғұрлым оптималды нұсқаларын таңдау арқылы қолда бар ресурстарды неғұрлым толық пайдалану есебінен өндіріс тиімділігін жоғарылату резервтерін іздестіру мақсатымен жүргізілетін талдау.

VI Субъектілері (пайдаланушылары) бойынша:

1. Ішкі талдау (ұйым ішінде құрылған арнайы талдау бөлімдерінің жүргізілетін талдауы);

2. Сыртқы талдау (банктер, инвесторлар, аудиторлық компаниялардың жүргізетін талдауы).

VII Зерттеу объектілерін қамту деңгейі бойынша:

1. Тұтастай жүргізілетін талдау;
2. Іріктемелі талдау.

Тұтастай жүргізілетін талдау кезінде талдау жүргізілетін барлық объектілер толық зерттелгеннен кейін ғана қорытындылар жасалатын талдау.

Іріктемелі талдау – объектінің бір бөлігін ғана зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар жасау үшін жүргізілетін талдау.

VIII Бағдарламаның мазмұны бойынша:

1. Кешенді талдау – жан-жақты жүргізілетін талдау.
2. Тематикалық (тақырыптық) талдау – қазіргі кезде неғұрлым қызығушылық танытып отырған жеке бөліктері ғана зерттелетін талдау.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Талдау түсінігі, талдаудың қажеттілігі.
2. Талдаудың атқаратын рөлі.
3. Талдау мазмұны, талдаудың міндеттері.
4. Талдау мен синтездің өзара байланысы.
5. Талдаудың ақпараттық көздері.
6. Салалық ерекшеліктері бойынша талдаудың жіктелуі.
7. Уақыт белгілеріне байланысты жіктелуі.
8. Кеңістік белгілері бойынша жіктелуі.
9. Зерттеу аспектілері бойынша жіктелуі.
10. Объектілерді зерттеу әдістері бойынша жіктелуі.
11. Субъектілері (пайдаланушылары) бойынша жіктелуі.
12. Зерттеу объектілерін қамту деңгейі бойынша жіктелуі.
13. Бағдарламаның мазмұны бойынша жіктелуі.

2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

1. Ұйым қызметін экономикалық талдау әдістемесі
2. Факторлық талдау әдістемесі
3. Экономикалық талдауда қолданылатын ақпараттарды өңдеу әдістері
4. Экономикалық талдауда факторлардың әсер етуін бағалау әдістері
5. Экономикалық талдауда резервтердің көлемін анықтау әдістемесі

1. Ұйым қызметін экономикалық талдау әдістемесі

Экономикалық талдау әдісі – бұл ұйым қызметінің тиімділігін жоғарылату жолдарын іздестіру мақсатымен қызмет нәтижесін жүйелі және кешенді түрде зерттей отырып, оған әсер ететін факторларды анықтау және жалпылау.

Экономикалық талдау әдісі аналитикалық зерттеулердің бірқатар нақты әдістемелерін қолдануды қарастырады.

Экономикалық талдау әдістемесі – бұл ұйым қызметіндегі экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеудің аналитикалық тәсілдері мен ережелерінің жиынтығы.

Экономикалық талдау әдістемесінің негізгі екі элементі бар:

1. Талдау технологиясы (аналитикалық жұмыстарды орындау тізбектілігі);

2. Объектілерді зерттеу тәсілдері.

Талдау технологиясы мынандай кезеңдерден тұрады:

1. Талдау объектісі, мақсаты мен міндеттері нақтыланады, аналитикалық жұмыс жоспары жасалады.

2. Талдау объектісі сипатталатын синтетикалық және аналитикалық көрсеткіштер жүйесі жасалады.

3. Талдауға қажетті ақпараттар жинақталады.

4. Нақты нәтижелер жоспар көрсеткіштерімен салыстырылады.

5. Факторлық талдау жүргізіледі: факторлар анықталады және олардың нәтижеге әсер етуі анықталады.

6. Өндіріс тиімділігін жоғарылату резервтері анықталады.

7. Әртүрлі факторлардың анықталған резервтерге әсер етуін ескере отырып, ұйымның қаржылық нәтижесі бағаланады.

Экономикалық талдау әдістемесінің маңызды элементі – объектілерді зерттеу тәсілдері болып табылады (талдау құралдары). Олардың ішінде кең түрде қолданылатын келесідей дәстүрлі логикалық тәсілдерді атауға болады: салыстыру, графиктік, баланстық, орташа және қатысты шамалар, топтастыру және т.б.

Ұйым нәтижесіне әсер ететін факторларды зерттеу үшін тізбектелген қойылымдар, абсолюттік айырма, қатысты айырма, интегралдық әдістер қолданылады.

2. Факторлық талдау әдістемесі

Ұйым қызметіндегі барлық құбылыстар мен процестер бір-бірлерімен өзара байланыста, өзара тәуекелділікте болады, яғни олар тікелей және жанама байланыстарда болуы мүмкін. Мысалы, ұйым пайдасының көлеміне сату көлемі мен құрылымы, баға, өзіндік құн сияқты факторлар тікелей әсер етуі мүмкін, ал басқа факторлардың барлығы осы көрсеткішке жанама түрде әсер етеді.

Әрбір құбылыс себеп және нәтиже ретінде қарастырылуы мүмкін. Соған байланысты, егер қандай да бір көрсеткіш бірнеше себептердің әсерінен нәтиже ретінде қарастырылса және ол зерттеу объектісі ретінде көрінсе, онда өзара байланыстарды зерттеу кезінде оны нәтижелік көрсеткіш деп атайды. Ал нәтижелік белгіні анықтайтын көрсеткіштер факторлық көрсеткіштер деп аталады.

Әрбір нәтижелік көрсеткіш көптеген факторларға тәуелді болады. Нәтижелік көрсеткішке факторлардың әсер етуі неғұрлым терең зерттелген сайын, талдау нәтижесі соғұрлым нақты болады. Сондықтан да экономикалық талдау маңызды әдістемелік сұрақтарының бірі зерттеліп отырған көрсеткіштердің көлеміне әсер ететін факторларды анықтау болып табылады.

Факторлық талдау дегеніміз – нәтижелік көрсеткіштердің көлеміне әсер ететін факторларды кешенді және жүйелі түрде зерттеу және анықтау әдістемесі.

Факторлық талдау келесідей типтерге бөлінеді:

– детерминантталған (функционалды) және стохастикалық (корреляциялық);

- тура (дедуктивті) және кері (индуктивті);
- бір сатылы және көп сатылы;
- статикалық және өсіңкілі (динамикалық);
- ретроспективті және перспективалық (болжамды).

Детерминантталған факторлық талдау ретінде факторлардың әсерін нәтижелік көрсеткішпен байланысы функционалды сипатта болатын зерттеу әдістемесі, яғни нәтижелік көрсеткіш факторлардың қосындысы, көбейтіндісі ретінде көрінуі мүмкін.

Стохастикалық талдау факторлардың нәтижелік көрсеткіштермен байланысы ықтималдылыққа (корреляциялы) негізделетін зерттеу әдістемесі. Мысалы, әртүрлі ұйымдарда өндірістің бірдей жарактануына қарамастан енбек өнімділігі әртүрлі болуы мүмкін.

Тура факторлы талдау кезінде зерттеу дедуктивті тәсілмен жүргізіледі, яғни жалпыдан жекеге қарай жүргізіледі.

Кері факторлы талдау логикалық индукция әдісімен себеп-салдарлық байланыстар зерттеледі. Яғни, жеке, бөлек факторлардан жалпыға қарай.

Бір сатылы талдау – бір деңгейдегі бір-біріне бағынышты факторларды ғана зерттеу үшін қолданылады, яғни факторлар құрамдас бөліктерге бөлшектелінбейді. Мысалы, $y = a * b$.

Көп сатылы факторлық талдау кезінде a және b факторларын олардың мәнін зерттеу мақсатында құрамдас элементтерге бөлшектеу жүзеге асырылады. Факторларды бөлшектеу әрі қарай жалғастырылуы да мүмкін. Сол сәттегі бағынушылықтың барлық деңгейіндегі факторлардың әсері зерттеледі.

Статикалық факторлық талдау – белгілі бір күндегі нәтижелік көрсеткіштерге факторлардың әсер етуін зерттеу үшін қолданылады.

Динамикалық факторлық талдау – бірнеше кезеңдегі (өсіңкіліктегі), яғни өткен жылдардағы себеп-салдарлық байланыстарды зерттеу әдістемесі.

Ретроспективті талдау өткен кезеңдегі нәтижелік көрсеткіштердің өзгеру себептерін зерттейді.

Перспективті талдау факторлар мен нәтижелік көрсеткіштің мәнін зерттейді.

Экономикалық талдауда факторлар әртүрлі белгілері бойынша жіктелуі мүмкін:

Табиғаты бойынша:

- табиғи-климаттық факторлар;
- әлеуметтік-экономикалық факторлар;
- өндірістік-экономикалық факторлар.

Нәтижеге әсер ету деңгейі бойынша:

- негізгі факторлар;
- қосалқы факторлар.

Зерттеу объектісіне қатысы бойынша:

- ішкі факторлар;
- сыртқы факторлар.

Таралу деңгейі бойынша:

- жалпы факторлар;
- арнайы факторлар.

Әсер ету уақыты бойынша:

- тұрақты факторлар;
- ауыспалы факторлар.

Іс-әрекет сипаты бойынша:

- экстенсивті факторлар;
- интенсивті факторлар.

Шаруашылық қызмет нәтижелеріне әсер ету көзқарасынан олар негізгі және екінші деңгейлі, ішкі және сыртқы, объективті және субъективті, жалпы және спецификалық, тұрақты және үзілісті, экстенсивті және интенсивті болып бөлінеді.

Негізгілері нәтижелі көрсеткіштерге шешуші әсер ететін факторларды қамтиды. **Екінші деңгейлі** берілген жағдайларда шаруашылық қызмет нәтижелеріне шешуші әсер етпейтіндер жатады. Осында бір фактор шарттарға байланысты, негізгі де және екінші деңгейлі де болуы мүмкін екендігін белгілеп кету керек. Түрлі факторлардан анықтайтын талдау нәтижелері бойынша негізгілерін ерекшелей алу шешім шығарудың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Экономикалық құбылыстар мен процесстерді зерттеуде және кәсіпорынның қызмет ету нәтижелерін бағалау кезінде факторлар **ішкі** және **сыртқы** факторларға жіктеледі, яғни берілген кәсіпорын қызметіне тәуелді және тәуелсіз болады.

Әр кәсіпорын жұмысының нәтижесіне көптеген жағдайларда жетілген өндірістік байланыстар және қатынастар кезінде мәнді дәрежеде басқа кәсіпорынның қызмет етуі әсер етеді, мысалы, уақытылы шикізаттар, материалдар жеткізу, оның сапасы, құны, нарық конъюнктурасы, инфляциялық процестер және т.б. Кәсіпорын жұмысының нәтижесіне мамандандыру саласындағы және өндірістік кооперацияларда үзілістердің көрініс табуы сирек емес. Бұл факторлар сыртқы болып табылады. Бұл берілген ұжымның күшін сипаттамайды, бірақ олардың ішкі себептерінің әсер ету дәрежесін нақтырақ және өндірістің ішкі резервтерін толық анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын қызметін дұрыс бағалау үшін факторларды объективті және субъективтіге бөлу қажет. Объективті адамдардың еркіне және қалауына байланысты емес, мысалы, табиғи апат. Объективтіден субъективті себептер жеке адамдардың, кәсіпорынның, ұйымдар және мекемелердің қызметіне тәуелді болады.

Факторлар, сонымен қатар жалпы және спецификалық болып бөлінеді. Жалпыға экономиканың барлық саласында қызмет ететін факторлар жатады. Спецификалық экономиканың немесе кәсіпорынның жеке салалары жағдайындағы жайттарды қамтиды. Факторлардың мұндай бөлінуі жеке кәсіпорындардың өндіріс салаларының ерекшеліктерін толық есепке алынуына және олардың қызмет етуінің нақты бағалауына мүмкіндік береді.

Өндіріс нәтижесіне әсер ету мерзімі бойынша тұрақты және үзілісті болып бөлінуі мүмкін. Тұрақты факторлар зерттелетін құбылыстарға барлық уақыт бойы үзіліссіз әсер етеді. Үзілісті факторлардың әсер етуі кезеңді түрде көрініс табады, мысалы, жаңа техниканы, жаңа өнім түрлерін, өндірістің жаңа технологиясын игеру және т.б.

Кәсіпорын қызмет етуін бағалау үшін факторлардың интенсивті және экстенсивті болып бөлінуі үлкен мәнді әсер береді. Экстенсивтілерге нәтижелік көрсеткіштердің сапалы өсуімен емес, сандықпен байланысты факторлар жатады, мысалы, егіс көлемін кеңейту жолымен, мал басының, жұмысшылар санының өсуі арқылы өнім өндіру көлемін өсіру. Интенсивті факторлар өндіріс процесінде еңбектенудің дәрежесін сипаттайды, мысалы, ауылшаруашылық мәдениетінің өнімділігі, жануарлардың өнімділігі, еңбектің өнімділік деңгейін көтеру.

Талдау кезінде шаруашылық қызмет нәтижесіне әр фактордың әсерін өлшеу мақсаты қойылады, онда оларды сандық және көлемдік, күрделі және жай, тура және жанама, өлшенетін және өлшенбейтін болып бөлінеді.

Құбылыстардың сандық айқындылығын көрсететін факторлар сандық болып есептеледі (жұмысшылар, құралдар, шикізат және т.б. саны). Сапалық факторлар зерттелетін объектінің ішкі сапасын, сипаты мен ерекшеліктерін анықтайды (еңбек өнімділігі, өнім сапасы және т.б.).

Факторлар талдауында көптеген зерттелетіндер бірнеше элементтерден құралады. Алайда құрама бөлімдерге бөлінбейтіндері де бар. Мұнымен байланысты факторлар күрделі (кешенді) және жай (элементті) болып бөлінеді. Күрделі факторға еңбек өнімділігі, ал жай факторға есептік кезеңдегі жұмыс күнінің саны мысал болады.

Көрсетілгендей, бір факторлар нәтижелі көрсеткіштеріне тура, басқалары жанама әсер етеді. Осыған тәуелді басқарылымның бірінші, екінші және үшінші және әрі қарайғы деңгейін ажыратады. Бірінші деңгей факторларына нәтижелі көрсеткішке тура әсер ететіндер жатады. Нәтижелі көрсеткішті бірінші деңгейлі факторлар көмегімен жанама анықтайтын факторлар екінші деңгейлі факторлары деп аталады және бірінші деңгейлі факторлар болып жұмысшылардың орташа жылдық саны және бір жұмысшыға келетін орташа жылдық өндірілген өнім көлемі болып табылады. Бір жұмысшының жұмыс істеген күндерінің саны және орташа күндік жұмыс сағаттары – жалпы өнімге қатысты екінші деңгей факторлары. Үшінші реттегі факторларға жұмыс күнінің ұзақтығы және орташа сағаттық жұмыс өнімділігі жатады.

Нәтижелі көрсеткіштерге жеке факторлардың әсері сандық түрде анықталуы мүмкін. Сонымен бірге толық факторлар қатары бар, олардың әсері кәсіпорын қызметі нәтижесіне қатысты емес, мысалы, жұмысшыларды тұрғын үймен, балалар мекемесімен, кадрлар дайындығы деңгейімен қамтамасыз етілуі және т.б.

Шаруашылық қызметті талдаудағы жүйелі түрден келу факторларды, олардың ішкі және сыртқы байланыстары, өзара қызметтілігі және өзара басқарушылығы есебімен өзара байланысты

зерттелуін талап етеді, бұл оларды жүйелендіру арқылы жүзеге асырылады. Толығымен жүйелендіру – зерттелетін құбылыстар мен объектілерді анықталған тәртіпте, олардың өзара байланыстылығы және қалауындағыларды анықтаумен орналастыру.

3. Экономикалық талдауда қолданылатын ақпараттарды өңдеу әдістері

Экономикалық талдауда ақпараттарды өңдеудің келесідей әдістері қолданылады:

- салыстыру әдісі;
- ақпараттарды топтастыру әдісі;
- баланстық әдіс;
- эвристикалық әдіс;
- анықталған мәліметтерді кесте және график түрінде көрсету әдісі.

Салыстыру әдісі – экономикалық талдауда кең түрде қолданылады. Оның көмегімен зерттеу объектісінің өзгеру деңгейі анықталады.

Экономикалық талдауда салыстырудың келесідей типтері қолданылады:

Қол жеткізілген нақты нәтижені өткен кезең мәліметтерімен салыстыру, яғни бүгінгі күнгі нәтиже өткен кезеңдермен (күн, ай, тоқсан, жыл) салыстырылады. Бұл зерттеліп отырған көрсеткіштердің өзгеру қарқынын бағалауға мүмкіндіктер береді. Мысалы, ұйымның негізгі көрсеткіштерінің динамикасын келесі кесте түрінде көрсетейік.

1-кесте

Ұйымның негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

Жылдар	Өндіріс көлемі		Жұмыскерлер саны		Бір жұмыскердің өнімділігі	
	Мың теңге	Базистік жылға қатысы, %	Адам	Базистік жылға қатысы, %	Мың теңге	Базистік жылға қатысы, %
2009	9500	100	1200	100	7,9	100
2010	9690	102	1150	95,8	8,4	106,3
2011	9600	101	1100	91,7	8,7	110,1

Салыстырылып отырған жылды базистік жылға бөліп 100 пайызға көбейтеміз, мысалы, 2010/2009*100.

Яғни, 3 жылдың ішінде өндіріс көлемі 1 пайызға артқан. Бұл көрсеткішке жұмыскерлердің санын азайта отырып, еңбек өнімділігін жоғарылатумен қол жеткізілген.

Нақты көрсеткіштерді жоспарлық көрсеткіштермен салыстыру. Бұндай салыстыру жоспардың орындалу деңгейін бағалау үшін және ұйымның пайдаланылмаған резервтерін анықтау үшін қажет. Мысалы, өндіріс көлемі бойынша жоспардың орындалуын келесі кесте түрінде талдайық.

2-кесте

Өндіріс көлемі бойынша жоспардың орындалуы

Өнім түрлері	Өндіріс көлемі, мың теңге		Жоспардан абсолюттік ауытқу, мың теңге	Жоспардың орындалуы (нақты/жоспар*100), %
	Жоспар	Нақты		
А	600	624	+24	104
Б	400	360	-40	90
В	500	600	+100	120
.....				
Барлығы	1500	1720	+120	107,5

Жұмсалған шығындарды бекітілген нормамен салыстыру (шикізаттар, материалдар, отын, энергия, су және т.б.). Бұндай салыстыру өндіріске жұмсалған ресурстардың үнемделгендігін және олардың артық жұмсалғандығын анықтау үшін және өндіріс процесінде оларды пайдалану тиімділігін бағалау үшін қолданылады. Мысалы, ұйымда материалдық ресурстардың пайдаланылуы туралы мәліметтер.

3-кесте

Материалдық ресурстардың пайдаланылуы

Ресурстардың түрлері	Жұмсалған ресурстар, тонна		Нормативтен ауытқу, +/-	
	Норма	Нақты	Абсолюттік, Тонна	Қатысты (нақты/норма)*100%-100, %

Мұнай	800	832	+32	+4
Шикізаттар	1800	1750	-50	-2,8
Отын	500	550	+50	+10

Ақпараттарды топтастыру әдісі – зерттеліп отырған объектілерді белгілі бір белгілері бойынша топтарға бөлу. Талдау мақсатына байланысты типологиялық, құрылымдық және аналитикалық топтастыру қолданылады.

Типологиялық топтастыруға мысал ретінде ұйымдарды меншік формалары бойынша топтастыру, халықты топтастыру жатады.

Құрылымдық топтастыру көрсеткіштердің ішкі жеке бөліктерін зерттеуге мүмкіндіктер береді. Мысалы, жұмысшыларды мамандықтары, жастары, еңбек өнімділіктері, жұмыс еңбек өтілі бойынша бөлу жатады.

Аналитикалық зерттелген көрсеткіштер арасындағы байланыстарды анықтау үшін қолданылады.

Баланстық әдіс – бір-бірлерімен байланысты экономикалық көрсеткіштердің 2 тобының қосындылары бірдей болатын әдіс. Бұл әдіс бухгалтерлік есеп пен жоспарлауда кеңінен қолданылады. Мысалы, кезең басындағы товарлардың қалдығы+келіп түскен тауарлар саны=сатылған тауарлар+кезең соңындағы тауарлар қалдығы.

Эвристикалық әдіс – экономикалық міндеттерді шешудің формалды емес әдісі. Ол белгісіздік жағдайында объектінің жағдайын болжау үшін қолданылатын әдіс. Бұл жағдайда қажетті мәліметтерді алудың негізгі көзі мамандардың ғылыми интуициясы болып табылады. Көбінесе сұрау-жауап жүргізу, сараптамалық бағалау жасау жолымен жүргізіледі.

Анықталған мәліметтерді кесте және график түрінде көрсету әдісі.

Кестелер мен графиктер жинақталған мәліметтер мен көрсеткіштерді көрнекті етіп көрсету әдісі.

4. Экономикалық талдауда факторлардың әсер етуін бағалау әдістері

Экономикалық талдауда факторлардың әсер етуін бағалау үшін келесідей әдістер қолданылады:

- тізбектелген қойылымдар әдісі;
- абсолюттік айырма әдісі;
- қатысты айырма әдісі;
- интегралды әдіс.

Өндірілген өнім көлемін факторлық талдау мақсатында қолданылатын мәліметтер келесі кестеде келтірілген.

4-кесте

Өнім көлемі жөнінде ақпараттар

Көрсеткіш	Шартты белгіленуі	Көрсеткіш деңгейі		Ауытқулар	
		Базалық	Ағымдық	Абсолюттік	Қатысты (ағымдық/базалық) *100%-100, %
Өндірілген өнім көлемі, мың теңге	ӨК	400	600	+200	+50
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны	ЖС	100	120	+20	+20
1 жұмысшының орташа жылдық еңбек өнімділігі, мың теңге	ЖӨ	4	5	+1	+25
Жыл ішінде 1 жұмысшының жұмыс істеген күндер саны	К	200	208,3	+8,3	+4,17
Жұмысшының орташа күндік өнімділігі, теңге	КӨ	20	24	+4	+20
Сменаның	Ұ	8	7,5	-0,5	-5

ұзақтығы, сағат					
1 жұмысшының орташа сағаттық еңбек өнімділігі	СӨ	2,5	3,2	+0,7	+28

Тізбектелген қойылымдар әдісі – бұл базалық кезеңдегі әр-бір факторлық көрсеткіштерді ағымдық кезеңдегі нақты көрсеткіштермен біртіндеп ауыстыру жолымен жеке факторлардың нәтижелік көрсеткіштердің көлемінің өзгеруіне әсер етуін анықтауға мүмкіндіктер беретін әдіс. Ол үшін бірнеше факторлардың өзгеруін ескеретін нәтижелік көрсеткіш анықталуы керек.

Бәрімізге белгілі, өндірілген өнім көлемі ӨК негізгі екі факторға тәуелді: жұмысшылардың саны ЖС және 1 жұмысшының орташа жылдық еңбек өнімділігі ЖӨ. Осыған байланысты келесі формула шығады.

$$\text{ӨК} = \text{ЖС} * \text{ЖӨ}, \text{ (екі факторлы модель)}$$

1. Алдымен, нәтижелік көрсеткішке, яғни ӨК әсер ететін факторларды анықтау керек:

- 1) ЖС, жұмысшылар саны
- 2) ЖӨ, бір жұмысшының орташа жылдық еңбек өнімділігі

2. Есептеулер тәртібі:

Егер 2 фактор болса, онда 3 есептеу болады

Егер 3 фактор болса, онда 4 есептеу болады тағы сол сияқты...

Тізбектелген қойылымдар әдісі үшін есептеу алгоритмі келесідей болады:

1) өткен жылдағы барлық көрсеткіштер алынады:

$$\text{ӨК}_0 = \text{ЖС}_0 * \text{ЖӨ}_0 = 100 * 4 = 400$$

2) Көрсеткіштерді бір-бірден ауыстырамыз:

$$\text{ӨК}_{\text{шартты көрсеткіш}} = \text{ЖС}_1 * \text{ЖӨ}_0 = 120 * 4 = 480$$

3) ағымдық жылдағы барлық көрсеткіштер;

$$\text{ӨК}_1 = \text{ЖС}_1 * \text{ЖӨ}_1 = 120 * 5 = 600$$

3. Факторлардың әсер етуі

1) Жұмысшылар саны есебінен: $480 - 400 = +80$ (2-1)

Қорытынды, яғни жұмысшылар санының 20 көбеюі, өндірілген өнім көлемінің 80 мың теңгеге көбеюіне әсер еткен

2) бір жұмысшының орташа жылдық еңбек өнімділігі есебінен $600-480=+120$, (3-2)

Қорытындысында, яғни 1 жұмысшының орташа жылдық еңбек өнімділігі 1 мың теңгеге көбеюі есебінен, өндірілген өнім көлемі 80 мың теңгеге көбейген.

Сонымен, өндірілген өнім көлеміне келесідей факторлар әсер еткен:

1. Жұмысшылар санының көбеюі +80.
 2. Еңбек өнімділігінің деңгейінің жоғарылауы +120.
- Жалпы әсері немесе барлығы +200 мың теңге.

Факторлардың әсер ету сомасы міндетті түрде нәтижелік көрсеткіштің жалпы өсім сомасына тең болуы керек.

$$\Delta\Theta_{\text{жс}} + \Delta\Theta_{\text{жө}} = \Delta\Theta_{\text{жалпы}}$$

Осындай теңдіктің сақталмауы есептеулерде қате жіберілгендігін білдіреді.

Егер 4 фактордың әсер етуін анықтау керек болса, онда 1 емес, 3 шартты көрсеткіш есептеледі, яғни нәтижелік көрсеткіштің шартты көлемдерінің саны факторлар санынан біреуге аз болады. Оны кесте түрінде келесідей көрсетуге болады.

5-кесте

Нәтижелік көрсеткішті есептеу шарттары

Нәтижелік көрсеткіштің деңгейі	Нәтижелік көрсеткішті есептеу шарттары			
	Фактор I	Фактор II	Фактор III	Фактор IV
Базалық	t0	t0	t0	t0
Шартты 1	t1	t0	t0	t0
Шартты 2	t1	t1	t0	t0
Шартты 3	t1	t1	t1	t0
Ағымдық	t1	t1	t1	t1

Осы 4 факторлы модел ретінде көрсетейік:

$$\Theta K = \text{ЖС} * K * \text{Ұ} * \text{СӨ},$$

Кесте мәліметтерін осы формулаға қояйық:

Өткен кезең көрсеткіштері:

$$1) \Theta K_0 = \text{ЖС}_0 * K_0 * \Upsilon_0 * C\Theta_0 = 100 * 200 * 8 * 2,5 = 400$$

Бір көрсеткіштен өзгертеміз:

$$2) \Theta K_{\text{шартты } 1} = \text{ЖС}_1 * K_0 * \Upsilon_0 * C\Theta_0 = 120 * 200 * 8 * 2,5 = 480$$

$$3) \Theta K_{\text{шартты } 2} = \text{ЖС}_1 * K_1 * \Upsilon_0 * C\Theta_0 = 120 * 208,3 * 8 * 2,5 = 500$$

$$4) \Theta K_{\text{шартты } 3} = \text{ЖС}_1 * K_1 * \Upsilon_1 * C\Theta_0 = 120 * 208,3 * 7,5 * 2,5 = 468,75$$

$$5) \Theta K_1 = \text{ЖС}_1 * K_1 * \Upsilon_1 * C\Theta_1 = 120 * 208,3 * 7,5 * 3,2 = 600$$

Факторлардың әсер етуін есептеу:

$$1) \text{ЖС есебінен: } 480 - 400 = +80$$

$$2) K \text{ есебінен: } 500 - 480 = +20$$

$$3) \Upsilon \text{ есебінен: } 468,75 - 500 = -31,25$$

$$4) C\Theta \text{ есебінен. } 600 - 468,75 = +131,25$$

Барлығы: $= +200$ мың теңге

Тізбектілік қойылымдар әдісін пайдаланған кезде, ең алдымен, сандық өзгерістерді, содан кейін сапалық өзгерістерді ескеру керек.

Абсолюттік айырма әдісі – нәтижелік көрсеткіштің өсіміне факторлардың әсер етуін есептеу үшін қолданылады.

Абсолюттік айырма әдісінде сандық факторлардың әсерін есептеу үшін оның ауытқуын сапалық көрсеткіштердің базалық мәніне көбейтеді.

$$\text{Яғни } \text{ЖС} = \Delta \text{ЖС} * \text{Ж}\Theta_0 = +20 * 4 = 80.$$

Ал сапалық факторлардың әсерін есептеу үшін оның ауытқуын сандық факторлардың нақты мәніне көбейтеді.

$$\text{Яғни } \text{Ж}\Theta = \Delta \text{Ж}\Theta * \text{ЖС}_1 = +1 * 120 = 120$$

$$\text{Жалпы әсері } 80 + 120 = 200$$

Сонымен, абсолюттік айырма әдісінің көмегімен тізбектелінген қойылымдар әдісінде алынған нәтиже алынады. Бұл жерде жеке факторлар әсерінен болған нәтижелік көрсеткіш өсімінің сомасы оның жалпы өсіміне тең болуы керек.

Қатысты айырма әдісі – бұл коэффициентнемесе пайыз түрінде көрінетін факторлық көрсеткіштердің қатысты өсімі пайдаланылатын әдіс.

Қатысты айырма әдісі нәтижелік көрсеткіш көбейтінді түрінде есептелген кезде ғана қолданылады.

Бұл әдісті қолдану өте көптеген факторлардың (8-10 және одан көп) әсер етуін есептеу қажет болған жағдайда тиімді болады.

Біздің мысалымыз бойынша, нәтижелік көрсеткіш – бұл өндірілген өнімдердің көлемі, яғни оған 4 фактор әсер етеді деп қарастырайық:

$$\Theta K = \text{ЖС} * K * \Upsilon * C\Theta.$$

Енді осы факторлардың шығарылған өнім көлеміне әсерін анықтайық.

1-фактордың әсерін есептеу үшін (ЖС) нәтижелік көрсеткіштің базалық мәнін 1-фактордың ауытқуына көбейтіп, шыққан санды осы фактордың базалық мәніне бөлеміз. Формула түрінде келесідей болады:

$$1\Phi = Z_0 * \Delta 1\Phi / 1\Phi_0$$

$$\Theta K_{\text{жс}} = \Theta K_0 * \Delta \text{ЖС} / \text{ЖС}_0 = 400 * 20 / 100 = +80$$

Қорытынды, есептеу көрсетіп отырғандай, өткен жылмен салыстырғанда жұмысшылардың орташа тізімдік саны 20 адамға көбейді, соның әсерінен ΘK 80 мың теңгеге көбейген.

2-фактордың әсерін есептеу үшін (K) нәтижелік көрсеткіштің базалық мәніне 1-фактордың әсерін қосып, одан шыққан санды 2-фактордың ауытқуына көбейтіп, оны осы 2-фактордың базалық мәніне бөлеміз. Формула түрінде келесідей болады:

$$2\Phi = (Z_0 + \Delta 1\Phi) * \Delta 2\Phi / 2\Phi_0$$

$$\Theta K_K = (\Theta K_0 + \Theta K_{\text{жс}}) * \Delta K / K_0 = (400 + 80) * 8,3 / 200 = +20 \text{ мың теңге}$$

3-фактордың әсерін есептеу үшін (Υ) нәтижелік көрсеткіштің базалық мәніне 1 және 2 факторлардың әсерін қосып, одан шыққан санды 3-фактордың ауытқуына көбейтіп, оны осы 3-фактордың базалық мәніне бөлеміз. Формула түрінде келесідей болады:

$$3\Phi = (Z_0 + 1\Phi + 2\Phi) * \Delta 3\Phi / 3\Phi_0$$

$$\Theta K_{\Upsilon} = (\Theta K_0 + \Theta K_{\text{жс}} + \Theta K_K) * \Delta \Upsilon / \Upsilon_0 = (400 + 80 + 20) * (-0,5) / 8 = -31,25 \text{ мың теңге}$$

Қорытынды, есептеу көрсетіп отырғандай, 4-фактордың әсерін есептеу үшін (C Θ) нәтижелік көрсеткіштің базалық мәніне 1, 2 және 3 факторлардың әсерін қосып, одан шыққан санды

4-фактордың ауытқуына көбейтіп, оны осы 4-фактордың базалық мәніне бөлеміз. Формула түрінде келесідей болады:

$$4\Phi = (Z_0 + 1\Phi + 2\Phi + 3\Phi) * \Delta 4\Phi / 4\Phi_0$$

$$\Theta K_y = (\Theta K_0 + \Theta K_{жс} + \Theta K_k + \Theta K_y) * \Delta C\Theta / C\Theta_0 = (400 + 80 + 20 + (-31,25)) * 0,7/2,5 = 131,25 \text{ мың теңге}$$

Қорытынды, есептеу көрсетіп отырғандай, жалпы әсері: $80 + 20 + (-31,25) + 131,25 = 200$ мың теңге. Көріп отырғанымыздай, есептеулердің нәтижесі өткен әдістермен бірдей болып шықты.

Интегралды әдіс – бұл тізбектелген қойылымдар, абсолюттік айырма және қатысты айырма әдістеріне қарағанда факторлардың әсер етуін есептеу кезінде неғұрлым нақты нәтиже алуға мүмкіндіктер беретін әдіс. Себебі факторлардың өзара байланысынан пайда болған нәтижелік көрсеткіштің қосымша өсімі соңғы факторға қосылмайды, олардың арасында бірдей болып бөлінеді.

Факторлардың әсер етуін есептеу алгоритмін қарастырайық.

$$f = xy$$

$$\Delta f_x = 1/2 \Delta x (y_0 + y_1)$$

$$\Delta f_y = 1/2 \Delta y (x_0 + x_1)$$

Біздің мысалымыз бойынша,

$$\Theta K = ЖС * Ж\Theta$$

$$\Delta \Theta K_{жс} = 1/2 * 20(4+5) = +90$$

$$\Delta \Theta K_{ж\theta} = 1/2 * 1(100+120) = +110$$

Жалпы әсері: $90 + 110 = 200$ мың теңге.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық талдау әдісі, әдістемесі дегеніміз не?
2. Экономикалық талдау әдістемесінің элементтері қандай?
3. Факторлар жіктелімі қандай?
4. Факторлар түсінігі, факторлық талдау типтері қандай?
5. Экономикалық талдаудың ақпараттарды өңдеу әдістері қандай?
6. Экономикалық талдауда факторлардың әсер етуін бағалау әдістері
7. Экономикалық талдауда резервтердің көлемін анықтау әдістемесі

5 Экономикалық талдауда резервтердің көлемін анықтау

Резервтерді анықтау барысында келесі қағидаларды негізге алу керек:

1. Резервтерді анықтау ғылыми сипатта болу керек, яғни материалистикалық диалектіге, экономика заңдарының біліміне, ғылыми жетістіктерге және алдыңғы қатарлы тәжірибеге сүйенуі қажет.

2. Резервтерді анықтау кешенді және жүйелі болуы тиіс. Кешенді әдіс шаруашылық қызметтің барлық бағыттарында резервтердің анықталуын және жалпылануын білдіреді. Жүйелі әдіс зерттелетін құбылыстардың байланысының есебін қолдана отырып резервтерді жалпылау.

3. Резервтер экономикалық жағынан негізделуі керек, яғни оларды есептеу кезінде ұйымның нақты мүмкіндіктерін есепке алу керек, ал резервтерді есептеу мөлшері сәйкес шаралармен негізделуі керек.

4. Резервтерді іздеу оперативті болуы керек. Резервтерді іздеу неғұрлым оперативті болса, соғұрлым бұл процесс жемісті болады. Резервтерді анықтау және меңгеру арасындағы уақыт тығыздығы өте маңызды.

5. Резервтерді іздеу дискретті болмауы керек. Оны жоспарлы, жүйелі және күнделікті істеу керек.

6. Резервтерді іздеуге қатысатын әртүрлі мамандықтары бар жұмысшылардың саны неғұрлым көп болса, соғұрлым резервтер де толық күйінде анықталатын болады. Осыдан резерв іздеу көпшілік принципі пайда болды, яғни бұл процеске бар жұмысшыларды тарту, экономикалық талдауының түрлерін жетілдіру.

Шаруашылық қызметті талдауда резервтер көлемін анықтау үшін бірқатар әдістер қолданылады: тура есептеу, салыстыру, детерминалды факторлық талдау, функционалды-бағалық талдау, математикалық бағдарламалау және т.б.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Резервтер түсінігі және олардың экономикалық мәні
2. Резервтердің жіктелуі
3. Резервтерді анықтау кезеңдері
4. Резервтерді анықтауда басшылыққа алынатын қағидалар
5. Резервтерді есептеу және ізденістерді ұйымдастыру әдістемесі

3. КЕШЕНДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖҮЙЕСІ

1. Кешенді экономикалық талдаудың мақсаты мен міндеттері
2. Кешенді экономикалық талдауды жүргізудің типтік әдістемесі
3. Кешенді экономикалық талдаудың ақпараттық базасы

1. Кешенді экономикалық талдаудың мақсаты мен міндеттері

Кешенді экономикалық талдау, ең алдымен, ұйым қызметінің нәтижелігін жоғарылату үшін оның ішкі шаруашылық міндеттерін шешуге, сонымен бірге оның экономикалық потенциалын пайдалану тиімділігін жоғарылатуға бағытталған.

Кешенді экономикалық талдаудың ерекшеліктері:

- талдау нәтижесін ұйымның меншік иелерінің мақсаты мен қызығушылықтарына бағытталған;
- талдау жүргізу үшін көптеген ақпараттар соның ішінде өндірістік есеп ақпараттарының пайдаланылуы;
- мемлекеттік басқару органдарының тарапынан талдау мәліметтеріне реттеудің жоқтығы;
- талдаудың кешенділігі, яғни ұйым қызметіне жан-жақты талдау жүргізіледі;
- талдау нәтижелерінің құпиялылығы.

Кешенді экономикалық талдаудың міндеттері:

- салыстыру кезінде ауытқушылықтар болған барлық экономикалық құбылыстарды, олардың себептерін зерттеу;
- ұйым қызметінің тиімділігін объективті бағалау;
- бизнес-жоспарларды ғылыми тұрғыдан негіздеу және олардың орындалуына бақылау жасау.

Кешенді экономикалық талдау ұйым қызметінің 4 базалық бағытын қамтиды:

- оперативті кешенді экономикалық талдау;
- қаржылық кешенді экономикалық талдау;
- инвестициялық кешенді экономикалық талдау;
- инновациялық кешенді экономикалық талдау.

Оперативті кешенді экономикалық талдау сұрақтары ұйымның өнірістік міндеттерін шешуге бағытталған (яғни, ағымдық

өндірістік қызметтерін: ресурстарды сатып алу, товарларды сату және т.б.).

Қаржылық кешенді экономикалық талдау ұйымның қаржылық жағдайын бағалау, қаржыландыру сұрақтарын шешу, қаржылық құралдардың барлық түрлерін пайдалану тиімділігін талдауға бағытталған.

Инвестициялық кешенді экономикалық талдау қысқа және ұзақ мерзімді инвестицияларды жүзеге асырудың табыстылығын, қауіпсіздігін, көлемін, қажеттілігін бағалауға негізделген.

Инновациялық кешенді экономикалық талдау инновациялық жобаларды жүзеге асырудың қажеттілігін негіздеу мақсатымен жүргізіледі.

2. Кешенді экономикалық талдауды жүргізудің типтік әдістемесі

Нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында кешенді экономикалық талдау – жүйелі талдау деп те қарастырылады. Кешенді экономикалық талдау бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылады:

1-кезеңде зерттеу объектісі белгілі бір жүйе деп қарастырылады, оның мақсаты мен жұмыс істеу шарттарын анықтайды. Мысалы, ұйым қызметі үш өзара байланысты элементтен: ресурстардан, өндірістік процестен, дайын өнімнен тұрады. Осы 3 элементті бір жүйе деп қарастырсақ болады.

2-кезеңде ұйымның өндірістік қызметін сипаттайтын көрсеткіштер таңдалып алынады. Бұл көрсеткіштер бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінде қалыптастырылады.

3-кезеңде экономикалық талдау жүргізудің жалпы схемасы дайындалады. Оның негізгі компоненттері, функциялары, байланыстары және ішкі жүйелері анықталады. Экономикалық талдау жүйесінде негізгі көрсеткіштердің қалыптасуын келесі схема түрінде көрсетуге болады (схема1).

4-кезеңде жүйенің барлық өзара байланыстары анықталады және сандық сипаттама беретін факторлар белгіленеді.

5-кезеңде жүйенің жинақталған ақпарат негізінде жүйенің моделі қалыптасады.

6-кезеңде алынған модельмен жұмыс істеу кезеңі. Бұл кезеңде шаруашылық қызмет нәтижелеріне объективті баға беріледі және өндіріс тиімділігін арттыратын резервтер анықталады.

Кешенді экономикалық талдау жүргізудің типтік әдістемесі ұйым қызметінің келесідей бөлімдерін қамтиды:

1. Ұйым қызметінің ұйымдастыру-техникалық деңгейін талдау.
2. Ұйым қызметін басқаруды талдау.
3. Маркетингтік жүйесін талдау.
4. Негізгі құралды пайдалану тиімділігін талдау және бағалау.
5. Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау.
6. Еңбекақы және оны төлеуді талдау.
7. Өндіріс көлемін және өнімдерді сатуды талдау.
8. Өнімнің өзіндік құнын, оның сату көлемімен және пайдамен байланысын талдау.
9. Активтердің құрамы мен құрылымын талдау.
10. Пайда мен рентабелділікті талдау.
11. Искерлік белсенділікті талдау.
12. Ұйым активтерінің рентабелділігін талдау.
13. Ұйымның қаржылық жағдайын және төлем қабілеттілігін талдау.
14. Ұйым қызметінің тиімділігін кешенді талдау.
15. Кешенді қаржылық талдау.

3 Кешенді экономикалық талдаудың ақпараттық базасы

Кешенді экономикалық талдаудың тиімділігі, шынайылығы, объективтілігі ақпараттық базамен қамтамасыз етілуіне байланысты болады.

Кешенді экономикалық талдаудың ақпараттық базасы:

- ұйымның құрылтай құжаттары (жарғысы, құрылтай шарты);
- шаруашылық операцияларының жүргізілгендігін дәлелдейтін алғашқы құжаттар;
- заңнамалық құжаттары, яғни ұйымның сыртқы серіктестерімен қарым-қатынастарын реттейтін құжаттар;
- бухгалтерлік есеп мәліметтері;
- оперативті және статистикалық есеп мәліметтері;
- қаржылық есептіліктің барлық нысандары;
- статистикалық есептілік;
- бизнес-жоспарлар.

Кешенді экономикалық талдау барысында жалпылама синтетикалық көрсеткіштермен қатар талдамалы аналитикалық көрсеткіштер есептелінеді. әрбір көрсеткіш белгілі бір экономикалық категорияны білдіреді және белгілі бір факторлар әсерінен пайда болады.




Схема 1. Экономикалық талдау жүйесінде негізгі көрсеткіштердің қалыптасуы

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Кешенді экономикалық талдау түсінігі және оның мақсаты
2. Кешенді экономикалық талдаудың міндеттері
3. Кешенді экономикалық талдауды жүргізудің типтік әдістемесі, яғни талдау кезеңдері
4. Кешенді экономикалық талдаудың ақпараттық базасы

4. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗІ

1. Басқарушылық талдаудың қажеттілігі, мақсаты мен міндеттері

2. Басқарушылық талдаудың рөлі мен мәні. Басқарушылық және қаржылық талдау арасындағы байланыс.

3. Басқарушылық талдаудың ақпарат көздері.

4. Басқарушылық талдаудың жүргізу сатылары.

1. Басқарушылық талдаудың қажеттілігі, мақсаты мен міндеттері

Басқару есебі – ұйым қызметін басқару үшін басқару персоналдарына қажетті ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелері мен шығындары туралы ақпараттар есебінің жүйесі.

Басқарушылық талдау – бизнестің ағымдық жағдайын, оның күшті және әлсіз жақтарын бағалауға, стратегиялық мәселелерін анықтауға бағытталған ұйымның ішкі ресурстары мен сыртқы мүмкіндіктерін кешенді талдау.

Басқарушылық талдаудың қажеттілігі бірнеше факторлармен негізделеді:

– ұйымның Даму стратегиясын жасау және тиімді менеджментті іске асыру үшін қажет, себебі басқарушылық талдау басқару циклінің маңызды кезеңі болып табылады;

– шығындарды қалыптастыру мен ресурстарды пайдалану тиімділігін, сонымен бірге өнімдерді өндіру мен сату сұрақтарын шешу үшін қажет;

– ұйымның болашақтағы резервтері мен мүмкіндіктерін анықтауға әсер етеді.

Басқарушылық талдау келесідей қағидаларға негізделінуі керек:

– жүйелілік көзқарас қағидасы, яғни ұйым бір күрделі жүйе ретінде қарастырылуы керек;

– кешенділік көзқарас қағидасы, яғни ұйымның барлық объектілерін толық қамтуы керек;

– салыстырмалы талдау қағидасы;

– ұйым ерекшелігін ескеретін қағида.

Басқару есебінің мақсаты – басқару шешімдерін қабылдау, даму варианттарын таңдау, стратегиялық басымдылықтарын

анықтау үшін ұйымның меншік иелері мен менеджерлеріне қажетті ақпараттарды беру.

Басқарушылық талдаудың міндеттері:

- ұйымның тауар нарығындағы орнын бағалау;
- ұйымның ұйымдастырушылық-техникалық мүмкіндіктерін анықтау;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін анықтау;
- ұйым ресурстарын пайдалану есебінен өндіріс пен сату көлемінің ресурстық мүмкіндіктерін талдау;
- өнімдерді өндіру мен сатудың мүмкін болатын нәтижесін бағалау;
- өнімнің сапасы мен ассортименті, жаңа өнім үлгілерін өндіру бойынша шешімдер қабылдау;
- баға белгілеу саясатын анықтау;
- сату, шығындар және пайда көлемдерінің өзара байланыстарын талдау.

Басқарушылық талдау ұйымды басқару шешімдерін қабылдайтын әрбір басшының, әрбір менеджердің қызметінің негізгі міндеттеріне кіреді. Соған байланысты басқарушылық талдауды ұйымдастыруда келесі қағидаларды ескеру керек:

1. Аткарушылар арасында талдауды жүргізу бойынша міндеттер анық бөліну керек.

2. Талдамалық процестің тиімділігін қамтамасыз ету.

3. Регламенттеу және унификациялау. Регламенттеу әрбір атқарушы үшін кестелер мен талдаудың шығыс нысандарын міндетті минимумдарын өңдеуді қарастырады.

2. Басқарушылық талдаудың рөлі мен мәні. Басқарушылық және қаржылық талдау арасындағы байланыс

Нарықтық қатынастың қалыптасуы шаруашылық қызметтің біртұтас талдауы ішкі басқарушылық және сыртқы талдау деп бөлуді қажет етіп отыр. Экономикалық талдау 2-ге бөлінеді:

- қаржылық талдау;
- басқарушылық талдау.

Бұл бухгалтерлік есептің қаржылық есеп және басқарушылық есеп болып бөлінуінен шыққан.

Басқарушылық және қаржылық талдау арасындағы байланысты келесі кесте арқылы көрсетейік (кесте 6).

Қаржылық және басқарушылық талдаудың салыстырмалы сипаттамасы

Жіктеу белгілері	Қаржылық талдау	Басқарушылық талдау
Талдау түрі	Сыртқы, ретроспективті, тақырыптық	Ішкі, оперативтік, ағымды, кешенді
Талдау мақсаты	Ұйым мүліктерінің құрамы мен құрылымын, ұйымның төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығын бағалау	Жоғары көлемде пайда табуға қол жеткізу, ұйым тиімділігін жоғарылату механизмдерін зерттеу
Талдау объектісі	Ұйым, оның қаржылық жағдайы	Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-қаржылық қызметтерінің әртүрлі аспектілері
Талдау субъектілері (орындаушылары)	Ұйымға қызығушылық танытқан басқа тұлғалар мен ұйымдар	Ұйымның ішкі құрылымдық бөлімшелері
Талдауды ұйымдастыру	Жылына 1 реттен көп емес (сәйкес инстанцияларға есептілік беру кезінде тоқсан сайын болуы мүмкін)	Қажет болған кез келген уақытта жүргізіледі
Талдаудың ақпараттық базасы	Қаржылық есептіліктің барлық нысандары	Алғашқы бухгалтерлік және оперативтік есеп мәліметтері
Ақпараттардың қол жетімділігі:	Барлық тұтынушылар үшін ашық (БАҚ жарияланады)	Коммерциялық құпия, ішкі басқару үшін пайдаланылады
Ақпараттарды пайдаланушылар	Ұйымның қаржылық жағдайына қызығушылық танытқан кезкелген тұлғалар	Ұйым менеджерлері, директорлар кеңесі, филиал басшылары, цехтардың басшылары, бригадирлер, шеберлер
Есеп жүйесін пайдалану	Қаржылық есептілік мәліметтері негізінде қатаң жүйеленген талдау	Жүйелі ұйымдастырылған талдауды жүргізу міндетті емес. Бухгалтерлік, оперативтік, статистикалық және алға қойылған

		мақсатқа жетуге қажетті кез келген ақпараттар
Ақпараттарды өлшеу	Ақшалай өлшемдер	Ақшалай, натуралды, еңбек өлшемдері
Талдаудың бағытталуы	Ұйымның қаржылық жағдайына негізделген баға беру	Шығындарды төмендету және пайданы жоғарылату резервтерін анықтау, басқару шешімдерін негіздеу
Талдауды жүргізудегі таңдау еркіндігі	Қаржылық есептілік мәліметтері бойынша оны жүргізудің жалпы қабылданған қағидаларын сақтау	Жүргізудің нақты бекітілген нормалары, жалпы қабылданған әдістемелері жок
Жалпылау нысандары	Салыстырылған мәліметтер көрсетілген кестелік материалдар	Жүргізілген талдау туралы есеп, негізделген басқару шешімдерін іске асыру бойынша бағдарламалар жасау
Сенімділік деңгейі	Көбінесе субъективті; қаржылық есептілікте кеткен қателерге байланысты нақты болмауы мүмкін. Мұндай қателер аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы түзетіледі	Жүргізу мақсатына байланысты анықталады, ұйымдағы ішкі ревизиялық топ немесе ішкі аудит тобы растаған нақты алғашқы мәліметтер қолданылады

Сонымен, басқарушылық талдауда кешенді экономикалық ақпараттар қолданылады, ол оперативті сипатқа ие және толығымен ұйым басшылығына бағынады. Басқарушылық талдау ғана ұйымның жағдайын нақты бағалауға, өндірілген және сатылған өнімдердің өзіндік құндарының құрылымын зерттеуге, коммерциялық және басқарушылық шығындарының құрамын анықтауға мүмкіндіктер береді.

3. Басқарушылық талдаудың ақпарат көздері

Ұйым қызметінің өндірістік процесінің әрбір кезеңінде басқарушылық талдау үшін қажетті негізгі ақпарат көздерінің құрамын келесідей түрде көрсетейік (схема 2).




Схема 2. Басқарушылық талдаудың ақпараттық негіздері

4. Басқарушылық талдаудың жүргізу сатылары

Өндірістік процесс кезеңдері бойынша ұйым қызметіне басқарушылық талдау жүргізу сатыларын келесі кесте түрінде көрсетеміз (кесте 7).

7-кесте

Басқарушылық талдау сатыларының мазмұны

Басқарушылық талдауды жүргізу сатылары	Сатыдағы кезеңдердің мазмұны		
	Қамтамасыз ету	Өндіріс	Сату
1. Талдаудың мақсатын, субъектілері мен объектілерін анықтау	Ұйымның сапалы ресурстарға деген қажеттілігін анықтау және материалдық шығындарды төмендету	Өнім өндіру шығындарын азайту, ұйымның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету	Өнімдерді сату көлемін жоғарылату, коммерциялық шығындарды төмендету
2. Ақпараттарды жинау	Материалдық-өндірістік қорлар құрамы мен мөлшері жөнінде, оларды сатып алудың және пайдаланудың қолданыстағы нормативтері жөнінде, материалдық ресурстардың бағасы, қоймадағы сақтау шығындары, жабдықтаушылардың сенімділік дәрежесі, тауарлар ассортименті, шикізаттарды сатып алудың мүмкін болатын жолдары жөнінде ақпарат жинау.	Тұрақты және айнымалы шығындардың құрамы мен мөлшері, жоспарлау кезеңі уақытының ұзақтығы (мәс-штабтық база жөнінде), өндіріс шығындарының мөл-шері, жабдықтар және сатып алу жөнінде, жаңа жабдықтарды сатып алу бағасы мен қуаттылығы, ескі жабдықтардың өндірістік қуаты, оларға қызмет көрсету шығындарының мөлшері, өндірістік	Сатылған өнімнің өзіндік құны, оның құрамы мен қалыптасу әдістері, айнымалы шығындар мөлшері, жиынтық пайда деңгейі, жоспарлау кезеңнің ұзақтығы, бәсекелестердің ұқсас өнімдеге белгілетен баға деңгейі, нарықтағы сұраныс пен ұсыныс деңгейі, өнімдерді сату бағасының

3. Талдаудың нақты әдістемесін қолдану, көрсеткіштер жүйесін анықтау, және есептеулерді орындау	Формальді емес (логикалық) талдау тәсілдерін қолдану: салыстыру, талдамалық кестелерді құрастыру, экономикалық статистика әдістерін қолдану: графиктік әдіс, топтастыру және өзге формальді (математикалық) әдістерді қолдану: шешім қабылдау теориясының әдістері – сызықтық бағдарламалау, факторлық талдау тәсілдері	жабықтардың жүктеме дәрежесі жөнінде ақпарат жинау. Формальді (математикалық) әдістерді қолдану, мысалы: экономикалық статистика әдістерін (индекстік әдіс), факторлық және инвестициялық талдау тәсілдері, ситуациалық талдау (имитациялық моделдеу және басқалары).	мөлшері, түсім мөлшері жөнінде ақпарат жинау. Маржиналды талдау тәсілдерін, факторлық талдау тәсілдерін, коэффициенттік талдау тәсілдерін (сұраныс пен ұсыныстың икемділік коэффициенттерін есептеу), кластерлік талдау, экономика-математикалық әдістерді қолдану.
4. Іс-әрекеттердің тиімді нұсқасын таңдау	Тиімді моделдеу әдістері негізінде салыстыру (шешімдер ағасын) шикізатты (қант қызылшасын, қант шикізатын) жабыдқтаушылардан ақысына сатып алу немесе өзі өндіру баламаларын салыстыру; бөліп төлеу немесе жеңілдіктермен сатып алуды ұсынатын жабыдқтаушылармен келісімдер жасау.	Мүмкін болатын баламалардан тиімдісін таңдап алу: қолдан бар өндірістік ғимараттарды модернизациялау (реконструкциялау) немесе жаңасын салу баламаларынан таңдау жасау; қант зауытының құрамын арттыру немесе қант қызылшасын сақтауға арналған бүтінгі күн талаптарына сай үздіксіз қызметті қамтамасыз ететін жана қойма құрылысына қаражат салу.	Пайданы арттыру жолдарын іздеу: : - өнімдердісату бағасын, немесе сатылатын өнім көлемін арттыру арқылы; - тұрақты клиенттерге сатылған өнім құнын бөліп төлеу мүмкіндігін беру немесе көгерме сатып алушылар үшін жеңілдіктер жүйесін ендіру.
5. Нәтижелерді жалпылау	Ең ұтымды басқару шешімін көрсете отырып жиындарын шығару, кестелерді, диаграммаларды, есептіліктерді құрастыру		

Басқарушылық талдауды ұйымдастырудың негізгі сатыларына мыналар жатады:

1. Экономикалық талдаудың субъектілерін, объектілерін зерттеуді ұйымдастыруды анықтау.

2. Экономикалық талдауды ақпараттармен қамтамасыз ету.

3. Мәліметтерді аналитикалық талдау.

4. Талдаудың нәтижелерін рәсімдеу.

5. Талдау нәтижелері бойынша ұсыныстарды өндіріске енгізуді бақылау.

Талдаудың нәтижелері құжаттар түрінде рәсімделуі тиіс. Оларға түсіндірме хат, анықтама, қорытынды есеп берулер жатады.

Түсіндірме хат мынадай сұрақтарды қамтиды:

1) кәсіпорынның экономикалық даму деңгейін;

2) шаруашылық жағдайын;

3) қызметтің жеке бағыттар және жоспарының орындалуын көрсетуге тиісті.

Анықтама мен қорытындылар түсіндірме хаттан айырмашылығы олар жетіспеушіліктер анықталған резервтерді өндіріске енгізуді нақты көрсету кезінде қажет етеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Басқарушылық талдаудың қажеттілігін негіздеңіз

2. Басқарушылық талдаудың мақсаты мен міндеттері қандай?

3. Басқарушылық талдаудың рөлі мен мәні. Басқарушылық және қаржылық талдаудың салыстырмалы сипаттамасы.

4. Басқарушылық талдаудың ақпарат көздері.

5. Басқарушылық талдаудың жүргізу сатылары.

5. ҰЙЫМНЫҢ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

1. Ұйымның маркетингтік қызметін талдаудың маңызы мен міндеттері.

2. Өнімге деген сұранысты талдау және тапсырыстар қоржынын қалыптастыру.

3. Талап етілмейтін өнімнің тәуекелділігін бағалау.

4. Өнім өткізу нарығын талдау.

5. Кәсіпорынның баға саясатын талдау.

6. Өнімнің бәсеке қабілеттілігін талдау.

1. Ұйымның маркетингтік қызметін талдаудың маңызы мен міндеттері

Кез келген ұйым өз қызметін жоспарламас бұрын, ең алдымен, қандай өнімді, қандай көлемде, қайда, қашан және қандай баға бойынша сататынын білуі керек. Ол үшін өнімге деген сұранысты, оны өткізу нарықтарын, оның сыйымдылығын, нақты және потенциалды бәсекелестерін, бәсекелес баға бойынша өндірісті ұйымдастыру мүмкіндіктерін зерттеу керек. Ұйымның соңғы қаржылық нәтижесі мен қаржылық тұрақтылығы осыған тәуелді болады. Яғни барлық ұйымдардың қызметі маркетингтік талдаудан басталады.

Маркетингтік талдаудың негізгі міндеттері:

– өнімге деген төлем қабілеттілігі бар сұранысты, оларды өткізу нарықтарын зерттеу;

– өнімдерді өндіру мен сату жоспарларын негіздеу;

– бір өнімге деген сұраныстың икемділігін қалыптастыратын факторларды талдау және талап етілмейтін өнімдердің тәуекелділік деңгейін бағалау;

– өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау және оның деңгейін жоғарылату резервтерін іздестіру;

– сұранысты қалыптастыру және өнімдерді өткізуді ынталандырудың стратегиясын, тактикасын, әдістерін және құралдарын жасау;

– өнімдерді өндіру мен өткізу тиімділігін бағалау.

2. Өнімге деген сұранысты талдау және тапсырыстар қоржынын қалыптастыру

Маркетингтік талдаудың негізгі мақсаты – өнімге деген сұранысты талдау және тапсырыстар қоржынын қалыптастыру. Ұйымның өндірістік қуаттылығы және қызметті әрі қарай жалғастыру процесінде оны пайдалану деңгейі тапсырыстар қоржынына байланысты болады. Егер қандай да бір себептермен өнімге деген сұраныс төмендесе, онда сәйкесінше тапсырыстар қоржыны төмендейді, өндіріс құлдырайды, өнімдердің өзіндік құндары мен шығындар көлемі жоғарылайды, осылардың әсерінен ұйым банкрот болуы мүмкін. Сондықтан да өндірілетін өнімге деген сұранысты талдаудың маңыздылығы өте жоғары.

Сұраныс – бұл экономикалық категория ретінде тұтынушы қалайтын және белгілі бір баға бойынша сатып алуға мүмкіндігі бар тауарлар көлемін сипаттайды.

Сұраныс көлеміне көптеген факторлар әсер етеді, олар: ұсынылатын тауардың бағасы, оның сапасы, тұтынушылардың табыстары, тұтынушылық артықшылық, бірін-бірі алмастыратын тауарлардың бағасы, нарықтың толығыуы, салымдар бойынша пайыздық қойылымдар және т.б.

Сұраныстың бағаның өзгеруіне деген сезімталдық деңгейі баға икемділігі коэффициентінің көмегімен өлшенеді (E_p):

$$E_p = \frac{i \text{ тауарына сұраныс көлемінің пайыздық өзгеруі}}{\text{тауар бағасының пайыздық өзгеруі}}$$

Табыс бойынша сұраныс икемділігінің коэффициенті (E_d) тұтынушылардың табыстары өзгерген кездегі тауарларға деген сұраныстың сезімталдық деңгейін сипаттайды:

$$E_d = \frac{i \text{ тауарына сұраныс көлемінің пайыздық өзгеруі}}{\text{тұтынушылар табысының пайыздық өзгеруі}}$$

Егер осы коэффициенттердің мөлшері 1-ден жоғары болса, онда сұраныс икемді, ал 1-ден төмен болса, онда икемсіз.

Икемділік коэффициенті нөлге тең болса, онда сұраныс икемсіз, яғни бағаның өзгеруі өнімге деген сұраныстың өзгеруіне әсерін тигізбейді.

Егер икемділік коэффициенті 1-ге тең болса, онда бұл сұраныстың өсу қарқыны бағаның төмендеу қарқынына тең болатынын көрсетеді.

Егер бағаның өзгермеген немесе оның өсуі жағдайында өнімдерге деген сұраныс тұтынушылық мүмкіндіктерге дейін жоғарылаған жағдайда сұраныс абсолютті икемді болып табылады, бұл көбінесе инфляция жағдайында болады.

Келесі кесте мәліметтері негізінде Д өнімі бойынша баға икемділігін анықтайық.

8-кесте

Өнімге қатысты баға икемділігі

Баға, Теңге	Сұраныс көлемі	Өсім қарқыны, %		Сұраныс икемділігінің коэффициенті	Көлемі, теңге		
		Баға	Сұраныс		Түсім	Шығын	Пайда
6,00	3000				18000	13250	4750
6,25	2850	+4,16	-5,00	1,20	17812	12837	4975
6,50	2650	+4,00	-7,00	1,75	17225	12425	5125
7,00	2400	+7,70	-11,10	1,42	16800	11600	5100
7,50	2150	+7,14	-10,40	1,45	16125	10912	5213
7,80	2050	+4,00	-4,65	1,16	15990	10638	5325
8,00	1950	+2,56	-4,87	1,90	15600	10360	5240
8,20	1870	+2,50	-4,10	1,64	15334	10142	5192

$$\text{Баға} = 6,25 / 6,00 * 100 - 100 = 4,16;$$

$$\text{Сұраныс көлемі} = 2850 / 3000 * 100 - 100 = -5,00.$$

Алынған нәтижелерді салыстыра отырып, сұраныстың төмендеу қарқыны бағаның өсу қарқынынан жоғары екендігін көреміз.

Егер ұйымның негізгі мақсаты нарықты бағындыру емес, ең жоғары болатын болса, онда бағаның 7,8 теңге деген нұсқасын таңдаған тиімді болып табылады.

3. Талап етілмейтін өнімнің тәуекелділігін бағалау

Сұранысты зерттеу тұтынушының тауарды сатып алудан бас тартуынан пайда болатын талап етілмейтін өнімнің тәуекелділігін бағалаумен тығыз байланысты. Ол ұйымның мүмкін болатын материалдық және моральдық зиян көлемімен анықталады. Әрбір ұйым егер өнімдерінің қандай да бір бөлігі сатыл-

май қалған жағдайда жоғалтулар көлемінің қандай болатынын білуі керек. Талап етілмейтін өнімдер тәуекелділігін төмендету үшін жоғалтуларға жол бермеу немесе оны төмендету жолдарын іздестіру мақсатымен оның пайда болу факторларын зерттеу керек.

Ішкі себептер:

- ұйым қызметкерлерінің жасаған өнімге деген сұраныс болжамының дұрыс болмауы;
- өткізу нарығындағы ұйымның баға саясатының дұрыс болмауы;
- шикізаттар, құрылғылар сапасының және персоналдар біліктіліктерінің төмен болуы нәтижесінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі;
- өнімдерді сату мен жарнамалау процестерін тиімсіз ұйымдастыру.

Сыртқы себептер:

- сатып алушылардың төлеу қабілеттіліктерінің жоқтығы;
- салымдар бойынша пайыздық ставкалардың өсуі;
- демографиялық, әлеуметтік, саяси және т.б. себептер.

Талап етілмейтін өнімдер тәуекелділігі өндірісті қамтамасыз ету, өндіріс және сату сатыларында пайда болуы мүмкін. Егер тәуекелділік өндірісті қамтамасыз ету сатысында пайда болса, онда ұйымның шегегін зиян мөлшері төмен болады, яғни экономикалық зиян тек нарықты зерттеуге кеткен шығындардан ғана тұрады. Өндірісті қамтамасыз ету сатысында тәуекелділік байқалса, онда өнімнің бұл түрін өндіруді тоқтатып, оны басқа өнім түрлерімен алмастыруға болады. Ал егер бұл тәуекелділік өндірістік немесе сату сатыларында пайда болса, онда бұл жағдай ұйымның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізеді. Өндірістік сатыда өнімнің дизайнына, конструкциясына, бағасына өзгерістер енгізе отырып, тәуекелділік деңгейін азайтуға болады. Ал егер тәуекелділік өнімді өндіріп болғаннан кейін пайда болса, онда банкротқа ұшырамау жолдарын іздестіру керек. Себебі талап етілмейтін өнім ұйым үшін зиян болып табылады.

Сондықтан да әрбір тауар оған деген төлемқабілеттілігі бар сұраныс болған жағдайда ғана өндірілуі керек (олар келісім-шарттармен бекітілуі керек).

Енді өнімдерді өндіру жоспарының жеткізу келісімшарттарымен қамтамасыз етілуін талдайық. Ол үшін келесі кесте мәліметтерін пайдаланайық.

9-кесте

Өндіру жоспарының қамтамасыз етілуі

Өнім түрлері	Бекітілген келісім-шарт бойынша жеткізу көлемі	Жыл басындағы өнімдердің қалдығы	1 жылға өнімді өндіру жоспары	Өнімдерді шығарудың келісім-шарттармен қамтамасыз етілуі, %
1	2	3	4	$5=(2/(3+4))*100$
А	4800	150	5760	81,2
В	5300	110	5600	92,8
С	3200	60	2743	114,0
Д	2600	40	1920	132,6

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, С және Д өнімдерін өндіру жоспары келісімшарттармен толығымен қамтамасыз етілген. А және В өнімдері бойынша өнімдерді өндіру жоспарылары 81,2 және 92,8 пайызға ғана қамтамасыз етілген.

Талап етілмейтін өнімдердің тәуекелділігін бағалау үшін дайын өнімдер қалдығының динамикасына талдау жүргіземіз.

10-кесте

Дайын өнімдер қалдығының динамикасы

Өнім түрлері	Жыл басындағы қалдық	Нақты өндірілген өнімдер	Өнімдерді сату көлемі	Жыл соңындағы қалдық	өсім	
					абс	%
1	2	3	4	$5=(2+3-4)$	$6=(3-4)$	$7=(5/2*100-100)$
А	150	5040	4850	340	+190	126
В	110	5544	5300	354	+244	222
С	60	3168	3050	178	+118	197
Д	40	2688	2560	168	+128	320

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, есептік жылы сатылмаған өнімдер қалдығы көбейген, бұл сұраныстың төмен-

деуін білдіреді. Осы мақсат үшін ұйым белгілі бір шаралар қабылдауы керек, мысалы, өнімдердің бағасын төмендету немесе сыртқы түріне, жарнамаға деген қосымша шығындарды көбейту қажет.

4. Өнім өткізу нарығын талдау

Өнім өткізу нарығына сату көлемі, бағаның орташа деңгейі, өнімдерді сатудан түскен түсім, алынған пайда сомасы және т.б. тәуелді болады. Өнімдерді өткізу нарығына талдау жүргізу үшін, ең алдымен, ұйым өндіретін өнімдердің әрбір түрлерінің жағдайын соңғы 3-5 жылға зерттеу керек.

11-кесте

Өнімдерді өткізу нарығының динамикасы

Көрсеткіштер	Ішкі нарық			Экспорт		
	2009	2010	2011	2009	2010	2011
А өнімі бойынша						
– өнімді сату көлемі	5000	5000	4500	1000	500	350
– өнім бірлігінің бағасы	4,6	4,8	5,0	8,0	8,0	7,77
– өнім бірлігінің өзіндік құны	4,0	4,2	4,4	5,2	5,4	5,78
– пайда	3000	3000	2700	2800	1300	695
– рентабелділік, %	13	12,5	12	35	32,5	25,6
В өнімі бойынша						
– өнімді сату көлемі	5200	5250	5300	-	-	-
– өнім бірлігінің бағасы	5,5	5,8	6,1	-	-	-
– өнім бірлігінің өзіндік құны	4,7	4,9	5,12	-	-	-
– пайда	4160	4725	5194	-	-	-
– рентабелділік, %	14,5	15,5	16	-	-	-
С өнімі бойынша						
– өнімді сату көлемі	2000	2050	2300	-	500	750
– өнім бірлігінің бағасы	6,5	6,7	7,0	-	8,0	8,4
– өнім бірлігінің өзіндік құны	5,0	5,2	5,4	-	6,0	6,0
– пайда	3000	3075	3680	-	1000	1800
– рентабелділік, %	23	22,4	23	-	25	28,5
Д өнімі бойынша						
– өнімді сату көлемі	1000	950	1160	500	850	1400
– өнім бірлігінің бағасы	6,0	6,5	7,2	8,0	8,1	8,3
– өнім бірлігінің өзіндік құны	4,7	5,0	5,5	5,2	5,6	6,0
– пайда	1300	1425	1972	1400	2125	3220
– рентабелділік, %	28,3	30,0	30,9	53,8	44,6	38,3

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, соңғы 2 жылдың ішінде А өніміне деген сұраныс төмендеген, әсіресе сыртқы нарықта. В өнімі бойынша сату көлемі мен табыс көлемінің тұрақтылығы байқалады. С және Д өнімдері бойынша өнім көлемі мен табыс жоғарылаған. (Пайда = өнім бірлігінің бағасы – өнім бірлігінің өзіндік құны×сатылған өнімдердің көлемі; Рентабелділік = пайда / түсім (сатылған өнім көлемі×өнім бірлігінің бағасы))

Енді келесі кесте арқылы өткізу нарығының құрылымы мен олардың табыстылық деңгейлеріне талдау жүргізейік.

12-кесте

Өткізу нарығының құрылымы

Өнім түрлері	Өткізу нарығының құрылымы, %			Өткізу нарығындағы өнімнің табыстылығы%	
	ішкі	Экспорт	барлығы	ішкі	сыртқы
А	92,8	7,2	100	12	25,6
В	100	-	100	16	-
С	75,4	24,6	100	23	28,5
Д	45,3	54,7	100	30,9	38,5

Өткізу нарығының құрылымы мен олардың табыстылығын талдау (2011 жыл бойынша: $92,8=4500/(4500+350)\times 100$; $75,4=2300/(2300+750)\times 100$)

Талдау нәтижесі бойынша тауарларды 4 категорияға бөледі:

– «жұлдыздар» – ұйымдарға негізгі пайда алып келетін және экономикалық өсуге әсерін тигізетін тауарлар;

– «сауын сиырлар» – кемеліне келген кезеңдегі тауарлар, белгілі бір деңгейде экономикалық өсуге әсерін тигізеді, инвестицияларды қажет етпейді, пайда әкеледі, олар «қиын балаларды» қаржыландыруға қолданылады.

– «қиын балалар» – бұлар, әдетте жарнаманы қажет ететін жаңа тауарлар, әзірге пайда әкелмейді, бірақ болашақта «жұлдыздар» болуы мүмкін.

– «жолы болмағандар» – өмір сүруге қабілетті емес тауарлар, экономикалық өсуге әсер етпейді, пайда әкелмейді.

Өнімдерді осындай топтарға бөлу ұйымға болашақта «жұлдыз» болуы мүмкін «қиын балаларды» қаржыландыруға бағытталатын дұрыс стратегияны таңдауға мүмкіндіктер береді.

Бұл жағдайда әрбір тауарлардың нарықтың жеке сегменттерінің қандай сатысында екендігін ескеру керек:

– нөлдік саты – жана тауар жасау стратегиясын зерттеуді және өндіріске енгізуді сипаттайды.

– бірінші сатыда тауарларды нарыққа шығару тауардың нарықта өз орнын табуы зерттеледі. Бұл сатыдағы пайда жоғары болады.

– екінші сатыда (сатудың өсуі мен дамуы) тауар пайда әкеле бастайды, ол шығындардың орнын жылдам жауып, пайданың негізгі көзіне айналады. Бірақ тауарды нарықта одан әрі қарай жылжыту үшін жарнамалық қолдауға шығындар жұмсауды талап етеді.

– үшінші саты (кемеліне келген) – тауардың нарықта тұрақты орны бар, сұранысқа ие және үнемі табыс әкеліп отыратын саты.

– төртінші сатыда (толығы және тоқырауы) сату көлемі бірден өзгермейді, одан кейін әртүрлі себептердің әсер етуінен бірден төмендейді (тұтынушыларды жалықтырады). Бұл сатыда тауарға деген сұраныс тоқырауының алдын алу үшін оны жетілдіру керек немесе басқалармен айырбастау қажет.

Талданып отырған ұйымда «жұлдыздар» категориясына С және Д өнімдері жатады.

5. Ұйымның баға саясатын талдау

Маркетингтік талдаудың неғұрлым маңызды бағыттарының бірі – тауар нарығындағы ұйымның баға саясаты болып табылады. Баға ұйымның пайданы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, оған деген сұранысты жоспарлауды қамтамасыз етеді. Баға арқылы соңғы коммерциялық мақсат іске асырылады, ұйым қызметінің тиімділігі анықталады.

Баға саясаты – бұл қысқа және ұзақ мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету (нарықтағы белгілі бір үлесті иемдену, нарықта лидер болу, жоспарланған пайда мөлшерін алу, пайданы жоғарылату, нарықта өмір сүру және т.б.) үшін ұйымның бағаны белгілі бір деңгейде белгілеуі және оны нарықтағы жағдайға байланысты өзгертуі.

Ұйымның баға саясатын зерттеуде және өнімге деген бағаның негізділігін талдауда келесідей сұрақтар маңызды болып табылады:

- бағаның өзгеруіне (сұраныстың икемділігіне) тұтынушылардың реакциясы қандай?
- ынталандырушы баға саясаты қолданылады ма?
- бәсекелестердің бағасымен салыстырғанда ұйым бағасы тартымды ма?
- осы ұйымдағы баға белгілеу саясаты бәсекелестердің баға саясатымен салыстырғанда несімен ерекшеленеді?
- бәсекелес ұйымдардың бағалары өзгерген жағдайда ұйым қандай іс-әрекеттер жасайды?

Өнім түрлеріне қойылған баға деңгейін салыстырмалы талдау үшін келесі кесте мәліметтерін пайдаланайық.

13-кесте

Баға деңгейін салыстырмалы талдау

Өнім түрлері	1 дана үшін белгіленген баға деңгейі, теңге				
	Ішкі нарықта			Импорттер елдерде	
	Талданып отырған ұйымда	Сала бойынша орташа	Бәсекелес ұйымда	Талданып отырған ұйымда	Нарық бойынша орташа
А	5,0	5,0	5,5	7,7	10,0
В	6,1	6,0	6,4	-	-
С	7,0	6,7	6,8	8,4	12,0
Д	7,2	7,0	7,0	8,3	12,0

Өнім түрлеріне қойылған баға деңгейін салыстырмалы талдау.

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, талданып отырған ұйым ішкі нарықта неғұрлым икемді баға саясатын жүргізіп отыр. Өнімнің алғашқы екі түріне деген сұраныстың азаюын тез арада ескере отырып, олардың бағасын бәсекелес ұйымдармен салыстырғанда төмендеткен, бір уақытта соңғы екі тауардың сұранысқа ие болғандығын ескере отырып, олардың бағасын жоғарылатқан.

Ұйымның баға саясаты тауардың өмірлік циклін ескере отырып, үнемі түзетілуі керек. Тауардың нарыққа енуі кезінде, әдетте «қаймағын алу» саясаты қолданылады. Нарықтағы үлесі жоғарылаған жағдайда баға белгілеу саясаты ұзақ мерзімді болашаққа бағытталуы керек. Танылған кезеңінде, әдетте қысқа мерзімді пайда болуға бағытталу керек, ал құлдырау кезеңінде жаңа тауар шыққанша жеңілдіктер қолданылуы керек.

6. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдау

Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – тауардың бәсекелес тауардан артықшылығын көрсететін сипаттамасы.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау тұтынушылардың қажеттіліктері мен нарық талаптарын зерттеуге негізделеді. Тауар тұтынушының талаптарын қанағаттандыру үшін ол белгілі бір параметрлерге сай болуы қажет, олар:

- техникалық (оның қолданылуы);
- эстетикалық (сыртқы түрі);
- нормативтік (тауардың белгілі бір нормалар мен стандарттарға сәйкестігі);
- экономикалық (бағасы, сервистік қызмет көрсету, тұтынушының мүмкіндігі) және т.б.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдаудың міндеттері:

- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау және болжау;
- оған әсер ететін факторларды зерттеу;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейін қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалау үшін талданып отырған өнім параметрлерін бәсекелес өнімдермен салыстыру керек, сол арқылы алынған нәтижелерді салыстыру қажет. Осы мақсат үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің дара, топтық және интегралдық көрсеткіштері салыстырылады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маңызды бағыттары – тауар қозғалысы, сауданы ұйымдастыру процесі, сатып алушыларға сервистік қызмет көрсету, өнімдерді жарнамалауды жетілдіру.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Ұйымның маркетингтік қызметі түсінігі, оны талдаудың мақсаты мен міндеттері.
2. Өнімге деген сұранысты талдау және тапсырыстар қоржынын қалыптастыру.
3. Талап егілмейтін өнімнің тәуекелділігін бағалау.
4. Өнім өткізу нарығын талдау.
5. Кәсіпорынның баға саясаты және баға деңгейін талдау.
6. Өнімнің бәсеке қабілеттілігін талдау.

6. ӨНІМДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУДІ ТАЛДАУ

1. Өнімді өндіру мен өткізуді талдаудың міндеттері
2. Өнімдерді өндіру мен өткізу бойынша жоспардың орындалуын талдау.
3. Өнімдердің ассортименті мен құрылымын талдау.
4. Өнімдердің сапасын талдау.

1. Өнімді өндіру мен өткізуді талдаудың міндеттері

Өнімдерді өндіру мен өткізу көлемі бір-бірлерімен өзара байланысты көрсеткіштер болып табылады. Өндіріс мүмкіндіктері шектеулі және шектеусіз сұраныс жағдайында өнім өндірісінің көлеміне басымдылық беріледі, ол өз кезегінде сату көлемін анықтайды. Алайда нарық толыққан және бәсеке күшейген кезде ұйымның негізгі өндірістік бағдарламаларының бірі сату көлемін неғұрлым жоғарылату болып табылады. Ұйым нақты сатылуы мүмкін тауарларды ғана өндіруі керек.

Өнімдерді өндіру мен өткізу көлемінің өсу қарқыны және олардың сапасын жоғарылату ұйымның шығындарына, пайдасы мен рентабелділігінің көлеміне тікелей әсерін тигізеді. Сондықтан да осы көрсеткіштерді талдаудың маңыздылығы жоғары.

Талдаудың негізгі міндеттері:

- өнімдерді өндіру және өткізудің динамикасын және жоспардың орындалу деңгейін бағалау;
- осы көрсеткіштерге әсер ететін факторларды анықтау;
- өнімдерді шығару мен сатуды жоғарылатудың ішкі резервтерін анықтау;
- анықталған резервтерді игеру бойынша шаралар жасау.

Талдау объектілері:

- өнімдерді өндіру мен өткізудің жалпы көлемі.
- өнімдердің сапасы.
- өнімдерді өндіру мен өткізу құрылымы.
- өнімдерді өндіру мен өткізудің ырғақтылығы.

Өнімдерді өндіру мен өткізуді талдау үшін ақпараттар көздеріне мыналар жатады:

- ұйымның бизнес-жоспары;
- пайда мен зиян туралы есеп.

Өнімдерді өндіру мен өткізу жоспарының орындалуы

Өнімдер	Өнімдерді өндіру көлемі, мың теңге				Өткізу көлемі, мың теңге			
	жоспар	нақты	±,-	жоспарға қатысы, % (нақты/жоспар*100-100)	жоспар	нақты	±,-	жоспарға қатысы, % (нақты/жоспар*100-100)
А	28 800	25 200	-3600	-12,5	28 500	24 250	-4250	-14,9
В	33 600	33 264	-336	-1,0	33 600	31 800	-1800	-5,35
С	19 200	22 176	+2976	+15,5	18 900	21 350	+2450	+13,0
Д	14 400	20 160	+5760	+40,0	14 250	19 200	+4950	+34,7
Барлығы	96 000	100 800	+4800	+5,0	95 250	96 600	+1350	+1,42

2. Өнімдерді өндіру мен өткізу бойынша жоспардың орындалуын талдау

Ұйымдағы өнімдерді өндіру мен өткізу бойынша жоспарлардың орындалуына талдау жүргізу үшін келесі кесте мәліметтерін пайдаланайық.

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, дайын өнімдерді өндіру бойынша жоспар 5% артық орындалған, ал өткізу бойынша тек қана 1,42% орындалған. Бұл аяқталмаған өнімдер қалдығының жоғарылауын көрсетеді.

Өнімдерді өткізуді талдау өнімдерді жеткізу бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын талдаумен тығыз байланысты. Келісімшарттар бойынша жоспардың орындалмауы ұйым үшін түсімдер мен пайданың азаюына әкеледі. Сонымен бірге бәсекелестік жағдайында ұйым өнімдерді өткізу нарығын жоғалтуы мүмкін, бұл жағдай өндірістің тоқырауына әкеледі.

Талдау барысында бір ай ішіндегі жеткізу жоспарының орындалуын анықтауы керек.

15-кесте

Өнімдерді жеткізу жоспарының орындалуы

өнімдер	тұтынушылар	Келісімшарт бойынша жеткізу жоспары	Нақты жөнелтілгені	Өнімдердің жеткізілмеуі	Жоспар көлеміндегі есептік көлем
A	1	800	850		800
	2	800	750	-50	750
	3	600	700		600
B	1	500	500		500
	2	1200	1050	-150	1050
барлығы		8000	8500	800	7200

Наурыз айындағы өнімдерді жөнелту бойынша келісім-шарттық міндеттемелердің орындалуын талдау

Келісімшарттық міндеттемелердің орындалу пайызы келесі формуламен анықталады:

$$K_{\text{к-ш}} = \frac{\text{ӨЖ}_{\text{ж}} - \text{ӨЖ}_0}{\text{ӨЖ}_{\text{ж}}};$$

Мұндағы,

$K_{\text{к-ш}}$ – келісімшарттық міндеттемелердің орындалу коэффициенті;

$\text{ӨЖ}_{\text{ж}}$ – жоспар бойынша өнімдерді жөнелту;

ӨЖ_0 – өнімдерді жөнелтудің орындалмауы.

$$K_{\text{к-ш}} = \frac{\text{ӨЖ}_{\text{ж}} - \text{ӨЖ}_0}{\text{ӨЖ}_{\text{ж}}} = \frac{8000 - 800}{8000} = 0,9 \text{ немесе } 90\%$$

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, наурыз айында келісім-шарт бойынша өнімдердің жеткізілмеуі 800 мың теңгеге немесе 10% орындалмаған.

3. Өнімдердің ассортименті мен құрылымын талдау

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне өнімдерді өндіру мен өткізудің ассортименті (номенклатурасы) мен құрылымы әсерін тигізеді.

Ұйым өнімдерді шығару ассортименті мен құрылымын қалыптастыру кезінде бір жағынан осы өнімдерге деген сұранысты, екінші жағынан, қолдарында бар еңбек, шикізат, қаржылық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануды ескеруі керек. Ассортиментті қалыптастыру жүйесі келесідей сұрақтардан тұрады:

– сатып алушылардың ағымдық және болашақтағы қажеттіліктерін анықтау;

– шығарылған немесе шығару жоспарланған өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін бағалау.

Өнімдердің ассортимент бойынша жоспарының орындалуын бағалау, әдетте бір атаулы коэффициенттің көмегімен жүзеге асырылады.

Өнімдердің ассортимент бойынша жоспарының орындалуы

Өнімдер	Өнімдерді өндіру көлемі, мың теңге		Жоспардың орындалу пайызы (нақты/жоспар*100)	Ассортимент бойынша жоспардың орындалуында есепке алынған өнімдердің көлемі, мың теңге
	жоспар	нақты		
А	28 800	25 200	87,5	25 200
В	33 600	33 264	99,0	33 264
С	19 200	22 176	115,5	19 200
Д	14 400	20 160	140,0	14 400
Бар-лығы	96 000	100 800	105,0	9, 064

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, өнімдердің ассортименті бойынша жоспар 95,9% орындалған (92 064 / 96 000*100).

Өнімдердің бір түрі бойынша өндіріс немесе өткізу көлемін жоғарылату және екінші түрі бойынша оларды қысқарту өнімдердің құрылымын өзгертуге әкеледі, яғни өнімдердің жалпы шығарылым көлеміндегі жеке түрлерінің ара қатынасы өзгереді.

Құрылымы бойынша жоспардың орындалуы – бұл жоспарланған өнімдерді шығарудың жалпы көлемін олардың жеке түрлерінің арақатынасын өзгерте отырып сақтау.

Өндіріс құрылымын өзгерту барлық экономикалық көрсеткіштерге, яғни өнімдердің өзіндік құнына, пайдаға, рентабелділікке, құн бойынша бағаланған шығару көлеміне, материал сыйымдылығына әсерін тигізеді. Егер неғұрлым қымбат өнімдерді шығарудың үлес салмағы жоғарыласа, онда оны шығарудың құндық көрінісіндегі көлемі де жоғарылайды және керісінше.

Өнімдердің құрылымын талдау үшін келесі кесте мәліметтерін пайдаланайық.

Өнімдердің құрылымы

Өнімдер	1 дана өнімнің көтерме бағасы, мың теңге	Өнімдерді өндіру көлемі, дана		Жоспардағы баға бойынша өнімдер, мың теңге			Құрылым есебінен өнімдердің өзгеруі, мың теңге
		Жоспар	Нақты	Жоспар	Жоспарлық құрылым кезіндегі нақты	Нақты	
I	2	3	4	5 (2*3)	6	7 (2*7)	8 (6-7)
A	5000	5760	5040	28 800	29 550	25 200	-4350
B	6000	5600	5544	33 600	34 475	33 264	-1211
C	7000	2743	3168	19 200	19 700	22 176	+2476
Д	7500	1920	2688	14 400	14 755	20 160	+5385
Барлығы	-	16 023	16 440	96 000	98 500	100 800	+2300

6-бағанадағы мәліметтер 5-бағанадағы әрбір көрсеткішті жалпы ұйым бойынша өнімдердің жоспарының орындалу коэффициентіне көбейту арқылы алынған. Өнімдер бойынша жоспардың орындалу коэффициенті былай анықталады:

$$K_{\text{жо}} = \text{ұйым бойынша нақты} / \text{ұйым бойынша жоспар} \\ = 16440 / 16023 = 1,026025,$$

Мысалы, $28\,800 * 1,026025 = 29550$,

$33\,600 * 1,026025 = 34475$ және с.с. басқалары

Егер өндіріс жоспары өнімдердің барлық түрлері бойынша 102,6025% артық орындалса және жоспарланған құрылым бұзылмаса онда жоспар бағасындағы өндіріс көлемі 98 500 мың теңгені құраған болар еді. Нақты құрылымда ол 2300 мың теңгеге жоғары. Бұл шығарудың жалпы көлеміндегі неғұрлым қымбат өнімдер үлесінің жоғарылағандығын көрсетеді

4. Өнімдердің сапасын талдау

Өндірістік ұйымдар қызметіндегі маңызды көрсеткіштердің бірі өнімдердің сапасы болып табылады. Оның жоғарылауы – бәсекелес күрестің және нарықтағы позициясын сақтаудың бір жолы.

Өнімдердің жоғары сапасы өнімдерге деген сұранысты жоғарылатуға және пайда сомасын көбейтуге әсерін тигізеді. Бұл жағдайда пайдаға сату көлемі есебінен емес, жоғары баға есебінен қол жеткізіледі.

Өнімдердің сапасы – бұл өнімдердің тұтынушылық, технологиялық, дизайнерлік, эксплуатациялық қасиеттерін сипаттайтын, сонымен бірге олардың стандарттық деңгейін, сенімділігін сипаттайтын түсінік.

Өнімдердің түрлері мен пайдаланылуына қарамастан олардың сапасын сипаттайтын жалпылама көрсеткіштерге мыналар жатады:

- өнімдерді шығарудың жалпы көлеміндегі жана өнімдердің үлес салмағы;
- сапасы жоғары категориялы өнімдердің үлес салмағы;
- сорты;

– сертификатталған өнімдердің үлес салмағы және т.б.

Өнімдердің сапасын сипаттайтын жеке көрсеткіштерге мыналар жатады:

– пайдалылығы (сүттің майлылығы.....);

– сенімділігі (ұзақ пайдаланылуы);

– эстетикалылығы және т.б.

Жанама көрсеткіштер – сапасыз өнім үшін айып-пұлдар, жарамсыз (забракованный) өнімдердің көлемі мен үлес салмағы және т.б.

Өндірілген өнімдердің сапасына талдау жүргізу кезіндегі негізгі міндеттердің бірі – аталған көрсеткіштердің динамикасын, жоспардың орындалуын зерттеу, олардың өзгеру себептерін анықтау және өнімдердің сапа деңгейі бойынша жоспардың орындалуына баға беру.

Екінші міндеті – ұйым қызметінің құндық көрсеткіштеріне өнім сапасының әсер етуін анықтау, яғни өнімдерді шығару, сатылған өнімдерден үскен түсім және пайда.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Өнімді өндіру мен өткізуді талдаудың мақсаты, міндеттері мен ақпарат көздері

2. Өнімдерді өндіру мен өткізу бойынша жоспардың орындалуын талдау.

3. Өнімдердің ассортименті мен құрылымын талдау.

4. Өнімдердің сапасын талдау.

7. ӨНДІРІСТІК РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ

- 1. Талдаудың міндеттері, ақпарат көздері.**
- 2. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау.**
- 3. Материалдық ресурстарды қолдануды талдау.**
- 4. Материалдық шығындардың бір теңгесіне келетін пайданы талдау.**

1. Талдаудың міндеттері, ақпарат көздері

Өнімдерді өндіру бойынша жоспардың орындалуының, оның өзіндік құнын төмендетудің, пайда мен рентабелділікті жоғарылатудың қажетті шарттарының бірі ұйымды қажетті өндірістік ресурстармен толық көлемде және дер кезінде қамтамасыз ету болып табылады.

Ұйымның өндірістік ресурстарға деген қажеттіліктері экстенсивті (қажетті материалдардың көп көлемін сатып алумен) немесе интенсивті жолмен (қолда бар ресурстарды неғұрлым үнемді пайдалану арқылы) қанағаттандырылуы мүмкін.

Өндірістік ресурстарды талдаудың міндеттері болып:

- ұйымның материалды-техникалық қамтамасыз етілу жоспарларын, олардың орындалу деңгейін және өндіріс көлеміне, өзіндік құнға әсер етуін бағалау;
- өндірістік ресурстардың тиімді пайдалану деңгейін бағалау;
- өндірістік ресурстарды үнемдеудің ішкі өндірістік резервтерін анықтау және оларды пайдалану бойынша нақты шараларды жасау табылады.

Талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- материалды-техникалық қамтамасыз ету жоспары;
- өтініштер, материалдар мен шикізаттарды жеткізу келісімшарттары;
- материалдық ресурстардың бар екендігі және олардың пайдаланылуы туралы статистикалық есептер;
- оперативтік мәліметтер;
- материалдық ресурстардың келіп түсуі, пайдаланылуы және қалдықтары туралы аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері.

2. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау

Ұйымның өндірістік ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау үшін, ең алдымен, материалды-техникалық қамтамасыз ету жоспары тексеріледі. Жоспардың нақты екендігін тексеру ұйымның өндірістік ресурстарға деген қажеттіліктерін негізге алатын нормалар мен нормативтерді зерттеуден басталады.

Ұйымның үздіксіз жұмыс істеуінің маңызды шарттарының бірі материалдық ресурстарға деген қажеттіліктердің толық қамтамасыз етілуі болып табылады. Ол ішкі және сыртқы көздер есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін. Сыртқы көздерге бекітілген келісімшарттарға сәйкес жеткізушілерден келіп түскен материалдық ресурстар жатады. Ішкі көздерге шикізаттардың отходтарын азайту, шикізаттардың қалдықтарын пайдалану, өздері шығарған материалдар мен жартылай фабрикаттарды қолдану, ФТП жетістіктерін өндіріске енгізу нәтижесінде материалдарды үнемдеу.

Талдау жүргізу барысында материалдық ресурстарға деген қажеттіліктерді оларды жеткізу келісімшарттарымен қамтамасыз етілуін және олардың нақты орындалуын анықтау керек.

Ол үшін келесі кесте мәліметтерін пайдаланайық.

18-кесте

Материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуі

Материал түрі	Жоспарлық қажеттілік, тонна	Қажеттіліктерді жабу көздері, тонна		Бекітілген келісімшарттар, тонна	Қажеттіліктің келісімшарттармен қамтамасыз етілуі, %	Жеткізушілерден келіп түсті, тонна	Келісімшарттардың орындалуы, %
		ішкі	сыртқы				
А	4700	50	4650	4420	95,0	4190	94,8

Материалдық ресурстарға деген қажеттіліктердің келісімшарттармен қамтамасыз етілуі және олардың нақты орындалуы

Жоспар бойынша қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K_{\text{ж}}=50+4420/4700=0,951$$

Материалдарды жеткізу жоспары 10% орындалмаған.

$$K_{\text{н}}=50+4190/4700=0,90$$

Бұл А материалына деген қажеттіліктің тек 90 пайыз ғана қанағаттандырылғандығын көрсетеді.

Сонымен бірге талдау жүргізу барысында қажетті шикізаттар мен материалдардың маңызды түрлерінің қор мөлшерлерін нормативке сәйкестігі тексеріледі. Осы мақсат үшін қолда бар нақыт материалдар мен олардың орташа тәуліктік пайдаланылуы туралы мәліметтер негізінде күн бойынша материалдармен нақты қамтамасыз етілу есептеледі және оны нормативпен салыстырады.

19-кесте

Материалдық ресурстар қорларының жағдайы

Материал	Орташа тәуліктік пайдалану, тонна	Нақты қор		Қорлар нормасы, күндер		Ең жоғары нормадан ауытқу	
		Тонна	Күндер	Ең жоғарғы	Ең төменгі	Күндер	тонна
1	2	3	4 (3/2)	5	6	7 (5-4)	8 (2*7)
А	20	160	8	12	10	4	80

3. Материалдық ресурстарды қолдануды талдау

Материалдық ресурстардың пайдалану тиімділігін сипаттау үшін жалпылама және жеке көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Жалпылама көрсеткіштер қатарына:

- материалдық шығындардың 1 теңгесіне келетін пайда мөлшері;
- материалқайтарымдылығы;
- материалсиымдылығы;

– өндіріс көлемінің өсу қарқыны мен материалдық шығындардың өзара қатынасының коэффициенті;

– өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлес салмағы;

– материалдарды пайдалану коэффициенті жатады.

Материалдық шығындардың 1 теңгесіне келетін пайда мөлшері – бұл материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін көрсететін жалпылама көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіш – ұйымның негізгі қызметінен түскен пайда сомасын материалдық шығындар сомасына бөлу арқылы есептеледі.

Материалқайтарымдылығы былай анықталады:

$$M_k = \frac{\text{өндірілген өнімдердің құны}}{\text{материалдық шығындар сомасы}}$$

Бұл көрсеткіш материалдардың қайтарымдылығын сипаттайды, яғни пайдаланылған материалдық ресурстардың әрбір теңгесіне қанша өнім өндірілгендігін көрсетеді.

Материалсыйымдылығы былай анықталады:

$$M_c = \frac{\text{материалдық шығындар сомасы}}{\text{өндірілген өнімдердің құны}}$$

Бұл көрсеткіш бір өнім бірлігін өндіруге қанша материалдық шығындар қажет екендігін көрсетеді.

Өндіріс көлемінің өсу қарқыны мен материалдық шығындардың өзара қатынасының коэффициенті жиынтық өнімдер индексінің материалдық шығындар индексіне қатынасы арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш материалқайтарымдылығының динамикасын қатысты шамада көрсетеді және оның жоғарылау факторларын ашып көрсетеді.

Өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлес салмағы материалдық шығындар сомасының өндірілген өнімдердің толық өзіндік құнына бөлу арқылы анықталады. Осы көрсеткіштің динамикасы материалсыйымдылығының өзгеруін сипаттайды.

Материалдарды пайдалану коэффициенті материалдық шығындардың нақты сомасын өндірілген өнімдердің нақты кө-

леміне қайта есептелген жоспарлық материалдық шығындар сомасына бөлу арқылы есептеледі. Бұл коэффициент өндіріс процесінде материалдардың қаншалықты үнемді пайдаланылғандығын көрсетеді. Егер осы коэффициент 1-ден жоғары болса, онда өнімдерді өндіруге кеткен материалдық ресурстардың артық шығындалғандығы туралы көрсетеді, ал 1-ден төмен болса, онда материалдық ресурстардың неғұрлым үнемді пайдаланылғандығын білдіреді.

Жеке көрсеткіштері материалдық ресурстардың жеке түрлерінің пайдаланылуының тиімділігін сипаттайды.

Талдау жүргізу барысында материалдарды пайдалану тиімділігі көрсеткіштерінің нақты деңгейі жоспарлық көрсеткіштермен салыстырылады, олардың өзгеру себептері анықталады, сонымен бірге өнімдерді өндіру көлеміне әсері анықталады.

4. Материалдық шығындардың бір теңгесіне келетін пайданы талдау

Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін көрсететін көрсеткіштердің бірі материалдық шығындардың 1 теңгесіндегі пайда болып табылады. Оның жоғарылауы ұйым қызметіне оң әсер етеді. Талдау жүргізу барысында осы көрсеткіштің динамикасы, оның деңгейі бойынша жоспардың орындалуы зерттеледі, ұйымаралық салыстырулар жүргізіледі. Ол үшін келесідей факторлық үлгі ұсынылады.

$$П/МШ = П/Т*Т/ӨК*ӨК/МШ = Р*Ү*МҚ$$

Мұндағы, П – өнімдерді сатудан түскен пайда.

Т – өнімдерді сатудан түскен түсім.

Р – айналымның рентабелділігі.

Ү – өнімдерді шығарудың жалпы көлеміндегі сатылған өнімдердің үлесі.

МҚ – материалқайтарымдылығы.

МШ – материалдық шығындар.

ӨК – өндірілген өнім көлемі.

Келесі кесте мәліметтері негізінде әсерін есептейік.

Пайда әсер ететін факторларды талдау

	Көрсеткіштер	Көрсеткіштердің мәні		Ауытқуы
		t_0	t_1	
	Өнімдерді сатудан түскен пайда, (II) мың теңге	15477	18597	+3120
	Өнімдерді сатудан түскен түсім, (T) мың теңге	83414	97120	+13706
	Өнімдерді шығару көлемі, мың теңге	80000	100320	+20320
	Материалдық шығындар (МШ), мың теңге	35000	45600	+10600
	Айналымның рентабелділігі (P), % (1/2*100)	18,55	19,15	+0,60+
	Өнімдерді шығарудың жалпы көлеміндегі түсімнің үлесі, (Y) (2/3)	1,043	0,968	-0,075
	Материалқайтарымдылығы (МҚ), теңге (3/4)	2,286	2,2	-0,086
	Материалдық шығындардың 1 теңгесіндегі пайда, тиын (1/4)	44,22	40,78	-3,44

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, есептік жылда материалдық шығындардың 1 теңгесіне келетін пайда 3,44 тиынға азайған.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Өндірістік қорлармен қамтамасыз етілуі мен пайдаланылуын талдау мақсаты мен міндеттері, ақпарат көздері.
2. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау.
3. Материалдық ресурстарды қолдануды талдау.
4. Материалдық шығындардың бір теңгесіне келетін пайданы талдау.

8. ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТАЛДАУ

1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың маңызы және міндеттері.
2. Өнім жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау.
3. Жанама шығындарды талдау.
4. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау әдіс-төмесі.

1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың маңызы және міндеттері

Өнімдерді өндірудің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі өнімнің өзіндік құны болып табылады. Онда барлық өндірістік ресурстарды пайдалану нәтижесі көрініс табады. Өнімнің өзіндік құнына ұйым қызметінің қаржылық нәтижесі, өндіріс қарқыны және ұйымның қаржылық жағдайы тәуелді болады.

Өнімнің өзіндік құнын талдаудың шығындарды басқару жүйесінде үлкен маңыздылығы бар. Ол оның деңгейінің өзгеру тенденцияларын зерттеуге, нақты шығындардың нормативтен ауытқуын және олардың себептерін, өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін іздестіруге және ұйымның жұмысын бағалауға мүмкіндіктер береді.

Өнімнің өзіндік құнын талдау үшін қажетті ақпараттар көздеріне мыналар жатады: «Өнімдерді өндіруге және сатуға жұмсалған шығындар туралы есеп», өнімнің өзіндік құнын жоспарлы және есептік калькуляциялау, негізгі және көмекші өндірістер бойынша синтетикалық және аналитикалық есеп мәліметтері және т.б.

Өнімнің өзіндік құнын талдау объектілері:

- өнімнің жалпы және шығындардың элементтері бойынша толық өзіндік құны;
- шығарылған өнімнің 1 теңгесіне келетін шығындар деңгейі;
- жеке өнімдердің өзіндік құны;
- шығындардың жеке баптары және т.б.

Өнімнің өзіндік құнын талдау жалпы шығындар сомасын және оның негізгі элементтері бойынша зерттеуден басталады.

Өнімдерді өндіруге кеткен шығындардың жалпы сомасы:

- өнімдерді өндіру көлеміне;
- өнімдердің құрылымына;
- 1 өнім бірлігін өндіруге кететін ауыспалы шығындар деңгейіне;
- тұрақты шығындар сомасына байланысты өзгеруі мүмкін.

Өнімдерді өндіру көлемі өзгерген кезде тек қана *ауыспалы шығындар* (өндірістік жұмысшылардың кесімді жалақысы, тікелей материалдық шығындар) *ұлғаяды*. Ал тұрақты шығындар (амортизация, жал төлемдері, жұмысшылар мен әкімшілік-басқару персоналының мерзімді жалақылары, жалпы шаруашылық шығындары) ұйымның бұрынғы өндірістік қуаттылығы сақталған жағдайда өзгермейді.

Кез келген шығындардың түрлерін 2 фактордың әсер етуімен көрсетуге болады:

- тұтынылған ресурстардың саны (шикізаттар, материалдар, отындар, энергия және т.б.);
- ресурстардың бағасы.

2. Өнім жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау

Өзіндік құнның өзгеру себептерін неғұрлым терең зерттеу үшін жеке өнім түрлері бойынша есептік калькуляция талданады, бір өнімді өндіруге кеткен шығындардың нақты деңгейі жоспарлық және өткен кезең мәліметтерімен салыстырылады.

Бір өнім бірлігінің өзіндік құнының деңгейі келесі факторлық модель арқылы зерттеледі:

$$C_i = A_i / \Theta K_{i+vi}$$

Мұндағы:

C_i – өнімнің i түрі бірлігінің өзіндік құны.

A_i – өнімнің i түріне жұмсалған тұрақты шығындар.

ΘK_i – өнімнің i түрін шығару көлемі.

v_i – өнімнің i түріне жұмсалған ауыспалы шығындар.

Осы үлгіні пайдалана отырып, өнімінің өзіндік құнының өзгеруіне әсер ететін факторлардың есебін тізбектелген қойылымдар әдісімен есептейік.

Өнімінің өзіндік құнын факторлық талдау

Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Нақты	Жоспардан ауытқу
Өнімді шығару көлемі (ӨК), дана	10 000	13 300	+3300
Тұрақты шығындар сомасы (А), мың теңге	12 000	20 482	+8482
1 өнімге кеткен ауыспалы шығындар сомасы (в), теңге	2800	3260	+460
1 өнімнің өзіндік құны (С), теңге	4000	4800	+800

Тізбектелген қойылымдар әдісі бойынша:

$$C_0 = A_0 / \text{ӨК}_{0+\text{в}0} = 12\,000\,000 / 10\,000 + 2800 = 4800 \text{ теңге}$$

$$C_{\text{шартты}1} = A_0 / \text{ӨК}_{1+\text{в}0} = 12\,000\,000 / 13\,300 + 2800 = 3700 \text{ теңге}$$

$$C_{\text{шартты}2} = A_1 / \text{ӨК}_{1+\text{в}0} = 20\,482\,000 / 13\,300 + 2800 = 4340 \text{ теңге}$$

$$C_1 = A_1 / \text{ӨК}_{1+\text{в}1} = 20\,482\,000 / 13\,300 + 3260 = 4800 \text{ теңге}$$

Өнім бірлігінің өзіндік құнының жалпы өзгеруі келесідей болады:

$$\Delta C_{\text{жалпы}} = C_1 - C_0 = 4800 - 4000 = +800 \text{ теңге}$$

Оның ішінде келесілердің өзгеруі есебінен:

А) өнім өндірісінің көлемі есебінен

$$\Delta C_{\text{өк}} = C_{\text{шартты}1} - C_0 = 3700 - 4000 = -300 \text{ теңге}$$

Б) тұрақты шығындар сомасы есебінен

$$\Delta C_A = C_{\text{шартты}2} - C_{\text{шартты}1} = 4340 - 3700 = +640 \text{ теңге}$$

В) ауыспалы шығындардың сомасы есебінен:

$$\Delta C_B = C_1 - C_{\text{шартты}2} = 4800 - 4340 = +460 \text{ теңге}$$

Осындай есептеулер өнімдердің әрбір түрлері бойынша жүргізіледі және келесі кесте құрастыруға болады:

Өнімнің өзіндік құнының өзгеруін талдау

Өнім- түр- лері	Өнімдердің өзіндік құны, теңге				Өзіндік құнның өзгеруі, теңге			
	to	Шарт- ты 1	Шарт- ты 2	t1	Жал- пы	Оның ішінде		
						Шы- ғару көле- мі	Тұрақ- ты шы- ғындар	Ауыс- палы шы- ғын- дар
Д	4000	3700	4340	4800	+800	-300	+640	+460
.....								

3. Жанама шығындарды талдау

Өнімнің өзіндік құнындағы жанама шығындар келесідей баптар бойынша көрсетіледі:

- құрылғыларды ұстауға және іске қосуға жұмсалатын шығындар;
- жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындары;
- коммерциялық шығындар.

Машиналар мен құрылғыларды ұстауға және іске қосуға жұмсалатын шығындар келесілерден тұрады: машиналар мен технологиялық құрылғылар амортизациясы, оларды жөндеу шығындары, іске қосу шығындары және т.б.

Амортизацияның жалпы сомасы ұйымдағы негізгі құралдар мен материалды емес активтердің санына, олардың құрылымына, құнына және амортизация нормасы мен әдістеріне байланысты.

Құрылғыларды жөндеу шығындары жөндеу жұмыстарының көлеміне, олардың күрделілігіне, негізгі құралдардың тозу деңгейіне, қосалқы бөлшектер мен жөндеу материалдарының құнына тәуелді.

Іске қосу шығындары жұмыс істеп тұрған құрылғылардың санына, олардың жұмыс істеу уақытына және оларды іске қосуға жұмсалған барлық шығындарға байланысты болады.

Шығындардың баптары бойынша жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарын талдау үшін аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері қолданылады. Әрбір баптар бойынша жоспардан абсолюттік және қатысты ауытқулар және

олардың себептері анықталады. Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарының өзгеруіне әсер ететін факторларды келесі кесте түрінде көрсетейік.

23-кесте

Шығындарға әсер ететін факторлар және есептеу үлгісі

Шығындардың баптары	Шығындардың өзгеруіне әсер ететін факторлар	Әсер етуін есептеу
Басқару аппаратына төленетін жалақы	Қызметкерлердің саны мен орташа жал-ақысының өзгеруі	$Ж = \text{Қызметкерлердің саны} * 1 \text{ қызметкерге төленетін жалақы мөлшері}$
Амортизация	НҚ құны мен амортизация нормасының өзгеруі	$A = НҚ * АН$
Коммуналдық төлемдер	Тұтынылған қызметтердің саны мен олардың құндарының өзгеруі	$T = \text{Қызметтер көлемі} * \text{Құны}$
НҚ ағымдық жөндеу шығындары	Жұмыс көлемі мен олардың құндарының өзгеруі	$ЖШ = \text{Жұмыс көлемі} * \text{Құны}$
Көлік құралдарына ұстауға жұмсалатын шығындар	Автокөліктердің саны мен 1 машинаны ұстау шығындарының өзгеруі	$K = КС * ҰШ$
Іс-сапар бойынша шығындар	Іс-сапарлардың саны, ұзақтығы және іс-сапардың 1 күнінің орташа құны	
Өзіндік құнға қосылатын аударымдар мен салықтар	Салық базасының өзгеруі және олардың әрбір түрлері бойынша салықтың пайыздық ставкасы	

Сметаның орындалуын тексеру кезінде одан нақты шығындардың ауытқуын және олардың себептерін анықтау керек.

Коммерциялық шығындар қатарына: дайын өнімдерді жөнелту шығындары, ыдыстарға, жәшіктерге және қаптау материалдарына, жарнамаға, өткізу нарығын зерттеуге жұмсалған шығындар жатады.

4. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау әдістемесі

Өнімдердің өзіндік құнын төмендету резервтерінің ($P\downarrow C$) негізгі көздеріне:

1) ұйымның өндірістік қуаттылығын неғұрлым толық пайдалану есебінен өнімдерді өндіру көлемін жоғарылату ($P\uparrow VBP$);

2) еңбек өнімділігінің, шикізаттарды, материалдарды, электроэнергиясын, отынды, құрылғыларды үнемді пайдалану, өндірістік емес шығындарды және өндірістік ысырапты қысқарту есебінен өнімдерді өндіру шығындарын азайту ($P\downarrow Z$) жатады.

Өнім бірлігінің өзіндік құнын төмендету резервтерінің көлемі келесі формула бойынша анықталады:

$$P\downarrow C = C_b - C_1 = \frac{Z_1 - P\downarrow Z + Z_d}{VBP_1 + P\uparrow VBP} - \frac{Z_1}{VBP_1}$$

Мұндағы C_b және C_1 – өнім бірлігінің өзіндік құнының сәйкесінше нақты және мүмкін (болжанған) деңгейі.

Z_1 – есептік кезеңдегі өнімдерді өндіруге кеткен нақты шығындар.

$P\downarrow Z$ – өнімдерді өндіруге кеткен шығындарды азайту резерві.

Z_d – өнімдерді өндіруді жоғарылату резервтерін игеру үшін қажетті қосымша шығындар.

VBP_1 , $P\uparrow VBP$ – сәйкесінше өнімдерді өндірудің нақты көлемі мен ұлғайту резервтері.

Өнімдерді өндіруді ұлғайту резервтері өндірістік бағдарламаның орындалуын талдау барысында көрініс табады. Ұйымның қолында бар өндірістік қуаттылығын пайдалана отырып, өнімдерді өндіру көлемін ұлғайту кезінде тек қана ауыспалы шығындар (жұмысшылардың тікелей жалақысы, тікелей материалдық шығындар және т.б.) көбейеді, ал тұрақты шығындар сомасы, әдетте өзгермейді, соның нәтижесінде өндірілген өнімдердің өзіндік құндары төмендейді.

Шығындарды азайту резерві нақты шаралар есебінен (өндіріске неғұрлым жаңа, прогрессивті техникалар мен технологияларды енгізу) шығындардың әрбір баптары бойынша

белгіленеді. Бұл жағдай жалақыны, шикізаттар мен материалдарды үнемдеуге әсер етеді.

Жаңа технологиялар мен басқа да шараларды өндіріске енгізу есебінен материалдық шығындардың төмендеу резервтерін ($P \downarrow \text{МШ}$) келесідей формулар бойынша анықтауға болады:

$$P \downarrow \text{МШ} = \sum (УР_1 - УР_0) \cdot \text{ВВП}_{\text{пл}} \cdot Ц_{\text{пл}}$$

Мұндағы:

$УР_0, УР_1$ – жаңа технологияларды өндіріске енгізгенге дейін және одан кейін өнімдердің бірлігіне жұмсалған материалдық ресурстардың шығындары;

$Ц_{\text{пл}}$ – материалдардың жоспарлық бағасы;

$\text{ВВП}_{\text{пл}}$ – жоспарланған өндіріс көлемі.

Сату, ұзақ мерзімді жалға беру, қолданылмайтын, артық, керек емес НҚ істен шығару есебінен негізгі құралдарды ұстауға кеткен шығындарды азайту резервтері ($P \downarrow \text{НҚ}$) НҚ бастапқы құнын амортизация нормасына көбейту арқылы анықталады.

Өнімдерді өндіру ұлғайту резервтерін игеруге кететін қосымша шығындарға оның әрбір түрлері бойынша жеке-жеке есептеледі. Оның мөлшерін белгілеу үшін i өнімін шығаруды ұлғайту резервтерін есептік кезеңдегі ауыспалы шығындардың нақты деңгейіне көбейту керек.

$$Зд = P \uparrow \text{ВВП}_i \cdot v_{in}$$

Мысалы, есептік кезеңдегі A өнімін нақты шығару 13 300 дананы құрайды, оны ұлғайту резерві 1500 дана, барлық өнімдерді өндіру шығындарының нақты сомасы 63840 мың теңге, барлық баптар бойынша шығындарды азайту резерві 2130 мың теңге, өнімдерді өндіруді ұлғайту резервтерін игеруге кететін қосымша ауыспалы шығындар 4890 мың теңге (1500 дана * 3260 теңге). Осыдан өнім бірлігінің өзіндік құнын төмендету резервтері келесідей болады:

$$P \downarrow C = C_B - C_1 = \frac{З_1 - P \downarrow З + Зд}{\text{ВВП}_1 + P \uparrow \text{ВВП}} - \frac{З_1}{\text{ВВП}_1}$$

$$P\downarrow C = \frac{63840-2130+4890}{13300+1500} - \frac{63840}{13300} =$$

4,5-4,8=-0,3 мың теңге

Осындай есептеулерді өнімдердің әрбір түрлері бойынша, ал қажет болған жағдайда әрбір инновациялық шаралар бойынша жүргізеді, бұл олардың тиімділігін неғұрлым толық бағалауға мүмкіндіктер береді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың маңызы және міндеттері.
2. Өнім жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау.
3. Жанама шығындарды талдау.
4. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау әдістемесі.

9. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗІ

1. Қаржылық талдаудың мақсаты мен міндеті

2. Қаржылық талдаудың түрлері мен әдістері

1. Қаржылық талдаудың мақсаты мен міндеті

ЭТ барлық түрлерінің ішінде қаржылық талдау маңызды рөл атқарады.

Қаржылық талдаудың басқарушылық талдаудан ерекшеліктері:

- талдау субъектілерінің көптігі – ұйым қызметі туралы ақпараттарды пайдаланушылар;
- талдау субъектілерінің мақсаттары мен қызығушылықтарының әртүрлілігі;
- талдаудың типтік әдістерінің бар болуы;
- талдау тек жарияланатын сыртқы есептілікке ғана бағытталады;
- талдау нәтижелерінің ақпараттарды пайдаланушылар үшін ашықтылығы.

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты ұйымның қаржылық жағдайына объективті баға беретін негізгі параметрлерді, яғни оның табыстары мен зияндарын, баланс құрылымындағы өзгерістерді білу және ұйымның қаржылық жағдайын зерттеу арқылы оның тұрақтылығын жоғарылату резервтерін іздестіру болып табылады.

Ұйымның қаржысын басқарудың ең негізгі шарты оның қаржылық жағдайын талдау. Ұйымның қаржылық жағдайын оның қызметінің соңғы нәтижелерін көрсетеді. Ұйым қызметінің соңғы нәтижелері оның ішкі және сыртқы пайдаланушыларын қызықтырады. Бұл ұйымда қаржылық талдауды өткізудің маңыздылығын анықтайды.

Қаржылық талдаудың негізгі міндеттері келесілер болып табылады:

1. Қаржылық жағдайға баға беру және оның есептік мерзіміндегі өзгеруін анықтау.

2. Активтер мен олардың қалыптастыру көздері арасындағы тиімділікті зерттеу.

3. Қысқа мерзімді активтер көлемін, оның өзгеруін және қысқа мерзімді міндеттемелермен ара-қатынасын анықтау.

4. Ұйым активтері мен оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу.

5. Баланстың өтімділігі ұйымның несиелік және төлем қабілеттілігінің

6. Ұйымның табыстылығын анықтау.

7. Ұйымның табысының салыстырмалы көрсеткішін және оларға әсер етуші факторларды есептеу.

8. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ, қысқа мерзімге болу, яғни қаржылық стратегиясын анықтау.

Қаржылық талдаудың негізгі зерттеу объектілері – қаржылық ресурстар, ақшалай құралдар ағымы, кәсіпорынның қаржылық жағдайы.

Қаржылық талдаудың субъектілері:

- 1) инвесторлар;
- 2) кредиторлар;
- 3) аудиторлар;
- 4) ұйым басшылары;
- 5) жеткізушілер;
- 6) акционерлер.

Сонымен, қаржылық жағдайды талдау ұйымның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады.

2. Қаржылық талдаудың түрлері мен әдістері.

Қаржылық талдау іске асыру мақсатына байланысты әртүрлі формаларға бөлінеді:

1. Ұйымда жүргізуілуі бойынша:

а) ішкі қаржылық талдау – ұйымның қаржы менеджерлері мен оның иелерінің барлық ақпараттық көрсеткіштердің жиынтығын қолдану арқылы жүргізілетін талдау.

б) сыртқы қаржылық талдау – ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижесінің дұрыстығын тексеру мақсатындағы және өздеріне қажетті мәліметтерді алу үшін сыртқы пайдаланушылардың жүргізетін талдауы.

2. Аналитикалық зерттеу көлемі бойынша:

а) толық қаржылық талдау – ұйым қызметіне жалпы кешенді түрде, оның қаржылық жағдайын және қаржылық шаруашылық қызметінің барлық аспектілерін зерттеу мақсатында жүзеге асырылатын талдау.

б) тематикалық қаржылық талдау – белгілі бір объектілерге ғана жүргізілетін талдау, мысалы, несиелік қабілеттілігін, төлем қабілеттілігін, қаржылық тұрақтылығын білу үшін жүргізілетін талдау.

3. Жүргізу мерзімі бойынша:

а) өткен кезең мәліметтеріне жүргізілетін қаржылық талдау;

б) ағымдағы қаржылық талдау.

Қаржылық талдаудың әдісі – бұл талдау жүргізуде қолданылатын тәсілдер.

Қаржылық талдау жүргізу үшін қажетті ақпараттардың негізгі көздеріне қаржылық есептіліктің барлық нысандары жатады, олар: бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, есеп саясаты және түсіндірме жазба.

Тәжірибеде қаржылық талдаудың 6 негізгі әдісі пайдаланылады:

1) көлденең (уақыт бойынша) талдау – қаржылық есептіліктің әрбір позициясын өткен кезең мәліметтерімен салыстыру;

2) тігінен (кұрылымдық) талдау – әрбір позицияның жиынтық қаржылық көрсеткіштегі үлесін анықтау мақсатымен жүргізілетін талдау, сол арқылы есептіліктің әрбір позициясының жалпы нәтижеге әсері анықталады;

3) трендтік талдау – есептіліктің әрбір позициясын бірқатар өткен кезеңдермен, жылдармен салыстыру. Бұл жағдайда барлық көрсеткіштері 100% деп алынатын базистік жыл пайдаланылады. Осы әдістің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын мәні анықталады, яғни сәйкесінше перспективті болжамдық талдау жүргізіледі;

4) салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл ұйымның (еншілес ұйымдарға, цехтарға, бөлімдерге) жиынтық есептілік көрсеткіштеріне жүргізілетін шаруашылық ішінде жүргізілетін талдау, сонымен бірге осы ұйымның көрсеткіштерін бәсекелес ұйымдардың, орташа салалық көрсеткіштерімен салыстыру үшін жүргізілетін талдау;

5) факторлық талдау – бұл нәтижелік көрсеткішке әсер еткен себептерді (факторларды) анықтау үшін жүргізілетін талдау;

6) қаржылық коэффициенттер әдісі (қатысты көрсеткіштерді талдау әдісі) – қаржылық есептіліктің жеке позицияларының арасындағы қатынастар анықтау үшін жүргізілетін талдау.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар қаржылық талдауда: экспресс-талдау, топтау, салыстырмалы және орташа шама, графиктік және индекстік әдістер, корреляция, регрессия, т.б. дәстүрлі тәсілдер қолданылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық талдаудың мақсаты мен міндеті, басқарушылық талдаумен салыстырғандағы ерекшеліктері
2. Қаржылық талдаудың түрлері мен әдістері, қолдану аясы
3. Қаржылық талдаудың ақпараттық негіздері

10. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАЛПЫ БАҒАЛАУ

1. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау түсінігі, мәні және міндеттері.

2. Бухгалтерлік балансты талдаудың мақсаты, міндеттері, оны оқу және талдау әдістері.

3. Ұйым қаражаттарының (капиталының) қалыптасу көздерін (пассивтерін) талдау.

4. Ұйым қаражаттарының (капиталының) орналасу көздерін (активтерін) талдау және ұйымның мүлдіктік жағдайын бағалау.

1. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау түсінігі, мәні және міндеттері

Ұйым қаржысын кәсіби түрде басқару зерттеу жүргізудің әртүрлі әдістерінің көмегімен белгісіздік жағдайын неғұрлым нақты бағалауға мүмкіндіктер беретін терең талдау жүргізуді талап етеді. Осыған байланысты ұйымның қаржылық жағдайына кешенді және жүйелі түрде талдау жүргізудің қажеттілігі пайда болады.

Ұйымның қаржылық жағдайы – бұл ұйымның өз қызметін қаржыландыру қабілеттілігін және өз міндеттемелері бойынша дер кезінде есеп айырысуларды жүргізу қабілеттілігін көрсететін көрсеткіштер жүйесі.

Ұйымның қамтамасыз ету, өндірістік, сату және қаржылық қызметтері барысында капитал үздіксіз түрде айналым жасайды, қаражаттардың құрылымы мен құрамы, оны қалыптастыру көздері, қаржылық ресурстарға деген қажеттіліктері өзгереді, осының барлығы ұйымның қаржылық жағдайына әсерін тигізеді.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдау жүргізудің негізгі міндеттері:

– ұйымның қаржылық жағдайын дер кезінде және объективті түрде диагностикалау, оның «ауыратын нүктелерін» анықтау және олардың пайда болу себептерін зерттеу;

– ұйымның қаржылық жағдайын, оның төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығын жақсарту резервтерін іздестіру;

– ұйымның қаржылық жағдайын нығайтуға және қаржылық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға бағытталған нақты шараларды жасау;

– ұйымның мүмкін болатын қаржылық нәтижесін болжау және қаржылық ресурстарды пайдаланудың әртүрлі нұсқалары кезіндегі қаржылық жағдайдың үлгісін жасау.

Қаржылық жағдайды талдау 2 түрге бөлінеді:

– ұйымның қаржылық жағдайын ішкі талдау – қаржылық жағдайды нығайту, табыстылықты жоғарылату, меншікті капиталын көбейту резервтерін іздестіру мақсатымен қаражаттарды қалыптастыру, орналастыру және пайдалану механизмдерін зерттеу;

– ұйымның қаржылық жағдайын сыртқы талдау – бұл капиталды инвестициялау тәуекелділігінің деңгейін және оның табыстылығын болжау мақсатымен ұйымның қаржылық жағдайын зерттеу.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдауды мынадай кезектілікпен жүргізген тиімді болып саналады:

1) ұйым қаражаттарын (капиталын) қалыптастыру және орналастыру көздерін зерттеу, сол арқылы активтер мен пассивтерді басқару сапасын бағалау;

2) қаражаттарды пайдалану тиімділігі мен интенсивтілігін талдау, сол арқылы ұйымның іскерлік белсенділігін бағалау;

3) баланс активтері мен пассивтерінің жеке бөлімдері мен бөлімшелерінің арасындағы байланысты зерттеу, сол арқылы ұйымның қаржылық тұрақтылығының деңгейін бағалау;

4) баланс өтімділігін зерттеу, сол арқылы ұйымның төлем қабілеттілігін бағалау;

5) ұйымның қаржылық жағдайына жалпылама баға беріледі, болашаққа болжам жасалады және банкроттылық ықтималдылығы бағаланады.

2. Бухгалтерлік балансты талдаудың мақсаты, міндеттері, оны оқу және талдау әдістері

Ұйым балансын талдаудың негізгі мақсаты ұйымның қаржылық жағдайы туралы және қаржылық қызметке қызығушылық танытқан тұлғалар үшін шешім қабылдауына қажетті ақпараттарды ашып көрсету.

Бухгалтерлік балансты талдаудың негізгі міндеттері:

1. Ұйымның мүліктік жағдайын сипаттайтын баланстың активтерінің құрамы мен құрылымын оқып үйрену.

2. Ұйым активтерінің қалыптасу көздері болып табылатын капитал мен міндеттемелердің құрамы мен құрылымын зерттеу.

3. Баланс активтерінің өтімділіктерін талдау.

4. Ұйымның төлем қабілеттілігі мен несиелік қабілеттілігін талдау.

5. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын талдау.

Бухгалтерлік балансқа сапалы түрде талдау жасау үшін, ең алдымен, оны оқи білу қажет. Балансты оқу оның бөлімдері мен топтарының өзара байланыстарын әрбір баптардың мазмұнын бөлу дегенді білдіреді.

Бухгалтерлік балансты дұрыс оқи білу мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Ұйым туралы жан-жақты ақпараттар алу.

2. Ұйымның меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз ету деңгейін анықтау.

3. Ұйым активтерінің көлемі қандай баптар есебінен өзгергендігін анықтау.

4. Ұйымның қаржылық жағдайын бағалау.

Бухгалтерлік балансты зерттей отырып, белгілі бір есептік кезең ішіндегі баланс валютасының өзгеруін бағалай аламыз. Сонымен бірге баланс валютасының өсуін сол ұйымдағы өндіріс көлемінің өсу қарқынымен салыстыруға мүмкіндіктер туады.

Бухгалтерлік баланстың баптары бір-бірімен өзара байланысты. Оны келесілерден көруге болады:

1. $I + II = III + IV + V$. Бұл баланста көрсетілген қаражаттардың 2 аспектіде көрсетілгендігімен түсіндіріледі:

а) құрамы және орналасу бойынша (активтер);

б) қалыптасу көздері бойынша (меншікті капитал, сырттан тартылған қаражаттар).

2. $I > III$.

3. $II < V$ Меншікті капитал есебінен ұзақ мерзімді активтердің негізгі бөлігі қалыптасу керек. Бұл теңсіздік ұйым капиталының бір бөлігі ұзақ мерзімді активтерді қалыптастыруға бағытталғандығымен түсіндіріледі.

4. $A=M+MK$.

Бухгалтерлік баланс мәліметтеріне талдау жүргізу үшін қаржылық талдаудың барлық әдістерін пайдалануға болады. Балансты пайдалана отырып, салыстырмалы, трендтік, факторлық және қаржылық коэффициенттер талдауларын да жүргізуге болады.

3. Ұйым қаражаттарының (капиталының) қалыптасу көздерін (пассивтерін) талдау

Балансқа талдау жүргізген кезде ұйым қаражаттарын қалыптастыру көздеріне талдау жасаудың маңыздылығы бар. Себебі ұйым басшылары ұйым қызметі қандай көздер есебінен қаржыландырылып тұрғанын білуі керек.

Талдау жүргізудің міндеттері:

- ұйым қаражаттарының қалыптасу көздерінің құрамын, құрылымын және динамикасын зерттеу;
- олардың көлеміне әсер еткен факторларды анықтау;
- сырттан тартылатын қаражаттардың кейбір көздерінің құнын анықтау;
- қаржылық тәуекелділік деңгейін бағалау (қарыздық капиталдың меншікті капиталға қатынасы);
- ұйымның қаржылық тұрақтылық деңгейін жоғарылату тұрғысынан баланс пассивінде болған өзгерістерді бағалау;
- меншікті және қарыздық капиталдар өзара қатынасының оптималды нұсқасын негіздеу.

Капитал – бұл пайда алу мақсатымен өз қызметін жүзеге асыру үшін ұйымның қолында бар қаражаттары.

Ұйым қаражаттарын қалыптастыру көздері 2 бөлінеді:

1. Меншікті қаражаттар.
2. Сырттан тартылған қаражаттар.

Ұйымдар үшін қаржыландырудың негізгі көзі меншікті капитал болып табылады. Оған жарғылық капитал, резервтік капитал, бөлінбеген табыс және ұйым табысы есебінен қалыптасқан, т.б. қорлардағы қаражаттар жатады.

Қарыздық капитал – өз қызметін жүзеге асыру үшін сырттан тартылған қаражаттар. Оған банктер мен қаржылық компаниялардың несиелері, кредиторлық қарыздар, лизинг, қарыздық бағалы қағаздар және т.б. жатады.

Ұйым капиталының қалыптасу көздерінің динамикасы мен құрылымына талдау жүргізу үшін келесідей кесте құрастырайық.

24-кесте

**Ұйым капиталының қалыптасу көздерінің
динамикасы мен құрылымы**

Капитал көздері	Қолда бар қаражаттар, мың тенге			Қаражаттардың құрылымы, %		
	Жыл басында	Жыл соңында	Өзгеруі	Жыл басында	Жыл соңында	Өзгеруі
Меншікті капитал	31500	41600	+10100	70 (31500/4500*100)	64	-6
Қарыздық капитал	13500	23400	+9900	30	36	+6
Барлығы:	45000	65000	+20000	100	100	-

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйым қаражаттарын қалыптастырудың негізгі көзі меншікті капитал болып табылады, бірақ оның үлесі есептік кезеңде төмендеген.

Осындай талдауды меншікті капиталдың элементтері бойынша және ұйым міндеттемелерінің түрлері (қысқа және ұзақ мерзімді) жеке-жеке жүргізуге болады.

Ұйымның қаржылық жағдайына оның қарыздық капиталының құрамы мен құрылымы, яғни қысқа және ұзақ мерзімді мерзімді міндеттемелердің арақатынасы әсер етеді. Талдау жүргізу барысында кредиторлық қарыздардың құрамы, олардың пайда болу мерзімі, өтеу мерзімі кейінге шегіндірілген қарыздардың (жеткізушілер, қызметкерлер, бюджет) бар болуы, олардың пайда болу себептері зерттелінуі керек.

Ұйымның кредиторлық қарыздарының жағдайын бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштердің бірі оны өтеу кезеңінің орташа ұзақтығы

М к.к. болып табылады. Бұл көрсеткіш келесідей формула бойынша есептеледі:

$M_{к.к.} = \text{кредиторлық қарыздардың орташа қалдығы} * \text{кезеңдегі күндер саны} / \text{қайтарылған кредиторлық қарыздар сомасы}$

Өндірістің басқа факторлары сияқты Ұйымның операциондық және инвестициялық шығындарының мөлшері қалыптастыратын қарыздық капиталының құны болады.

Қарыздық капитал құны – бұл әртүрлі көздерден тартылған қаражаттар үшін ұйымның төлейтін бағасы.

Талдау жүргізу барысында олардың әрқайсының құнын салыстырмалы түрде талдаудың маңыздылығы жоғары.

Ұйымның меншікті капиталының құны $K_{мк}$ былай анықталады:

$$K_{мк} = \text{есептік кезеңдегі таза пайда сомасы} / \text{есептік кезеңдегі меншікті капиталдың орташа сомасы} * 100$$

Акционерлік қоғамдар үшін акционерлік капиталдың құны $K_{ак}$ былай анықталады:

$$K_{ак} = \text{акциялар бойынша төленген дивиденттер сомасы} / \text{акционерлік капиталдың орташа сомасы} * 100$$

Банктік несие түріндегі қарыздық капиталдың құны $K_{бн}$ былай анықталады:

$$K_{бн} = \text{несие үшін есептелінген пайыз} / \text{банк несиелерінің орташа сомасы}$$

4. Ұйым қаражаттарының (капиталының) орналасу көздерін (активтерін) талдау және ұйымның мүлдіктік жағдайын бағалау

Ұйымның қаржылық жағдайы және оның тұрақтылығы ұйым активтерінің орналасу көздеріне тәуелді болады.

Ұйым активтері баланста өтімділіктерінің біртіндеп төмендеуі бойынша орналасады (ақша қаражаттарына айналу жылдамдығына байланысты), яғни ең алдымен, қысқа мерзімді

активтер (1-бөлім), содан кейін ұзақ мерзімді активтер (2-бөлім) орналасады.

Ұйым қаражаттары ішкі (кассандағы ақша қаражаттары, қорлар, негізгі құралдар, МЕА) және сыртқы (дебиторлық қарыздар, қаржылық инвестициялар, банк шоттарындағы ақша қаражаттары) айналыстарда пайдаланылуы мүмкін.

Ұйым активтері өндіріс процесінде (қорлар, аяқталмаған өндіріс) немесе айналыста (дайын өнім, ақша қаражаттары, тауарлар) болуы мүмкін.

Ұйым активтері ақшалай және материалды формада болуы мүмкін.

Ұйым активтерді инфляциялық процестердің әсер ету деңгейіне байланысты: монетарлық және монетарлық емес деп бөледі.

Монетарлық активтер – бұл ағымдық ақшалай бағалаудағы ұйымның қаражаттары мен міндеттемелерін көрсететін баланс баптары. Сондықтан олар қайта бағалауға жатпайды. Оларға: қаржылар, депозиттер, қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар жатады.

Монетарлық емес активтер – бұл негізгі құралдар, аяқталмаған күрделі құрылыс, өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнімдер, сатуға арналған тауарлар. Осы активтердің нақты құны бағаның өзгеруіне байланысты өзгереді, яғни қайта бағаланады.

Талдау жүргізу барысында, ең алдымен, активтердің құрамы мен құрылымының өзгеруін зерттеп (кесте арқылы), оларға баға беру керек.

Ұйым активтеріне терең талдау жүргізу үшін келесідей коэффициенттерді анықтау маңызды болып табылады:

1. Активтердің мобильділік коэффициенті = ҚМА сомасын барлық активтерге (баланс валютасына) бөлеміз.

Бұл көрсеткіш ұйым қарыздарын өтеу үшін қажетті ақша қаражаттарының үлесін сипаттайды. Осы коэффициенттің мәні жоғары болған сайын ұйымның үздіксіз түрде жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктердің жоғары екендігін көрсетеді.

2. Активтердің орналасу тиімділігін сипаттайтын коэффициент есептеледі. Бұл коэффициент ҚМА сомасын ҰМА сомасына бөлу арқылы есептеледі.

3. Ұйымның мүліктік жағдайда қандай сапалық өзгерістердің болғандығын талдау үшін арнайы есептеу жүргізеді. Ол үшін ұйымның өндірістік потенциалының маңызды элементтерінің бірі және сол ұйымның материалдық техникалық базасын құрайтын негізгі құралдарға талдау жүргізіледі.

Негізгі құралдарға талдау жасау олардың көлемін, динамикасын және құрылымын зерттеуден басталады (кесте бойынша).

НҚ талдау жүргізу барысында баланс негізінде олардың **қозғалысы мен техникалық жағдайын талдаудың** маңыздылығы жоғары. Ол үшін келесідей коэффициенттер есептеледі:

1. Жанарту коэффициенті $K_{ж}$ – бұл жаңа НҚ жыл соңындағы олардың жалпы сомасындағы үлесін көрсетеді:

$$K_{ж} = \frac{\text{келіп түскен НҚ құны}}{\text{жыл соңындағы НҚ құны}} * 100$$

2. Істен шығу коэффициенті

$$K_{и} = \frac{\text{істен шыққан НҚ құны}}{\text{кезең басындағы НҚ құны}}$$

3. Өсім коэффициенті $K_{ө}$

$$K_{ө} = \frac{\text{НҚ өсім сомасы}}{\text{кезең басындағы НҚ құны}}$$

4. Тозу коэффициенті $K_{т}$

$$K_{т} = \frac{\text{НҚ тозу сомасы}}{\text{сәйкес күндегі НҚ бастапқы құны}}$$

5. Техникалық жарамдылық коэффициенті $K_{т}$

$$K_{т} = \frac{\text{НҚ қалдық құны}}{\text{НҚ бастапқы құны}}$$

6. НҚ жаңарту мерзімі $M_{ж}$

$$M_{ж} = \frac{\text{кезең басындағы НҚ құны}}{\text{келіп түскен НҚ құны}}$$

НҚ пайдаланудың тиімділігі мен қарқындылығын (интенсивность) сипаттау үшін келесідей көрсеткіштер қолданыдаы:

1. Қор қайтарымдылығы = есептік кезеңдегі
өндірілген өнімдердің құны /
НҚ орташа жылдық құны;

2. Қор сыйымдылығы = НҚ орташа жылдық құны /
есептік кезеңдегі өндірілген өнімдердің құны

3. Қор рентабелділігі = негізгі қызметтен түскен пайда /
НҚ орташа жылдық құны

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Ұйымның қаржылық жағдайы түсінігі, оны талдаудың мақсаты
2. Бухгалтерлік баланс қаржылық талдаудың негізі ретінде
3. Ұйымның мүліктік жағдайын талдау
4. Ұйым қаражаттарының қалыптасу көздерін талдау
5. Негізгі құралдар қозғалысы мен техникалық жағдайын талдау

11. ҰЙЫМНЫҢ ӨТІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ТӨЛЕМҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

1. Өтімділік және төлем қабілеттілік түсініктерінің экономикалық мазмұны.
2. Ұйымның баланс өтімділігін талдау.
3. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдау.
4. Ұйымның несиелік қабілеттілігін талдау.

1. Өтімділік және төлем қабілеттілік түсініктерінің экономикалық мазмұны

«Өтімділік» ұғымы латынның «*Liquidus*» тілінен аударғанда «ағымды, сұйық» деген мағынаны береді.

Тәжірибеде ұйым өтімділігі және баланс өтімділігі деген терминдер пайдаланылады.

Баланс өтімділігі бұл ұйымның өз міндеттерін жабу үшін активтерін ақша қаражаттарына айналдыру қабілеттілігін көрсетеді, яғни төлем жүргізуге қажетті қаражаттар ішкі көздер есебінен іздестіріледі.

Ал ұйым өтімділігі – бұл баланс өтімділігіне қарағанда неғұрлым кең түсінік, яғни егер ұйымның инвестициялық тартымдылығы жоғары болса, төлемдерді жүргізу үшін қажетті ақша қаражаттарын сыртқы көздер есебінен де тарту мүмкіндігін білдіреді.

Төлем қабілеттілік – бұл ұйым өзінің барлық міндеттемелерін өз уақытында өтеу мүмкіндігі. Ол ұйымның қаржылық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі оның төлем қабілеттілігі болып табылады.

Төлем қабілеттілік және өтімділік деген түсініктер бір-біріне өте жақын, бірақ өтімділік неғұрлым кең мағынаны білдіреді. Ұйымның төлем қабілеттілігі баланстың өтімділік деңгейіне тәуелді. Сонымен, Баланс өтімділігі – бұл ұйымның несиелік және төлем қабілеттілігінің негізі, яғни төлем қабілеттілікті қолдау әдісі.

2. Ұйымның баланс өтімділігін талдау

Баланс өтімділігін талдау – өтімділіктерінің біртіндеп төмендеуі бойынша топтастырылған активтерді міндеттемелерді өтеу (төлеу) мерзімділігінің деңгейі бойынша топтастырылған пассивтермен салыстыру.

Ұйым активтері өтімділік деңгейлері бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

A1 – өтімділігі неғұрлым жоғары активтер (абсолютті өтімді): ақша қаражаттары, қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар: МЕКАМ, МЕОКАМ, МЕАКАМ, ҰЖО.

A2 – тез сатылатын активтер: қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар, жөнелтілген тауарлар, қысқа мерзімге берілген аванстар. Осы топтағы активтердің өтімділігі тауарлардың өз уақытында жөнелтілуіне, өнімдеріне деген сұранысқа, оның бәсекеге қабілеттілігіне, сатып алушылардың төлем қабілеттілігіне, есеп айырысу формаларына тәуелді болады.

A3 – жай сатылатын активтерге ҚМА-ның қалған баптары – қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнімдер жатады. Бұл топтағы активтердің ақша қаражаттарына айналуы үшін біраз уақыт қажет.

A4 сатылуы қиын активтер: ҰМА-ның барлық баптары жатады (НҚ, МЕА).

Баланс пассивтері оларды төлеу мерзімділіктері бойынша 4 топқа бөлінеді:

П1 неғұрлым тез төленуі қажетті міндеттемелер (1 ай ішінде): қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар, банк несиелері жатады.

П2 өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді міндеттемелер: ҚММ: қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, салықтар бойынша міндеттемелер, басқа ерікті және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер.

П3 ҰММ: баланстың ҰММ барлық баптар жатады.

П4 тұрақты міндеттемелер: баланстың 5 бөліміндегі барлық баптар жатады.

Баланс өтімділігін анықтау үшін активтер және пассивтер бойынша топтарда көрсетілген қорытындыларды салыстыру

қажет. Ұйым балансы келесідей қатынастар сақталған жағдайда өтімді деп саналады:

$$\begin{cases} A1 \geq П1 \\ A2 \geq П2 \\ A3 \geq П3 \\ A4 \leq П4 \end{cases}$$

Яғни алынған активтердің алғашқы 3 тобы сәйкес пассив топтарын толығымен жапқан жағдайда немесе соған тең болса баланс өтімді деп саналады. Алғашқы 3 теңсіздіктің орындалуы 4 теңсіздіктің орындалуына әкеледі.

Баланс өтімділігін талдау үшін келесідей коэффициенттер есептеледі:

1. Абсолютті өтімділік коэффициенті.

$K_{\text{аө}} = \text{акша қаражаттары} + \text{қысқа мерзімді инвестициялар} / \text{барлық қысқа мерзімді міндеттемелер сомасы}$.

Бұл коэффициент ҚММ қандай бөлігі қолда бар акша қаражаттары есебінен өтелетіндігін көрсетеді. Оның мөлшері жоғары болған сайын, қарыздарды өтеу кепілдігі жоғары болады. Бұл көрсеткіш көбінесе жеткізушілерді қызықтырады (0,25 тең немесе одан жоғары).

2. Тез өтімділік коэффициенті.

$K_{\text{т}} = \text{акша қаражаттары} + \text{қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар} + \text{қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар} / \text{қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (қысқа мерзімді банктік қарыздар, банктік емес несиелер-қаржы мекемелерінен алынған несиелер)}$

Мәні 0,7-1 аралығында болған тиімді.

3. Ағымдық өтімділік коэффициенті (2-ге тең немесе одан көп)

$$K_{\text{ар}} = \text{ҚМА} / \text{ҚММ}$$

Ол қысқа мерзімді міндеттемелерді қысқа мерзімді активтермен жабу деңгейін көрсетеді.

2. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдау

Ұйымның маңызды көрсеткіштерінің бірі оның төлем қабілеттігі болып табылады. Төлем қабілеттілік дегеніміз – ұйымның барлық міндеттемелері бойынша төлемдерді өз уақытында орындау қабілеттілігі. Төлем қабілеттілікке талдау жүргізу кезінде оны 2-ге бөліп қарастырамыз:

1. Ағымдағы төлем қабілеттілігі.

2. Болашақтағы төлем қабілеттілігі.

Ағымдағы төлем қабілеттілігі баланс құрылған нақты күнге анықталады. Ұйымның банктік және банктік емес мекемеге немесе жеткізушілерге мерзімі өтіп кеткен қарыздары болмаса төлем қабілеттілігі бар деп саналады.

Болашақтағы төлем қабілеттілігі алдағы нақты бір күнге оның төлем қаражаттарын бірінші кезекте өтелетін міндеттемелермен салыстыру арқылы анықталады.

Ұйымның төлем қабілеттілік коэффициенті былай анықталады

$$K_{т.к.} = \frac{\text{қолда бар ақша қаражаттарының сомасы}}{\text{төленуі қажетті міндеттемелер сомасы}}$$

Егер осы коэффициент 1-ге тең немесе одан жоғары болса, ұйымның төлем қабілеттілігі бар деп саналады. Ал коэффициент мөлшері бірден аз болса онда төленуге тиісті қаражаттардың жетіспеу себептерін анықтау талап етіледі. Ұйымның төлем қабілеттілігіне неғұрлым терең зеттеулер жүргізу үшін мынадай коэффициенттерді қосымша есептеуге болады:

Ақша қаражаттарының жеткіліктілік коэффициенті. Бұл ұйымда шығындарды жабу үшін ақша қаражаттарының нақты бар екендігін көрсетеді. Бұл коэффициент келесідей формула бойынша есептеледі:

$$K_{а.қ.ж} = \frac{\text{өнімдерді сатудан немесе қызмет көрсетуден түскен табыстар сомасы}}{\text{(күделі шығыстар + құрылтайшыларға төленетін төлемдер сомасы)}}$$

Осы коэффициент 1-ге тең болуы ұйымның сырттан тартылған қаражаттарсыз жұмыс істеуге қабілетті екендігін көрсетеді. Егер көрсеткіштердің мәні 1-ден төмен болса, онда ұйымның өндіріс деңгейін ұстап тұруға қабілетсіз екендігін көрсетеді.

4. Ұйымның несиелік қабілеттілігін талдау

Ұйымның төлем қабілеттілігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі несиелік қабілеттілікті талдау болып табылады.

Ұйымның несиелік қабілеттілігі – банктерден және басқа да қаржылық ұйымдардан несиелік алу мүмкіндігінің болуы және сол несиелік уақытында, толық көлемде қайтару қабілеттілігі.

Банктік тәжірибеге несиелік қабілеттілікті бағалаудың енгізілуіне мынадай себептер әсер еткен:

- қарыз алушының қосымша ақша қаражаттарына деген қажеттіліктерін толық несиелеу;
- несиелік келісімшартта көрсетілген несиелеу шарттарын экономикалық негіздеу қажеттілігі;
- несиелеудің дамуы және кеңеюі.

Банк пен клиент арасындағы несиелік қатынастар несиелік келісімшарт арқылы реттеледі. Онда мынадай шарттар міндетті түрде көрсетілуі қажет:

- несиелеу объектісі;
- берілген несиелік сомасы;
- мерзімі;
- пайыздық мөлшерлемесі;
- несиелік қамтамасыз ету формалары (мүлік кепілі, гарантия);
- екі жақтың міндеттері, құқықтары, жауапкершіліктері.

Банк пен клиент арасындағы несиелік келісімшарт бекіткенге дейін ұйымның несиелік қабілеттілігіне талдау жүргізіледі. Несиелік қабілеттілікті талдаудағы негізгі мақсат қарыз алушының қаржылық жағдайын сапалы түрде бағалау және қарызға алынған қаражаттарды қайтару қабілеттілігін зерттеу.

болып табылады. Несиелік қабілеттілікке талдау жүргізу міндеттеріне:

- 1) ұйымның қаржылық жағдайын анықтау;
- 2) қарыз алушының шаруашылық қызметін тиімсіз ұйымдастыру әсерінен несиелік ресурстарды жоғалтудың алдын алу;
- 3) ұйымның тиімділігін жоғарылатуға бағытталған қарыз алушының қызметін ынталандыру;
- 4) несиелеудің тиімділігін жоғарылату.

Бүгінгі күні коммерциялық банктер үшін несиелік қабілеттілікті талдаудың бірыңғай коэффициенттері анықталмаған. Несиелік қабілеттілікті талдау кезінде оған бірқатар факторлар әсер етеді. Олар: қарыз алушының беделі, несиелік тарихы, несиелік ресурстарды пайдалану мақсаттары, несие сомасы, несиені қамтамасыз ету формасы, меншігіндегі активтер сомасы, елдегі жалпы экономикалық жағдай

Несиелік қабілеттілікті талдау кезінде мынадай коэффициенттер жиі пайдаланылады:

1. Ағымдық өтімділік коэффициенті тең өтімділігі өте жоғары активтерді бөлеміз ҚММ.

2. Аралық өтімділік коэффициенті = (ақша қаражаттары + қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар + қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар) / ҚММ

3. Қорлардың айналым капиталмен қамтамасыз етілу коэффициенті = $(МК + ҰММ - ҰМА) / \text{қорлар}$

4. Ұзақ мерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті = $(МК + ҰММ) / \text{баланс валютасы}$.

5. Пайыздық төлемдерді жабу коэффициенті = ақша қаражаттары / төленуге тиісті пайыздық мөлшерлемелер.

6. Ұйым қарыздарын жабу коэффициенттері = ақша қаражаттары / $(ҚММ + ҰММ)$.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Өтімділік және төлем қабілеттілік түсініктері, экономикалық мазмұны.

2. Ұйымның балансының активтері мен пассивтерін өтімділігіне қарай топтастыру.

3. Жалпы өтімділік коэффициентін талдау

3. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдау.

4. Ұйымның несиелік қабілеттілігін талдау.

12. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

1. Қаржылық тұрақтылық түсінігі.

2. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау көрсеткіштері.

1. Қаржылық тұрақтылық түсінігі

Қаржылық тұрақтылық – ол ұйымның қаржылық «саулығы», осы ұйымның белгілі бір кезеңдегі өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыздық міндеттемелерін уақтылы өтеу үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Қаржылық тұрақтылық ұйымның өзінің қажеттіліктерін қаржылық ресурстар көздерімен қамтамасыз ете алу қабілеттілігін және уақытында өзінің қарыздары бойынша есептесе алатындығын сипаттайды, яғни ұйымның төлем қабілеттілігін нақты көрсетеді.

Ол көптеген және әртүрлі ішкі және сыртқы сипаттағы факторларға тәуелді.

Қаржылық тұрақтылықты анықтайтын ішкі факторлар:

- ұйымның салалық қызметі;
- шығарылған өнімнің құрамы және құрылымы;
- шығындардың көлемі, құрылымы және динамикасы;
- ұйымның жарғылық капиталы мөлшері;
- мүліктің және қаржы ресурстарының және т.б. құрамы және құрылымы.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін сыртқы факторларға жатады:

- шаруашылықтың экономикалық жағдайы;
- тұтынушылардың төлем қабілеттілік сұранысы;
- салық және несие саясаты;
- қаржылық нарықтың даму деңгейі;
- валюта бағамының өзгеруі және т.б.

Ұйымның тұрақтылығы оған әсер ететін факторларға байланысты бөлінеді:

- ішкі тұрақтылық – бұл ұйымның қызмет етуінің тұрақты жоғары нәтижесімен қамтамасыз етілетін жалпы қаржылық жағдайы. Оның жетістігінің негізінде сыртқы және ішкі факторлар өзгерісіне ерекше көңіл аудару қағидасы жатыр;

- ұйымның сыртқы тұрақтылығы оның қызметін жүзеге асыру айналасында экономикалық ортаның тұрақтылығымен негізделеді. Оған бүкіл мемлекеттің ауқымында нарықтық экономиканы басқарудың сәйкесінше жүйесімен қол жеткізіледі;

- ұйымның жалпы тұрақтылығы – бұл қаражаттардың (табыстар) олардың шығындардан (шығыстар) тұрақты артық түсуін қамтамасыз ететін ақша ағындарының қозғалысы.

Қаржылық тұрақтылық қаржылық ресурстардың тиімді қалыптасуымен, бөлінуімен және пайдаланылуымен анықталынады, ал төлемқабілеттілік оның сыртқы көрінісі ретінде болады. Қаржылық тұрақтылық барлық қаржы-шаруашылық қызмет үдерісінде қалыптасады және ұйымның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады.

Қаржылық тұрақтылықты талдау активтер мен пассивтердің тепе-теңдігін бекітетін баланстың негізгі формуласынан шығады және келесі түрде болады:

$$A_k + A_y = M_k + M_y + K$$

мұнда: A_k – қысқа мерзімді активтер; A_y – ұзақ мерзімді активтер; M_k – қысқа мерзімді міндеттемелер; M_y – ұзақ мерзімді міндеттемелер; K – капитал.

2. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау көрсеткіштері

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы көбінесе капиталды қалыптастыру көздері мен ұйым активтерінің құрылымына, яғни меншікті қаражаттар мен қарыздық қаражаттар арасындағы қатынасқа тәуелді болады. Сондықтан да, ең алдымен, ұйым капиталының қалыптасу көздерінің құрылымына талдау жасау арқылы ұйымның қаржылық тұрақтылығының деңгейін бағалау керек. Осы мақсатпен келесідей көрсеткіштер есептеледі:

1. Қаржылық автономия коэффициенті (немесе қаржылық тәуелсіздік коэффициенті)

$$K_{авт} = \text{меншікті капитал} / \text{баланс валютасы}$$

Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті меншікті қаражаттардың қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы үлес салмағын көрсетеді. Коэффициенттің мәні жоғары болған сайын ұйым қаржылай тұрақты және сыртқы кредиторларға тәуелсіз. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні $\rightarrow 0,5$

2. Қаржылық тәуелділік коэффициенті

$$K_{тәуелділік} = \text{қарыздық капитал} / \text{баланс валютасы}$$

Бұл коэффициент ұйымның қарыз қаражаттарының қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы үлесін сипаттайды. Оны 1-мен автономия коэффициенті айырмасы ретінде де есептеуге болады. Егер коэффициент мәні 0,5-тен аспаса, онда қаржылық жағдайдың тұрақты екенін білдіреді.

3. Ағымдық қарыз коэффициенті

$$K_{қарыз} = \frac{\text{қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер}}{\text{баланс валютасы}}$$

Бұл коэффициенттің жоғары деңгейі ақша қаражаттары тапшылығының пайда болуының қаупін білдіреді. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні $- \leq 1$.

4. Ұзақ мерзімді қаржылық тәуелділік коэффициенті (тұрақты қаржыландыру коэффициенті)

$$K = \frac{\text{меншікті капитал} + \text{ұзақ мерзімді қарыздық капитал}}{\text{баланс валютасы}}$$

Бұл коэффициент ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар меншікті және қарыз қаражаттары ішінде қандай үлесті құрайтынын көрсетеді. Бұл коэффициенттің болуы және оның динамикада жоғарылауы ұйымның қаржылық тұрақтылығының

нашарлағанын сипаттайды. Көрсеткіштің бірге жақындауы оның төмен қаржылық тұрақтылығын білдіреді.

5. Қарыздарды меншікті капиталмен жабу коэффициенті (төлемқабілеттілік коэффициенті)

$$K_m = \text{меншікті капитал} / \text{қарыздық капитал}$$

Бұл коэффициент ұйымның қаржылық тұрақтылығы үшін қажетті меншікті қаражаттардың бар болуын сипаттайды. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні $\rightarrow 1$.

6. Қаржылық тәуекелділік коэффициенті

$$K_{\text{тәуекелділік}} = \text{қарыздық капитал} / \text{меншікті капитал}$$

Сонымен, қаржылық автономия (немесе қаржылық тәуелсіздік), ұзақ мерзімді қаржылық тәуелділік (тұрақты қаржыландыру), қарыздарды меншікті капиталмен жабу (төлемқабілеттілік) коэффициенттерінің мәні жоғары болған сайын және қаржылық тәуелділік, ағымдық қарыз, қаржылық тәуекелділік коэффициенттерінің мәні төмен болған сайын ұйымның қаржылық жағдайы тұрақты болады.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы баланстың актив және пассив баптарының арасындағы тепе-теңдікті зерттеу негізінде неғұрлым толық ашылуы мүмкін. Ұйым активтері мен пассивтерінің оларды пайдалану мерзімдері мен циклдері бойынша тепе-теңдіктері сақталған кезде ұйымның қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты баланс активтері мен пассивтерінің қаржылық тепе-теңдігін талдау ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалаудың негізі болып табылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық тұрақтылығы түсінігі
2. Қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар
3. Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері және оларды есептеу әдістері

13. АҚША АҒЫМЫН ТАЛДАУ

1. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсінігі. Ұйымның ақша қаражаттарын талдаудың мақсаты.

2. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің құрылымы.

3. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қалыптастырудың тура және жанама әдістері.

4. Ақша қаражаттарының таза ағынын анықтау.

1. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсінігі. Ұйымның ақша қаражаттарын талдаудың мақсаты

Ақша және оның баламаларының есебінің дұрыс ашылып көрсетілуі ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижесін нақты бағалау үшін өте маңызды.

Бухгалтерлік есеп тұрғысынан алып қарағанда Ақша – бұл ұйымның кассасындағы қолма-қол ақша қаражаттары және банктен ашылған әртүрлі шоттардағы ақша қаражаттары болып табылады (ағымдық, валюталық, есеп айырысу шоты, т.б. арнайы шоттар).

Ақша баламалары дегеніміз – бұл ақшаға ұқсас, бірақ басқаша жіктелетін активтер болып табылады. Оларға қазыналық вексельдер, коммерциялық қағаздар, депозиттік сертификаттар жатады.

Ақша ағымы жөнінде ақпаратты пайдалана отырып, ақша қаражаттарына талдау жүргізудегі негізгі мақсаттар:

– ұйымның ақша қаражатын табу мүмкіндігін және оның дәл сол ақша қаражаттарына деген қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді;

– ұйымның активтерінің өзгерісін, оның қаржылық жағдайы мен ақша ағымының уақытының сақталуына ұйымның әсер ету мүмкіндігін бағалауға болады;

– әртүрлі ұйымдардың операциялық қызметтері бойынша есептіліктерін салыстыру мүмкіндігі пайда болады.

2. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің құрылымы

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп – белгілі бір есептік кезеңдегі ұйымға келіп түскен ақша қаражаты мен олардың пайдалануы туралы ақпараттар беретін қаражылық есептіліктің бір нысаны. Осы нысан арқылы қаржылық есептілік мәліметтерін пайдаланушылар ұйымның ақша қаражаттарын табу қабілеттілігін және оларды қандай көздерге жұмсауды қажет ететін бағыттауды анықтайды. Сонымен бірге ұйымның ақша қаражаттарын алумен байланысты әртүрлі түсімдер мен төленген төлемдер арасындағы айырмаларды көруге болады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті жасаудағы негізгі мақсат:

1. Есептік кезең ішінде ұйымға келіп түскен ақша қаражаттары мен олардың жұмсалуды туралы ақпарат алу;

2. Есептік кезең ішіндегі операциялардың инвестициялық және қаржылық қызметтері туралы ақпараттар алу болып табылады.

Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысы бұл сол ұйымға келіп түскен және жұмсалған ақша қаражаттарын көрсететін болғандықтан қаржылық есептіліктің осы нысаны ұйымның айналымдағы ақша қаражатының қозғалысын көрсететін негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте ұйым қызметі 3 түрге бөлініп көрсетіледі:

- операцияндық қызмет;
- инвестициялық қызмет;
- қаржылық қызмет.

Ұйым қозғалысының негізгі түрі операцияндық қызмет болып табылады. Операцияндық қызмет бұл табыс алумен байланысты ұйымның негізгі қызметі немесе инвестициялық және қаржылық қызметтерге жатпайтын басқа қызметі болып табылады.

Операцияндық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысын 2 түрге бөлінеді:

1. Ұйымға келіп түскен ақша қаражаттары. Олар:

- тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен түсімдер;
- алынған аванстар;
- жалға беру, сыйақылар және комиссиялық түсімдер.

2. Ақша қаражаттарының шығу көздері. Олар:

- жеткізушілерге сатылып алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төленген ақша қаражаттары;
- берілген аванстар;
- жалақы бойынша төлемдер;
- салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар;
- сыйақылар және дивиденттер төлеу;
- сақтандыру қызметтеріне төленген төлемдер және басқалар.

Инвестициялық қызмет бұл ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, сонымен бірге қаржылық инвестицияны алу және беру қызметтері. Инвестициялық қызмет нәтижесінде пайда болатын ақша қаражаттарының қозғалысын келесідей түрде көрсетейік:

1. Инвестициялық қызметтен келіп түсетін ақша қаражаттарының көздері:

- 1.1. Ұйымның МЕА, негізгі құралдарын және т.б. ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер.
- 1.2. Қаржылық инвестицияны сатудан түскен түсімдер (сыйақы, дивиденд, пайыздар).
- 1.3. Басқа заңды тұлғалардан алынған қарыздар және т.б.

2. Инвестициялық қызмет әсерінен ақша қаражаттарының шығу көздері:

- 2.1. Ұйымға ұзақ мерзімді активтерді сатып алу.
- 2.2. Қаржылық инвестицияны, яғни бағалы қағаздарды сатып алу.
- 2.3. Басқа заңды тұлғаларға қарыздарды беру және т.б.

Инвестициялық қызмет ұйымның бухгалтерлік саласында көрініс табады, яғни ұзақ мерзімді активтерді ретінде көрінеді. Сонымен бірге инвестициялық қызметті ұйымның пайда мен зиян туралы есебінде ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен табыс немесе шығын ретінде де көрініс табады.

Қаржылық қызмет ұйымның меншікті капиталына және қарызға алынған қаражаттардың көлемі мен құрамында бола-

тын өзгерістердің нәтижесін көрсетеді. Ұйымның қаржылық қызметі нәтижесінде пайда болатын ақша қаражаттарының қозғалысына мыналар жатады:

1. Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының түсу көздері:

1.1. Акцияларды және т.б. бағалы қағаздарды айналысқа шығарып сатудан түскен ақша қаражаттары.

1.2. Коммерциялық банктерден және банктік несиелер қаржы мекемелерінен алынған несиелер және т.б. түсімдер.

2. Қаржылық қызметтің әсерінен ақша қаражаттарының шығу көздері:

2.1. Қаржылық мекемелерден алынған несиелерді қайтару.

2.2. Өзінің айналысқа шығарған бағалы қағаздарын сатып алу.

2.3. Дивидендтер төлеу және т.б. шығу көздері.

Барлық заңды тұлғалар өзінің инвестициялық және қаржылық қызметтерінен келіп түсетін және шығатын ақша қаражаттарының негізгі түрлерін жеке-жеке ашып көрсетуі қажет.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті құрастыру үшін шаруашылық операцияларды өте көп жүргізетін ұйымдарда арнайы жұмыс кестесін пайдалану ұсынылады. Мұндай жұмыс кестесі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті жасау үшін ұйымның бухгалтерлік балансымен, пайда мен зиян туралы есебіндегі баптарға енгізілген өзгерістерге талдаулар жасауға мүмкіндіктер береді.

3. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қалыптастырудың тура және жанама әдістері, олардың жетістіктері мен жетіспеушіліктері

Ұйымның төлем қабілеттілік көрсеткіштерінің өзгеруін талдау кезінде ақша қаражаттарының келіп түсу және шығу жоспарларының орындалуын талдаудың маңыздылығы жоғары. Ол үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп мәліметтеріне талдау жасалады.

Ұйымның *операциондық қызметінен* болатын ақша қаражаттарының ағымын зерттеу үшін *тікелей және жанама*

әдістер пайдаланылады (қалған қызмет түрлерінде тек қана тікелей әдіс пайдаланылады).

1. Тікелей әдіс – бұл ұйымға келіп түскен ақша қаражаттары мен төленген төлемдердің негізгі түрлерін ашып көрсететін әдіс, яғни ұйымның негізгі жүргізілген шаруашылық операциялары бойынша алынған және төленген ақша қаражаттары туралы ақпараттар беріледі. Бұл әдіс арқылы әрбір ақшалай операцияның қандай қызмет түріне жататындығын анықтауға болады. Тікелей әдіс арқылы сол ұйымның пайда мен зиян туралы есебінің баптарына түзетулер енгізуге болады (қажет болған жағдайда). Бұл жағдай өнімдерді сатудан түскен ақша қаражаттарын қажетті тауарлар мен шикізаттарды сатып алу бойынша жұмсалған барлық ақша қаражаттарын, ағымдық шығындарды, несиелер бойынша сыйақыларды және бюджетке төленген төлемдерді шегеру арқылы есептелінеді.

Нәтижесінде: ұйымның операциялық қызметі бойынша ақша қаражаттарының жалпы сомасы есептелінеді.

Тікелей әдісті қолданған кезде пайда болатын ақша қозғалысын төмендегідей бөліп қарастырайық.

I. Тауарларды сатудан және қызметтерден түскен ақша қаражаттары:

– тауарларды сату мен қызметтер көрсетуден түскен ақша қаражаттары;

– қорларды жеткізу үшін және қызметтер көрсету үшін алынған аванстар;

– дивидендтер, сыйақылар және тағы басқа түрдегі табыстар мен түсімдер.

II. Ақша қаражаттарының шығуы:

1. Сатып алынған тауардан, қызметтер үшін жеткізушілерге төленген ақша қаражаттары.

2. Берілген аванстар.

3. Жалақы бойынша төлемдер.

4. Салықтар және тағы басқа міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар.

5. Сыйақы және дивидендтер төлеу.

6. Тағы басқа төлемдер.

Сонымен тікелей әдіс есептік кезеңдегі ұйымның ақша қаражаттарының жиынтық және таза ағымдарын сипаттайтын мәліметтерді алу үшін қолданылады. Бұл әдісте кезінде ақша қаражаттарының келіп түсу және шығуының барлық түрлерін сипаттайтын бухгалтерлік есеп және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп мәліметтері қолданылады.

25-кесте

Ақша қаражаттарының қозғалысы

№	Тікелей әдіс	сомасы
I	Келіп түскен ақша қаражаттары	
I.1.	Дайын өнімдегі сатудан түскен табыс	8850
I.2.	Алынған аванстар	3000
I.3.	Сыйақылар	1000
I.4.	Дивидендтер	20
I.5.	Т.б. түсімер	1015
II	Шыққан ақша қаражаттары	
II.1.	Жеткізушілермен есеп айырысу	6300
II.2.	Жалақы бойынша есеп айырысу	5500
II.3.	Зейнетақы қорына аударымдар	150
II.4.	Салықтар	325
II.5.	Несие бойынша төленген сыйақылар	165
II.6.	Берілген аванстар	30
II.7.	Т.б. төленген ақша қаражаттары.	50
	Операциялық қызмет нәтижесіндегі таза ақшаның көбеюі немесе азаюы	1365

2. Жанама әдіс – ұйымның қысқа мерзімді активтері мен міндеттемелердің өзгеруіне байланысты таза табыс немесе шығын сомасын түзететін әдіс. Сонымен бірге инвестициялық және қаржылық қызметтер нәтижесінде пайда болатын пайда мен зиян сомасы өткен кезеңмен салыстырыла отырып өзгерістер жасалынады. Яғни бұл әдіс есептік кезеңдегі таза табысты көрсетумен басталады және ақша қаражаттарына тікелей байланыстары жоқ сомаларға түзетулер енгізіледі. Бұл әдіс негізінен бухгалтерлік баланста және пайда мен зиян туралы есепте көрсетілген ақпараттарға негізделеді.

Жанама әдіс арқылы табыстар мен шығындар туралы есептің әрбір баптарына өзгерістер енгізіледі. Осы әдіс негізінде таза табыс сомасы өткен кезеңмен салыстырыла отырып өзгереді.

26-кесте

**Жанама әдісті бойынша пайда (зиян) сомасына
енгізілетін өзгертулер**

I	Таза табыс	Бұл сома ұйымның пайда мен зиян туралы есебінен алынады
II	Таза табысқа түзетулер енгізген операциялар	
II.1	Есептелінген тозу сомасы	Кезең бойынша есептелінген тозу сомасы, таза табыс сомасына қосылады. Себебі олар ақша қаражаттарына тікелей әсер етпейді.
II.2	Қысқа мерзімді активтер соманың өзгеруі	Қысқа мерзімді активтер сомасының көбеюі, есептік кезең аралығындағы ақша қаражаттары ағымының азаюына алып келеді. Бұл кәсіпорын ақша қаражаттарының шығуын көрсетеді. Ал қысқа мерзімді активтердің азаюы ағымдық кезеңдегі ақша қаражаттарының көбеюіне алып келеді. Бұл кәсіпорын ақша қаражаттарының келіп түсуіне алып келеді.
II.3	Қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасының азаюы	

4. Ақша қаражаттарының таза ағынын анықтау

Тікелей әдіс арқылы операциялық қызметтен болатын ақша қаражаттарының таза ағыны (АТА) келесідей үлгі бойынша есептеледі:

$ATA_{ок} = \text{өнімдер мен қызметтерді сатудан түскен түсім} + \text{сатып алушылардан алынған аванстар} + \text{операциялық қызметтен түскен, т.б. түсімдер} - \text{қорларды сатып алуға төленген қаражаттар сомасы} - \text{ұйым персоналдарына төленген еңбек-ақы} - \text{бюджетке төленген салықтық төлемдер мен міндетті төлемдер} - \text{операциялық қызметпен байланысты төленген т.б. төлемдер сомасы.}$

Әрбір бап бойынша ақша қаражаттарының келіп түсу және шығу көздерін базалық мәліметтермен (жоспармен) салыстыру арқылы ұйымның негізгі қызметі нәтижесінде ақша қаражаттарын табу қабілеттілігі бойынша қорытындылар жасауға болады. Егер ұйымның негізгі қызметі бойынша ақша қаражаттарының шығу сомасы жоғары болса және жыл сайын осы қарқын қайталанса, онда бұл жағдай ұйымның қаржылық тұрақсыздығына әкеледі. Себебі негізгі қызметтен ақша қаражаттарының келіп түсуі ұйым табысының негізгі тұрақты көзі болып табылады.

Тікелей әдістің артықшылығы – ол келіп түскен сомалар мен төлемдердің жалпы сомасын көрсетеді. Бірақ бұл әдіс қаржылық нәтиже мен ақша қаражаттарының өзгеру көлемдерінің арасындағы өзара байланысты ашып көрсетпейді.

Операциондық қызмет бойынша жанама әдіс талдау жүргізу тұрғысынан алып қарағанда ыңғайлы болып табылады. Себебі қаржылық нәтиже мен ақша қаражаттарының қалдықтары арасындағы ауытқушылықтардың себептерін көрсетуге мүмкіндіктер береді.

Жанама әдіс арқылы операциондық қызметтен болатын ақша қаражаттарының таза ағыны (АТА) келесідей үлгі бойынша есептеледі:

$ATA_{ок} =$ ұйымның операциондық қызметтен алған таза пайдасы + НҚ мен МЕА есептелген амортизация сомасы + дебиторлық қарыздардың өзгерген сомасы +- қорлар сомасының өзгеруі +- кредиторлық қарыздардың өзгерген сомасы +- болашақ кезең табыстарының өзгерген сомасы +- алынған аванстардың өзгерген сомасы +- берілген аванстардың өзгерген сомасы.

Сонымен, жанама әдіс ұйымның таза қаржылық нәтижесі мен таза ақша ағымдарының арасындағы айырманы көрсетеді.

Ұйымның операциондық, инвестициялық және қаржылық қызметтерінен болған таза ақша ағымдарының сомасы ұйым бойынша жалпы таза ақша ағымдарын есептеуге мүмкіндіктер береді:

$$ATA_{жалпы} = ATA_{ок} + ATA_{ик} + ATA_{кк}$$

Сонымен, ақша ағымының тапшылығы байқалған кезде ұйымның өтімділігі мен төлем қабілеттілігі төмендейді, бұл мерзімінде өтелмеген қарыздардың сомасын көбейтеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсінігі. Ұйымның ақша қаражаттарын талдаудың мақсаты.
2. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің құрылымы.
3. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қалыптастырудың тура және жанама әдістері.
4. Ақша қаражаттарының таза ағынын анықтау.

ГЛОССАРИЙ

«Талдау» сөзі гректің «*analysis*» деген сөзінен шыққан, «бөлемін», «бөлшектеймін» дегенді білдіреді және қазіргі заманда талдау, бөлшектеу, ой таразысына салу дегенді білдіреді.

Көлденең (уақытша) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру.

Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау.

Трендтік талдау – барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеу негізделеді.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді.

Салыстырмалы (кеңістік) талдау бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау.

Абсолюттік өтімділік коэффициенті бұл қаражат қорының мөлшері ақша қаражаты мен қысқа мерзімді қаржылық салымдар қосындысының қысқа мерзімді қарыздар қатынасына тең.

Тез өтімділік коэффициенті – ақша қаражаты мен қысқа мерзімді қаржылық салымдар, қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар қосындысының қысқа мерзімді міндеттемелер қатынасы.

Ағымдық өтімділік коэффициенті айналымдағы барлық активтерді қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығына бөлгенге тең.

Қарыздық қор капиталы – банктер мен қаржылық компаниялардың кредиттері, залалдар, кредиторлық берешек, лизинг, коммерциялық қағаздар және т.б.

Жеке капиталдың тұрақты өсу деңгейі есепті кезеңнің капиталды табыс сомасына бастапқы кезеңнің жеке капиталына бөлу жолымен анықталады.

Салық салуға дейінгі табыс – несие берушілерге пайыз соммасын төлегеннен кейінгі қорытынды.

Таза пайда – бұл кәсіпорындағы барлық салықтың, экономикалық санкциялар мен т.б. міндетті төлемдер төленгеннен кейінгі кәсіпорынның өз пайдалануына қалатын қаржы соммасы немесе табысы.

Есеп саясаты – субъектінің басшысы қабылдаған бухгалтерлік есепті оның қағидалары мен негіздеріне сәйкес жүргізуге және қаржылық есептілікті ашуға арналған әдістер жиынтығы.

Қаржылық талдау – ұйымның қаржылық механизмін тану, ұйымның оперативті және қаржылық қызметін жүргізуге қажетті қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдаланудың әдісі.

Басқарушылық есептілік – өндірілген өнімнің өзіндік құны, басқару есебі негізінде құрастырылатын есептілік жөніндегі ақпаратты қамтитын сыртқы пайдаланушыларға берілмейтін, коммерциялық құпия саналатын ақпараттар жиынтығы.

Қаржылық есептілік – ұйымның есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайы жөніндегі акционерлер, банк, сақтандыру ұйымдары, үкімет ұйымдары үшін арнайы анықтамалықтарда, қаржылық газеттер мен бюллетендерде жарияланатын есептілік.

Операциялық қызмет дегеніміз – ұйымның табыс алуға бағытталған, инвестициялық және қаржылық қызметтен өзгеше негізгі қызметі.

Инвестициялық қызмет – ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, несиелерді алу және берумен байланысты қызметі.

Қаржылық қызмет – нәтижесінде меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшерінде өзгеріс туындайтын қызмет түрі.

Тікелей әдіс – негізгі ақша түсімдері мен төлемдерін ашу әдісі. Бұл әдіс табыстар мен шығыстар жөніндегі есептілік баптарын түзетуді талап етеді.

Жанама әдіс – таза табыс немесе зиян ағымдағы активтердің, міндеттемелердің, ақшалай емес операциялардың түзетілуін, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижелері болып табылатын табыстар мен шығыстарға түзетілуін талап ететін әдіс.

Жұмылдырылған қаражаттар – өндіріс процестерінде үнемі қозғалыста болатын қаражаттар. Оларға ағымдағы активтер жатады.

Жұмылдырылмаған қаражаттар – тұрақты өзгертуге ұшырамайтын қаражаттар, оларға ұзақ мерзімді активтер жатады.

Айналымдық коэффициенттері өнімдер (жұмыстар, қызметтерді) сатудан алынған табыстардың дебиторлық борыштардың орташа мөлшеріне қатынасы ретінде анықталады.

Дебиторлық борыштардың айналымдылығы күн ретінде есептеліп, қайтаруға қажетті күндер санын көрсетеді. Кезеңдегі күндер санын айналымдық коэффициентіне бөлу арқылы анықталады.

Ағымдағы активтердің айналымдық коэффициенті олардың қаралып отырған кезеңдегі айналымының жылдамдығын көрсетеді. Ағымдағы активтердің айналымдығын жеделдету оларды халық шаруашылығында қолдануға деген қажеттілігін азайтады.

Тәуелсіздік коэффициенті

$$T_k = M_k : A_k$$

Мұндағы: M_k – меншікті капитал; A_k – аванстық капитал.

Осы коэффициент арқылы ұйымның қарыз капиталынан қаншалықты тәуелсіз екендігін және меншікті қаражаттарын қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Шетелдік экономистердің ойынша, тәуелсіздік коэффициенті сәйкесінше жоғары дәрежеде болғаны жөн. Бұл қаражаттар көздерінің құрылымын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Мұндай құрылым инвесторлар мен кредиторларды тартады. Меншікті қаражаттар көп болған сайын ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге, нарық шарттарына сәйкес болуға мүмкіндік береді. Сол себепті кәсіпкерлер әртүрлі резервтерді

ашу мен бөлінбеген табысты жарғылық капиталға тікелей қосу арқылы меншікті капитал мөлшерін арттыруды көздейді.

Тәуелділік коэффициенті

$$K_T = CT_K / A_K$$

CT_K – сырттан тартылған капитал

Бұл коэффициент жалпы аванстық капитал сомасындағы қарыздың үлесін көрсетеді. Оның мөлшері қаншалықты көп болса, соншалықты басым мөлшерде ұйым сыртқы көздерден қаржыландырылады.

Қаржыландыру коэффициенті

$$K_K = M_K / CT_K$$

Бұл коэффициенттің мөлшерінің көп болуы банктер мен инвесторлар үшін қызығушылық тудырады. Коэффициент ұйым қызметінің қандай бөлігі меншікті қаражат, қандай бөлігі сырттан тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатынын көрсетеді.

Қор қайтымдылығы – негізгі құралдардың қолданылуының негізгі көрсеткіші, сатудан алынған табысты негізгі құралдардың орташа жылдық құнына бөлу арқылы анықталады.

Қор сыйымдылығы – қор қайтымдылығына кері көрсеткіш, өнімдердің бір теңгесіне сәйкес келетін негізгі өндірістік құралдардың мөлшерін сипаттайды.

Материалқайтымдылығы өндірілген өнім санын материалдық шығындар сомасына бөлу арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш қолданылған ресурстардың әрбір теңгесіне қанша өнім өндірілгенін көрсетеді.

Материалсыйымдылығы – материалдық шығындар сомасының өндірілген өнім санына қатынасы арқылы анықталады. Көрсеткіш бір өнім бірлігіне қанша материалдық шығын қажет екенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности. – Алматы, Экономика, 2009.
2. Дюсембаев К.Ш. Қаржылық есептемені талдау. – Алматы, Экономика 2011.
3. Дюсембаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2001
4. Демесінов Т. Ж. Қаржылық талдау: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 320 б.
5. Ковалев В.В. Анализ хозяйственной деятельности – М.: ПБОЮЛ Гриженко Е.М., 2005.
6. Любушин Н.П., Лещева В.Б., Дьякова В.Г. Анализ финансово – экономической деятельности предприятия: учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ, 2010.
7. Анализ финансовой отчетности / Под ред. О.В. Ефимовой, М.В. Мельник. – М.: Омега-Л, 2004.
8. Бернстайн Л. А. Анализ финансовой отчетности: теория, практика и интерпретация: Пер. С англ. – М.: Финансы и статистика, 1996.
9. Дюсембаев К.Ш. Аудит и анализ финансовой отчетности. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 1998.
10. Ковалев В.В. Финансовый анализ: методы и процедуры. – М.: Финансы и статистика, 2001.
11. Шеремет А.Д., Ненашев Е.В. Методика финансового анализа: учебное пособие. – М., 1999.
12. Балабанов И.Т. Анализ и планирование финансов хозяйствующего субъекта. – М., 1998.
13. Грачев А. В. Анализ и управление финансовой устойчивостью предприятия. – М.: Финпресс, 2002.
14. Донцова Л.В., Никифорова Н.А. Анализ финансовой отчетности. – М.: Дело и Сервис, 2003.
15. Налетова И.А. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. – М.: Инфра-М., 2006.
16. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности. – М.: Инфра-М, 2004.
17. Чернышева Ю.Г. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. – М.: «МарТ», 2006.
18. Шеремет А.Д. Методика финансового анализа. – М.: Инфра-М., 1996.
19. «Бухгалтер бюллетені» журналы.
20. «Бухучет на практике» журналы.
21. Ұйымдардың қаржылық есептілік нысандары.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

\$\$\$ 001

Жария қаржылық есептіліктегі ақпарат:

- A) коммерциялық құпия;
- B) барлық пайдаланушыларға беріледі;
- C) тек әкімшілікке беріледі;
- D) тек бас бухгалтерге беріледі;
- E) тек сыртқы пайдаланушыларға беріледі.

\$\$\$ 002

Ұйымның қаржылық жағдайына қандай факторлар әсер етеді?

- A) нарықтағы баға деңгейі;
- B) басшының атағы;
- C) бәсеке;
- D) жұмысшыларды материалдық ынталандыру;
- E) қарыз капиталының көбеюі.

\$\$\$ 003

Шоғырландырылмаған қаражаттар –

- A) ағымдағы активтер;
- B) меншікті капитал;
- C) ұзақ мерзімді активтер;
- D) ұзақ мерзімді міндеттемелер;
- E) ағымдағы міндеттемелер;

\$\$\$ 004

Активтер рентабельділігі –

- A) сатудан алынған табыс / активтер;
- B) таза табыс / активтер;
- C) сатудан алынған табыс / активтердің орташа мөлшері;
- D) таза табыс / активтердің орташа мөлшері;
- E) міндеттемелер/ активтердің орташа мөлшері.

\$\$\$ 005

Осы ұйым бизнесіне салынған капитал –

- A) жарғылық капитал;
- B) сырттан тартылған капитал;
- C) меншікті капитал;
- D) негізгі капитал;
- E) айналым капиталы.

\$\$\$ 006

Баланс-неттода негізгі құралдар көрсетіледі:

- A) бастапқы құны бойынша;
- B) қалдық құны бойынша;
- C) жойылу құны бойынша;
- D) ағымдағы құны бойынша;
- E) сату құны бойынша.

\$\$\$ 007

Сату көлемінің табыстылығы:

- A) Таза табыс/ жиынтық табыс;
- B) жиынтық табыс / өнімді сатудан алынған табыс;
- C) сату көлемі / өнімді сатудан алынған табыс;
- D) өнімді сатудан алынған табыс / сату көлемі;
- E) Таза табыс / сату көлемі.

\$\$\$ 008

Қаржыландыру коэффициенті:

- A) қысқа және ұзақ мерзімді инвестициялар/ жиынтық капитал;
- B) қарыз капиталы/ жиынтық капитал;
- C) меншікті капитал/ қарыз капиталы;
- D) қарыз капиталы / меншікті капитал;
- E) меншікті капитал / жиынтық капитал.

\$\$\$ 009

Баланс активтерінің қай бөліміне қысқа мерзімді дебиторлық борышты жатқызуға болады?

- A) 1-топқа;
- B) 2-топқа;
- C) 3-топқа;
- D) 4-топқа;
- E) дұрыс жауап жоқ.

\$\$\$ 0010

Қай теңсіздіктер жиыны баланс өтімділігін сипаттайды?

- A) $1A \geq 1П$, $2A \geq 2П$, $3A \geq 3П$, $4A \leq 4П$;
- B) $1A \leq 1П$, $2A \geq 2П$, $3A \leq 3П$, $4A \geq 4П$;
- C) $1A \leq 1П$, $2A \geq 2П$, $3A \geq 3П$, $4A \geq 4П$;
- D) $1A \leq 1П$, $2A \leq 2П$, $3A \leq 3П$, $4A \geq 4П$;
- E) $1A \geq 1П$, $2A \leq 2П$, $3A \leq 3П$, $4A \geq 4П$;

\$\$\$ 0011

Табыстылықтың абсолютті көрсеткіші:

- A) инвестициялардың табыстылығы;
- B) қаржыландыру коэффициенті;
- C) өнімді сатудан алынған табыс;
- D) перманентті капитал табыстылығы;
- E) активтер табыстылығы.

\$\$\$ 0012

Негізгі құралдардың техникалық жағдайын сипаттайды:

- A) қор қайтымдылығы коэффициенті;
- B) қалдық құны;
- C) тозу коэффициенті;
- D) еңбектің қормен қамтылуы;
- E) бастапқы құны.

\$\$\$ 0013

Негізгі құралдардың жаңартылуы коэффициенті қалай анықталады?

- A) капиталдың орташа жылдық құны/өнімді сатудан алынған табыс;
- B) келіп түскен негізгі құралдар құны/жыл соңындағы негізгі құралдардың бастапқы құны;
- C) негізгі құралдардың қалдық құны/ негізгі құралдардың бастапқы құны;
- D) өнімді сатудан алынған табыс/ капиталдың орташа жылдық құны;
- E) пайдаланудағы жабдықтар саны / қолда бар жабдықтар саны.

\$\$\$ 0014

Меншікті айналыс қаражаттарымен қамтылуы коэффициенті қалай анықталады?

- A) меншікті қаражаттар/ ұйымның активтері;
- B) меншікті капитал/ ағымдағы активтер;
- C) меншікті капитал – ұзақ мерзімді активтер/ ағымдағы активтер;
- D) меншікті капитал / ағымдағы активтер / ұзақ мерзімді активтер;
- E) ұйымның активтері / меншікті капитал.

\$\$\$ 0015

Баланстың қай бабы баяу сатылатын активтерге жатады?

- A) ақша қаражаттары;
- B) дебиторлық борыш;
- C) тауарлы-материалды қорлар;
- D) меншікті капитал;
- E) басқа да ағымдағы активтер.

\$\$\$ 0016

Ағымдағы міндеттемелерге қай бап жатады?

- A) бөлінбеген табыс;
- B) кейінге шегерілген салық;
- C) кредиторлық борыш;
- D) дебиторлық борыш;
- E) алдағы кезең шығындары.

\$\$\$ 0017

Ақша қаражаттарының айналымдылығы:

- A) жыл бойындағы ақша қаражаттарының айналымы/ ақша қаражаттарының орташа қалдығы;
- B) $360 \times$ ақша қаражаттарының қалдығы/ жыл бойындағы ақша қаражаттарының айналымы;
- C) жиынтық табыс / ақша қаражаттарының орташа қалдығы;
- D) таза табыс/ ақша қаражаттарының орташа қалдығы;
- E) $360/$ ақша қаражаттарының орташа қалдығы.

\$\$\$ 0018

Негізгі құралдар баланстың қай бөлімінде көрсетіледі?

- A) ұзақ мерзімді активтер;
- B) ағымдағы активтер;
- C) меншікті капитал;
- D) ұзақ мерзімді міндеттемелер;
- E) ағымдағы міндеттемелер.

\$\$\$ 0019

Жиынтық табыс қалай анықталады?

- A) өнімді сатудан алынған табыс – сатылған өнімнің өзіндік құны;
- B) өнімді сатудан алынған табыс – кезең шығындары;
- C) негізгі қызметтен алынған табыс + негізгі емес қызметтен алынған табыс;
- D) салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс – салықтар;
- E) өнімді сатудан алынған табыс – салықтар.

\$\$\$ 0020

Меншікті айналыс капиталының мөлшерін анықтаңыз, егер ұзақ мерзімді активтер = 45140, ағымдағы активтер = 23364, акционерлік капитал = 60520, ұзақ мерзімді міндеттемелер=68000, қысқа мерзімді міндеттемелер 7924.

- A) 15940;
- B) 17450;
- C) 15440;

- D) 15380;
- E) 11800.

\$\$\$ 0021

Меншікті капиталды анықтаңыз: жарғылық капитал = 41920, қосымша төленген капитал = 15920, резервтік капитал = 1140, есептелген шығындар = 2092, алдағы кезең табыстары = 12, кредиторлық борыш = 5192, бөлінбеген пайда = 1540.

- A) 66264 тг.
- B) 60520 тг.
- C) 60112 тг.
- D) 57840 тг.
- E) 58992 тг.

\$\$\$ 0022

Инвестицияландыру коэффициентін анықтаңыз: негізгі құралдардың бастапқы құны = 138000, амортизация = 70000, жарғылық капитал = 55000, бөлінбеген табыс = 324000, резервтік капитал = 60000, алдағы кезең шығындары = 15000

- A) 4,1;
- B) 5,6;
- C) 3,2;
- D) 6,5;
- E) 3,8.

\$\$\$ 0023

Дебиторлық борыштың айналымдылығы мен өтеу мерзімін анықтаңыз:

Дебиторлық борыштың орташа мөлшері = 5070, сатудан алынған табыс = 182000, бөлінбеген пайда = 1540

- A) 35,9 рет, 10 күн;
- B) 118,1 рет, 3 күн;
- C) 77,2 рет 12 күн;
- D) 88,5 рет 15 күн;
- E) 63,9 рет 5 күн.

\$\$\$ 0024

Тәуелділік коэффициентін анықтаңыз: қолда бар меншікті айналыс қаражаттары = 162, ағымдағы активтер = 482, баланс валютасы = 759, меншікті капитал = 439

- A) 0,62;
- B) 0,58;
- C) 0,42;
- D) 14,4;
- E) 12,5.

\$\$\$ 0025

Абсолютті өтімділік коэффициентін анықтаңыз: таза табыс = 2050, ақша қаражаттары = 12320, ұзақ мерзімді міндеттемелер = 10412, қысқа мерзімді міндеттемелер = 13484, сатудан алынған табыс = 257451

- A) 0,91
- B) 0,16
- C) 20,8
- D) 1,18
- E) 0,51

\$\$\$ 0026

Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициентін анықтаңыз: баланс валютасы = 759, негізгі құралдардың бастапқы құны = 138, негізгі құралдардың қалдық құны = 68, амортизация = 70, сатудан алынған табыс = 1530, таза табыс = 59.

- A) 50,7 %
- B) 49,3 %
- C) 8,9 %
- D) 0,04 %
- E) 0,8 %

\$\$\$ 0027

Тауарлы-материалдық қорлардың айналымдылығын анықтаңыз, егер сатудан алынған табыс = 1530, таза табыс = 65, ТМҚ орташа мөлшері = 310, жиынтық табыс = 950, ТМҚ = 724.

- A) 4,9;
- B) 0,2;
- C) 2,9;
- D) 3,06;
- E) 1,3.

\$\$\$ 0028

Ағымдағы активтердің есепті жылдағы күн есебіндегі айналымдылығын анықтаңыз: сатудан алынған табыс 182000 мың тг, таза табыс 15426 мың тг, ағымдағы активтердің орташа мөлшері 24288 мың тг

- A) 60;
- B) 52;
- C) 50;
- D) 48;
- E) 44.

\$\$\$ 0029

Капиталдың өзгермелілік (маневр) коэффициентін анықтаңыз:
Меншікті капитал = 439, ағымдағы активтер = 482, ұзақ мерзімді активтер = 277, ағымдағы міндеттемелер = 129, меншікті айналым капиталы = 102

- A) 0,9;
- B) 0,3;
- C) 0,59;
- D) 3,4;
- E) 0,23.

\$\$\$ 0030

Іскерлік белсенділік индексі –

- A) перманентті капитал айналымдылығы x негізгі қызметтің табыстылығы;
- B) қолданыстағы капитал айналымдылығы x негізгі қызметтің табыстылығы;
- C) сатудан алынған табыс / таза табыс;
- D) іскерлік белсенділік / сатудан алынған табыс;
- E) таза табыс / іскерлік белсенділік.

\$\$\$ 0031

Бірнеше жылдар үшін базистік жыл деңгейінен салыстырмалы ауытқулар көрсеткіштерін анықтау:

- A) көлденең талдау;
- B) тігінен талдау;
- C) трендік талдау;
- D) факторлық талдау;
- E) жан-жақты талдау.

\$\$\$ 0032

Есептіліктің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстыру:

- A) көлденең талдау;
- B) тігінен талдау;
- C) трендік талдау;
- D) факторлық талдау;
- E) жан-жақты талдау.

\$\$\$ 0033

Есептіліктің әр позициясының жалпы нәтижеге әсерін анықтай отырып, қаржылық көрсеткіштер құрылымының жиынын анықтау:

- A) көлденең талдау;
- B) тігінен талдау;
- C) трендік талдау;

- D) факторлық талдау;
- E) жан-жақты талдау.

\$\$\$ 0034

Мобилді қаражаттар –

- A) меншікті капитал;
- B) ұзақ мерзімді активтер;
- C) ағымдағы активтер;
- D) қысқа мерзімді міндеттемелер;
- E) ұзақ мерзімді міндеттемелер.

\$\$\$ 0035

Меншікті капитал табыстылығының коэффициенті:

- A) сатудан алынған табыс/ меншікті капитал;
- B) таза табыс / меншікті капитал;
- C) меншікті капитал / сатудан алынған табыс;
- D) сатудан алынған табыс / меншікті капиталдың орта мөлшері;
- E) меншікті капитал / таза табыс.

\$\$\$ 0036

Маневрлік коэффициенті:

- A) меншікті айналым капиталы/ меншікті капитал;
- B) қарыз капиталы / меншікті капитал;
- C) меншікті капитал / жиынтық капитал;
- D) меншікті капитал / қарыз капиталы;
- E) қарыз капиталы / жиынтық капитал.

\$\$\$ 0037

Баланстың қай бабы ең өтімді активтерге жатады?

- A) ақша қаражаттары;
- B) дебиторлық борыштар;
- C) тауарлы-материалдық қорлар;
- D) меншікті капитал;
- E) басқа да ағымдағы активтер.

\$\$\$ 0038

Жиынтық табыс пен кезең шығындары арасындағы айырма:

- A) таза табыс;
- B) негізгі қызметтен алынған табыс;
- C) негізгі емес қызметтен алынған табыс;
- D) маржиналды табыс;
- E) сатудан алынған табыс.

\$\$\$ 0039

Негізгі құралдардың шынайы құны қандай арақатынас арқылы анықталады?

- A) негізгі құралдардың бастапқы құны / ұзақ мерзімді активтер;
- B) негізгі құралдардың бастапқы құны / баланс валютасы;
- C) негізгі құралдардың қалдық құны / баланс валютасы;
- D) негізгі құралдардың бастапқы құны / негізгі құралдардың қалдық құны;
- E) негізгі құралдардың тозу құны / негізгі құралдардың қалдық құны.

\$\$\$ 0040

Негізгі құралдардың активті бөлігінің үлес салмағы қандай арақатынас арқылы анықталады?

- A) жұмысшы машиналар, көлік құралдары мен жабдықтар құнының жалпы негізгі құралдар құнына қатынасы;
- B) жұмысшы машиналар, ғимараттар мен өткізгіш құрылғылар құнының ұзақ мерзімді активтерге қатынасы;
- C) үйлер, ғимараттар мен жұмысшы машиналар құнының негізгі құралдар құнына қатынасы;
- D) үйлер, ғимараттар мен жұмысшы машиналар құнының ағымдағы активтерге қатынасы;
- E) дұрыс жауап жоқ.

\$\$\$ 0041

Қандай теңсіздік ұйымның қаржылық жағдайының абсолютті тұрақтылығын сипаттайды?

- A) $TMҚ > \text{меншікті айналым капиталы}$;
- B) $\text{меншікті айналым капиталы} > TMҚ$;
- C) $\text{ұзақ мерзімді міндеттеме} > TMҚ$;
- D) $\text{ұзақ мерзімді міндеттеме} < TMҚ$;
- E) $\text{қысқа мерзімді міндеттеме} > TMҚ$.

\$\$\$ 0042

Тәуелсіздік коэффициенті қандай қатынас арқылы анықталады?

- A) $\text{меншікті капитал} / \text{ұзақ мерзімді міндеттеме}$;
- B) $\text{меншікті капитал} / \text{қарыз капиталы}$;
- C) $\text{меншікті капитал} / \text{баланс валютасы}$;
- D) $\text{қарыз капиталы} / \text{меншікті капитал}$;
- E) $\text{қарыз капиталы} / \text{баланс валютасы}$.

\$\$\$ 0043

Қай теңсіздік тұрақсыз қаржылық жағдайды сипаттайды?

- A) $TMҚ > \text{олардың негізгі қорлану көздері}$;
- B) $TMҚ < \text{олардың негізгі қорлану көздері}$;

- C) $TMK <$ меншікті айналыс капиталы;
- D) $TMK >$ меншікті айналыс капиталы;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

\$\$\$ 0044

Негізгі құралдардың жаңартылу коэффициенті қандай қатынас арқылы анықталады?

- A) келіп түскен негізгі құралдардың жыл соңындағы негізгі құралдар құнына қатынасы;
- B) жаңадан іске қосылған негізгі құралдар құнының жыл соңындағы негізгі құралдар құнына қатынасы;
- C) жаңадан іске қосылған негізгі құралдар құнының жыл басындағы негізгі құралдар құнына қатынасы;
- D) жыл басындағы негізгі құралдар құнының жыл соңындағы негізгі құралдар құнына қатынасы;
- E) келіп түскен негізгі құралдардың жаңадан іске қосылған негізгі құралдар құнына қатынасы.

\$\$\$ 0045

Аралық жабу (өтеу) коэффициенті анықталады:

- A) ақша қаражаттары + дайын өнім / ұзақ мерзімді міндеттеме;
- B) қысқа мерзімді инвестиция, дайын өнім және аяқталмаған өндіріс / ағымдағы міндеттеме;
- C) ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, дебиторлық борыш/ағымдағы активтер;
- D) ақша қаражаттары, $TMK/$ ағымдағы міндеттеме;
- E) ағымдағы активтер / ағымдағы міндеттеме.

\$\$\$ 0046

Ағымдағы активтердің мобилділік коэффициенті:

- A) TMK және қысқа мерзімді инвестиция / ағымдағы активтер;
- B) ақша қаражаттары, бағалы қағаздар / ағымдағы активтер;
- C) ақша қаражаттары + дайын өнім /баланс валютасы;
- D) $TMK/$ баланс валютасы;
- E) ағымдағы активтер / баланс валютасы.

\$\$\$ 0047

Өтімділігі жағынан «басқа да активтер» бабы қай топқа кіреді?

- A) 1-топқа;
- B) 2-топқа;
- C) 3-топқа;
- D) 4-топқа;
- E) дұрыс жауап жоқ.

\$\$\$ 0048

Дайын өнімдер баланстың қай бабында көрсетіледі?

- A) ұзақ мерзімді активтер;
- B) ағымдағы активтер;
- C) меншікті капитал;
- D) ұзақ мерзімді міндеттемелер;
- E) ағымдағы міндеттемелер.

\$\$\$ 0049

Негізгі қызметтен алынатын табыс қалай анықталады?

- A) сатудан алынған табыс – сатылған өнімнің өзіндік құны;
- B) сатудан алынған табыс – кезең шығындары;
- C) жиынтық табыс – кезең шығындары;
- D) салық салынатын табыс – салықтар;
- E) сатудан алынған табыс – салықтар.

\$\$\$ 0050

Бір күндік айналымды анықтаңыз:

Сатудан алынған табыс = 1530, активтер = 1012, активтердің орташа мөлшері = 428,5, таза табыс = 94

- A) 4,25;
- B) 100,8;
- C) 3,5;
- D) 1,5;
- E) 0,2.

\$\$\$ 0051

Негізгі құралдардың шынайы құнын анықтаңыз: негізгі құралдардың бастапқы құны = 215, негізгі құралдардың қалдық құны = 105, тозуы = 85, баланс валютасы = 975.

- A) 48,8 %;
- B) 10,8%;
- C) 39,5%;
- D) 22,05%;
- E) 8,7 %.

\$\$\$ 0052

Перманентті капиталдың айналыс жылдамдығын анықтаңыз: сатудан алынған табыс=3540, таза табыс = 565, меншікті капитал =574, ағымдағы міндеттемелер =759, ұзақ мерзімді міндеттемелер =1200, ағымдағы активтер = 1012:

- A) 6,2;
- B) 2,0;
- C) 0,3;

- D) 1,4;
- E) 0,5.

\$\$\$ 0053

Аванстық капиталдың айналымдылық коэффициентін анықтаңыз: сатудан алынған табыс =3540, таза табыс = 565, меншікті капитал =759, меншікті капиталдың орташа мөлшері = 425,5, баланс валютасы = 2014:

- A) 1,31;
- B) 8,32;
- C) 1,76;
- D) 4,63;
- E) 0,71.

\$\$\$ 0054

Тәуелділік коэффициентін анықтаңыз: меншікті айналым қаражаттары =162, ағымдағы активтер =482, баланс валютасы =759, меншікті капитал =439, қарыз капиталы =458:

- A) 0,6;
- B) 0,58;
- C) 0,42;
- D) 14,4;
- E) 12,5.

\$\$\$ 0055

Негізгі қызметтен алынған табыс сомасын анықтаңыз: сатудан алынған табыс =1530, жиынтық табыс = 611, өнімнің өзіндік құны =919, кезең шығындары = 508:

- A) 1022;
- B) 103;
- C) 411;
- D) 1530;
- E) 714.

\$\$\$ 0056

Қор сыйымдылығы коэффициентін анықтаңыз: сатудан алынған табыс =1530, таза табыс = 94, негізгі құралдардың орташа жылдық құны = 59:

- A) 16,9;
- B) 1,5;
- C) 16,2;
- D) 0,6;
- E) 0,038.

\$\$\$ 0057

Ұзақ мерзімді қарыз капиталын тарту коэффициентін анықтаңыз:
меншікті капитал = 752, ұзақ мерзімді міндеттеме = 243, қысқа мерзімді міндеттеме = 112, баланс валютасы = 1107:

- A) 1,47;
- B) 4,5;
- C) 0,32;
- D) 0,89;
- E) 0,24.

\$\$\$ 0058

Қаржылық талдаудың ақпарат көзі:

- A) нормативті актілер;
- B) заңдар;
- C) ақша қаражаттары;
- D) баланс;
- E) дұрыс жауап жоқ.

\$\$\$ 0059

ТМҚ айналымдылығы:

- A) сатудан алынған табыс / ТМҚ орташа мөлшері;
- B) жиынтық табыс / ТМҚ орташа мөлшері;
- C) сатудан алынған табыс / сатылған өнімнің өзіндік құны;
- D) таза табыс / ТМҚ орташа мөлшері;
- E) 360 / сатудан алынған табыс.

\$\$\$ 0060

Негізгі құралдардың техникалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер:

- A) тозу, жарамдылық, жаңартылу коэффициенттері;
- B) қор қайтымдылығы, қор сыйымдылығы коэффициенттері;
- C) қормен қаруландырылу коэффициенті;
- D) негізгі құралдардың бастапқы және қалдық құндары;
- E) дұрыс жауап жоқ.

\$\$\$ 0061

Баланстың қай баптары тез сатылатын активтерге жатады?

- A) ақша қаражаттары;
- B) қысқа мерзімді инвестициялар;
- C) ТМҚ;
- D) қысқа мерзімді дебиторлық борыш;
- E) негізгі құралдар.

\$\$\$ 0062

Қандай жағдайда ұйымның қаржылық жағдайы кризисті деп танылады?

- A) ұзақ мерзімді міндеттемелер тартқан жағдайда;
- B) ТМҚ негізгі қорлану көздерінен артық теңсіздігіне қоса ұйымның уақытында өтелмеген несиелері мен өтеу мерзімі өтіп кеткен кредиторлық борышы болған жағдайда;
- C) ТМҚ негізгі қорлану көздерінен артық болған жағдайда;
- D) ТМҚ негізгі қорлану көздерінен кем болған жағдайда;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

\$\$\$ 0063

Баланс-бруттода негізгі құралдар көрсетіледі:

- A) бастапқы құны бойынша;
- B) қалдық құны бойынша;
- C) жойылу құны бойынша;
- D) ағымдағы құны бойынша;
- E) сату құны бойынша.

\$\$\$ 0064

Өндірістік мақсаттағы мүліктің коэффициенті қалай анықталады?

- A) өндірістік қуаты / ұзақ мерзімді активтер;
- B) өндірістік потенциал / активтер;
- C) негізгі құралдар, ТМҚ және аяқталмаған өндіріс / баланс валютасы;
- D) негізгі құралдар / активтер;
- E) аяқталмаған өндіріс.

\$\$\$ 0065

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы бағаланатын коэффициенттерді атаңыз:

- A) өндірістік мақсаттағы мүліктер, негізгі құралдардың шынайы құны мен активтердің мобилділігі коэффициенттері;
- B) негізгі құралдардың тозуы, жарамдылығы, жаңартылуы мен активтердің мобилділігі коэффициенттері;
- C) автономдық, қаржыландыру, қарыз және меншікті капиталдың арақатынасы коэффициенттері;
- D) айналымдылық коэффициенттері;
- E) рентабельділік коэффициенттері.

\$\$\$ 0066

Негізгі құралдардың тозуы коэффициенті:

- A) тозу сомасы / негізгі құралдардың қалдық құны;
- B)) тозу сомасы / баланс валютасы;

- C) тозу сомасы / негізгі құралдардың бастапқы құны;
- D) негізгі құралдардың қалдық құны/ баланс валютасы;
- E) негізгі құралдардың қалдық құны/ баланс валютасы.

\$\$\$ 0067

Кредиторлық борыш қай бөлімде көрсетіледі?

- A) ұзақ мерзімді активтерде;
- B) ағымдағы активтерде;
- C) меншікті капиталда;
- D) ұзақ мерзімді міндеттемелерде;
- E) ағымдағы міндеттемелерде.

\$\$\$ 0068

Таза табыс қалай анықталады?

- A) сатудан алынған табыс – сатылған өнімнің өзіндік құны;
- B) сатудан алынған табыс – кезең шығындары;
- C) негізгі қызметтен алынған табыс + негізгі емес қызметтен алынған табыс;
- D) салық салғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс – салықтар;
- E) салық салғаннан кейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс ± төтенше жағдайлардан алынған табыс (зиян).

\$\$\$ 0069

Баланс пассиві қандай қағида бойынша топтастырылады?

- A) тұрақты міндеттемелерден баяу өтелетін пассивтерге қарай;
- B) жедел өтелетін міндеттемелерден баяу өтелетін міндеттемелерге қарай;
- C) баяу өтелетін міндеттемелерден жедел өтелуге тиісті міндеттемелерге қарай;
- D) баяу өтелетін міндеттемелерден тұрақты пассивтерге қарай;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

\$\$\$ 0070

Бір күндік айналымды анықтаңыз: сатудан алынған табыс =1530, активтер =1012, активтердің орташа мөлшері = 428,5, таза табыс = 94:

- A) 4,25;
- B) 100,8;
- C) 3,57;
- D) 1,5;
- E) 0,2.

\$\$\$ 0080

Негізгі құралдардың тозу коэффициентін анықтаңыз: негізгі құралдардың бастапқы құны =215, негізгі құралдардың қалдық құны = 105, тозу сомасы = 85, баланс валютасы =975:

- A) 48,8%;
- B) 10,7%;
- C) 39,5%;
- D) 45%;
- E) 8,7%.

\$\$\$ 0081

Инвестицияландыру коэффициентін анықтаңыз: негізгі құралдардың бастапқы құны =138000, тозу сомасы = 70000, жарғылық капитал = 55000, бөлінбеген табыс =324000, резервтік капитал =60000, алдағы кезең шығындары = 15000, баланс валютасы = 670000:

- A) 0,66;
- B) 0,56;
- C) 0,76;
- D) 0,68;
- E) 0,21.

\$\$\$ 0082

Перманентті капиталдың айналым жылдамдығын анықтаңыз: сатудан алынған табыс =4540, таза табыс = 565, меншікті капитал =670, ағымдағы міндеттемелер =759, ұзақ мерзімді міндеттемелер = 1200, ағымдағы активтер =1012:

- A) 6,2;
- B) 2,0;
- C) 0,6;
- D) 2,4;
- E) 0,5.

\$\$\$ 0083

Тәуелділік коэффициентін анықтаңыз: меншікті айналым қаражаттары =162, ағымдағы активтер =482, баланс валютасы = 859, меншікті капитал =439:

- A) 0,62;
- B) 0,58;
- C) 0,42;
- D) 0,49;
- E) 0,59.

\$\$\$ 0084

Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициентін анықтаңыз: баланс валютасы = 859, негізгі құралдардың бастапқы құны =138, негізгі құралдардың қалдық құны = 78, тозу сомасы =70, сатудан алынған табыс =1530, таза табыс =59:

- A) 57%;
- B) 49,3%;
- C) 8,9%;
- D) 0,04%;
- E) 0,8%.

\$\$\$ 0085

Есепті жылдағы ағымдағы активтердің айналымдылығын анықтаңыз /мың тг. есебінде/: сатудан алынған табыс, өткен жыл 174000, есепті жыл 182000; таза табыс 15426; ағымдағы активтердің орташа мөлшері 24288:

- A) 0.64;
- B) 7,16;
- C) 7,59;
- D) 7,89;
- E) 7,49.

\$\$\$ 0086

Қолданыстағы капитал табыстылығын анықтаңыз: сатудан алынған табыс =560240, активтер =248 460, активтердің орташа мөлшері =152270, инвестициялар =468, инвестициялардың орташа мөлшері =245,5, таза табыс =14200:

- A) 15,4;
- B) 0,09;
- C) 10,7;
- D) 17,4;
- E) 3,6.

\$\$\$ 0087

Сатудан алынған табыс пен айнымалы шығындар арасындағы айырма:

- A) маржиналды табыс;
- B) негізгі қызмет табысы;
- C) жиынтық табыс;
- D) таза табыс;
- E) салық салынғаннан кейінгі табыс.

\$\$\$ 0088

Жиынтық табыстар мен жиынтық шығындарды салыстыру арқылы анықталады:

- A) маржиналды табыс;
- B) негізгі қызмет табысы;
- C) жиынтық табыс;
- D) таза табыс;
- E) салық салынғаннан кейінгі табыс.

\$\$\$ 0089

Жиынтық табыс пен кезең шығындары арасындағы айырма:

- A) маржиналды табыс;
- B) негізгі қызмет табысы;
- C) жиынтық табыс;
- D) таза табыс;
- E) салық салынғаннан кейінгі табыс.

\$\$\$ 0090

Сату көлемінің табыстылығы:

- A) таза табыс/сатудан алынған табыс;
- B) жиынтық табыс/ сатудан алынған табыс;
- C) таза табыс /жиынтық капитал;
- D) негізгі қызметтен алынған табыс/сатылған өнімнің толық өзіндік құны;
- E) таза табыс /айналым капиталы.

\$\$\$ 0091

Сатылған өнімдердің табыстылығы:

- A) таза табыс/сатудан алынған табыс;
- B) жиынтық табыс/ сатудан алынған табыс;
- C) таза табыс /жиынтық капитал;
- D) негізгі қызметтен алынған табыс/сатылған өнімнің толық өзіндік құны;
- E) таза табыс /айналым капиталы.

\$\$\$ 0092

Жиынтық капиталдың табыстылығы:

- A) таза табыс/сатудан алынған табыс;
- B) жиынтық табыс/ сатудан алынған табыс;
- C) таза табыс /жиынтық капитал;
- D) негізгі қызметтен алынған табыс/сатылған өнімнің толық өзіндік құны;
- E) таза табыс /айналым капиталы.

\$\$\$ 0093

Айналым капиталының табыстылығы:

- A) таза табыс/сатудан алынған табыс;
- B) жиынтық табыс/ сатудан алынған табыс;
- C) таза табыс /жиынтық капитал;
- D) негізгі қызметтен алынған табыс/сатылған өнімнің толық өзіндік құны;
- E) таза табыс /айналым капиталы.

\$\$\$ 0094

Негізгі қызметтің табыстылығы:

- A) таза табыс/сатудан алынған табыс;
- B) жиынтық табыс/ сатудан алынған табыс;
- C) таза табыс /жиынтық капитал;
- D) негізгі қызметтен алынған табыс/сатылған өнімнің толық өзіндік құны;
- E) таза табыс /айналым капиталы.

\$\$\$ 0095

Басқарудағы талдаудың мақсаты –

- A) ұйымның техникалық және экономикалық процестерін зерттеу;
- B) басшылыққа жоспарлау, бақылау және басқару шешімдерін қабылдауға қажетті ақпарат беру;
- C) ұйым қызметінің қаржылық нәтижелерін зерттеу;
- D) ұйымның әлеуметтік және экономикалық процестерінің өзара байланысын зерттеу;
- E) басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі көлемді қоғамдық құбылыстарды зерттеу.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
1. Экономикалық талдау пәні, міндеттері, объектісі және мазмұны	5
2. Экономикалық талдау әдісі мен әдістемесі.....	15
3. Кешенді экономикалық талдау жүйесі	31
4. Басқарушылық талдаудың негізі	36
5. Ұйымның маркетингтік қызметін талдау	44
6. Өнімді өндіру және өткізуді талдау	55
7. Өндірістік ресурстарды қолдануды талдау	63
8. Өнімнің өзіндік құнын талдау	69
9. Қаржылық талдаудың негізі	77
10. Ұйымның қаржылық жағдайын жалпы бағалау	81
11. Ұйымның өтімділігін және төлем қабілеттілігін талдау	90
12. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын талдау	96
13. Ақша ағымын талдау	100
Глоссарий	109
Әдебиеттер	113
Тест тапсырмалары	114

Оралбаева Жанар Закарияновна
Арыстамбаева Альмира Заурембековна

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

Редакторы *Гүлжан Рүстембекова*
Компьютерде беттеген *Айша Калиева*
Мұқабасын көркемдеген *Ринат Скаков*

ИБ № 7130

Басуға 05.05.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84.
Көлемі 8,9 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №262.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.